**Заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілер:** Мемлекет сыртқы экономикалық қызметті реттеу үшін түрлі заңдар, жарлықтар, қаулылар, ережелер мен стандарттарды қабылдайды. Бұл заңдар халықаралық сауда ережелерін, инвестицияларды қорғау, кеден рәсімдерін, салық салу саясатын және басқа да маңызды мәселелерді реттейді.

**Кеден бақылауы мен тарифтік реттеу:** Сыртқы экономикалық қызметке қатысты кедендік бақылау мен тарифтер мемлекет тарапынан жүзеге асырылады. Бұл жүйе импорт пен экспортты реттейтін маңызды құрал болып табылады. Мысалы, тарифтерді (кеден баждарын) көтеру немесе төмендету арқылы мемлекет тауарлардың айналымын реттейді.

**Экспорттық-импорттық бақылау мен квоталау:** Бұл мемлекеттік реттеудің маңызды нысаны болып табылады, онда мемлекет белгілі бір тауарлар мен қызметтердің экспорты мен импортына квота немесе тыйым салынуы мүмкін. Бұл экономиканың белгілі бір салаларын қорғау үшін қолданылады.

**Лицензиялау:** Кейбір тауарлар мен қызметтерге экспорт және импорт жасау үшін мемлекеттік лицензиялау қажет болуы мүмкін. Бұл тәсілдің мақсаты — сыртқы сауданың сапасын бақылау, қоршаған орта мен халықтың денсаулығына зиянды өнімдерді елге кіргізбеу.

**Халықаралық келісімдер мен ұйымдар арқылы реттеу:** Елдер арасында жасалған келісімдер мен мүшелік келісімдері сыртқы экономикалық қызметті реттеуде маңызды рөл атқарады. Мысалы, Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ) арқылы халықаралық сауда ережелері орнатылады.

**Кеден баждары:** Мемлекет экспорт пен импорт кезінде тауарларға салық салады. Кеден баждары мемлекет бюджетіне түсімдер әкеліп қана қоймай, сондай-ақ сыртқы нарыққа тауарлардың кірісін және шығысын реттеуге мүмкіндік береді.

**Субсидиялар:** Мемлекет кейбір өндірістер мен қызметтерді қолдау үшін субсидиялар ұсынуы мүмкін. Бұл әдіс әсіресе экспортты дамыту мақсатында қолданылады.

**Демпингке қарсы шаралар:** Егер елдер белгілі бір өнімдерді төмен бағамен сыртқа шығарса (демпинг), мемлекет өз нарығын қорғау үшін демпингке қарсы шаралар енгізуі мүмкін.


**Квоталау және сандық шектеулер:** Мемлекет сыртқы сауда ағындарын шектеу үшін белгілі бір тауарлар мен қызметтерге сандық шектеулер немесе квоталар енгізуі мүмкін. Бұл әдіс елдің ішкі нарығын қорғау және нарықтағы тұрақтылықты сақтау үшін пайдаланылады

Осыған орай Елбасымыздың бағдарламасы туралы айта өтсем Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ-ның Орталық Азия экономикаларына арналған арнайы бағдарламасына (СПЕКА) қатысушы мемлекеттер басшыларының бірінші саммитінде елдің экономикалық дамуы тұрғысынан импорт пен экспорт мәселелеріне назар аударды және талқыланды:

- **Импортты алмастыру.** Қазақстанға импорттық жеткізілімдерге тәуелділікті төмендетуге мүмкіндік беретін локализацияның жоғары үлесі бар өндіріс циклін құруды .
- **Экспортты ұлғайту.** Мысалы, Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның БҰҰ-ның Орталық Азия елдерінің экономикасын дамыту жөніндегі арнайы бағдарламасына (СПЕКА) қатысатын елдерге өз өнімдерінің экспортын 2,3 миллиард доллар сомасына 175 шикізаттық емес тауар позициясы бойынша ұлғайтуға дайындығын атап өтті.
- **Сауда ынтымақтастығын дамыту.** Қасым-Жомарт Тоқаев елдер арасындағы тауар айналымы "жасыл" дәліздерді құру және түрлі кедергілерді жою есебінен артады деп есептеді. Ол құрылыс және тамақ өнеркәсібі саласындағы сауда ынтымақтастығын күшейтуді көздеді.

**Қазақстан Республикасының 2023-2024 жылғы сыртқы сауда айналымын қарастырып өтсем.**

1.Сурет- Қазақстан Республикасының 2023-2024 жылғы сыртқы сауда айналымының динамикасы.



Суретте сыртқы сауда айналымы көрсетілген яғни экспорт және импорт пайыз көрсеткішімен. 2024 жылғы қаңтар-ақпанда сыртқы айналым Қазақстанда 20 400,5 млн АҚШ долларын құрады. 2023 жылғы қаңтар-ақпанмен салыстырғанда 2,9 % азайған.

2.Сурет- Қазақстаннан экспорт айналымы 12 229,1 АҚШ долларын құрады. Бұл суретте Қазақстаннан көп көлемде экспортталған олар:

Ескерту: Бұл сурет Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінен алынған.




1. Шикі мұнай және мұнай өнімдері.
2. Тазартылған мыс және өңделмеген мыс қорытпалары.
3. Кендер және мыс концентраттары.
4. Химиялық радиоактивті элементтер және изотоптар мен радиоактивті кендер.
5. Ферроқорытпалар осы экспорт тауарлары Қазақстаннан сыртқы басқа елдерге шығарылған.

3. Сурет-Қазақстанға импорт 8 171,4 млн АҚШ доллары бюджетке түскен.

Ескерту: Бұл сурет Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінен алынған.

Импорт тауарлар Қазақстанға көп мөлшерде кірген яғни айта кетсем ол жерде 1. Жеңіл автокөлік, Дәрілік заттар, Телефон аппараттары, Моторлы көлік құралдарына арналған шанақ, моторлы көлік құралдарының бөліктері және керек-жарақтар.



Ескерту: Сурет Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінен алынған.

Қазақстан Республикасының шығарылған экспорттағы негізгі әріптес елдері: Италия (21,3%), Қытай (18,5%), Ресей (10,3%), Франция (6,9%), Түркия (4,8%), Нидерланды (4,6%), болып табылады.

Қазақстан Республикасына кірген импорттағы негізгі әріптес елдері: Ресей (28%), Қытай (25,7%), Германия (5,3%), АҚШ (4,3%), Корея Республикасы (3,4%), Түркия (3,3%) болып табылады.

Қорытындылай келе сыртқы экономикалық қызмет бұл компания таңдаған экспорттық стратегияға, сыртқы нарықтардағы жұмыс нысаны мен әдістеріне сәйкес экспорттық өнімді құрудың (әзірлеудің), өндірудің және өткізудің бірыңғай технологиялық процесінің негізіне алынған жүйе құраушы факторлар кешені. Көлік кәсіпорындары мен логистика объектілерін дамыту Біртұтас көлік-логистикалық жүйе болып табылады. [2,156]

Кедендік бақылау және жүктерге терминалдық қызмет көрсету саласын дамытудың маңыздылығы жүк ағындары бағытының өзгеруіне, елімізде импорттық тауарларды тұтынудың жоғары болуына байланысты кеден саласында мемлекеттік бақылауды

арттыру үшін тауарды электрондық алдын ала декларациялау қолданылады, кеден органдарының қызметінде электрондық құжат айналымы орталықтары дамиды, кедендік кедергілер алынып тасталады.[3,46]

Қазақстанның тауар айналымын арттыру үшін бірқатар жүйелі шаралар қажет. Олардың ең тиімділерін көрсете өтсем:

Қазақстанның негізгі экспорттық тауарлары (мұнай, газ, металл, ауыл шаруашылығы өнімдері) шектеулі нарықтарға тәуелді. Экспортты арттыру үшін жаңа нарықтарға шығу қажет. Бұл үшін:

- Қазақстан өнімдерінің сапасын арттырып, халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру.

- Энергетикалық, өнеркәсіптік және аграрлық тауарларды басқа аймақтарға, әсіресе Азия мен Еуропа елдеріне жеткізу.

- «Бір белдеу – бір жол» жобасы аясында жаңа мүмкіндіктерді пайдалану.

Ал енді Қазақстандағы импортты дамыту үшін бірнеше стратегиялар қарастыруға болады:

1. Менің ойым Халықаралық нарықтармен байланыстарды нығайту яғни сауда келісімдерін жасау керек.

- Қазақстанның халықаралық сауда келісімдерін кеңейтуі қажет. Бұл екі жақты және көпжақты келісімдер, сондай-ақ Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ) мен Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы ынтымақтастық арқылы импорттық тауарлардың келуін жеңілдетеді.

- Қазақстан басқа елдермен тарифтерді төмендету, квоталар мен салықтық жеңілдіктер алу бойынша келіссөздер жүргізу керек. Бұл елге шетелдік тауарларды тиімдірек әкелуге мүмкіндік береді.

- Қазақстанның сыртқы саясаты мен экономикалық дипломатиясын пайдалану арқылы жаңа елдерден импорт тауарларын алу мүмкіндігін арттыру. Бұл әсіресе Қытай, Еуропа елдері және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері сияқты ірі нарықтармен тығыз байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Экспорт-импортты дамыту үшін жоғарыда аталған стратегиялар мен шараларды жүзеге асыру Қазақстанның сыртқы сауда көлемін арттыруға, экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз етуге және халықтың тауарлар мен қызметтерге қолжетімділігін жақсартуға мүмкіндік береді деп ойлаймын.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ковшар Е. А. Внешнеэкономическая деятельность: Учебное пособие. - Минск: РИВІ, 2012. – 404 с.

2. Покровская, В. В. Внешнеэкономическая деятельность : учебник для бакалавриата и магистратуры / В. В. Покровская. — 2-е изд., перераб. и доп. — М. : Издательство Юрайт ; ИД Юрайт, 2015. — 731 с. — Серия : Бакалавр и магистр.

3. Внешнеэкономическая деятельность : таможенный аспект: В 603 материалы IV Всерос. студ. науч.-практ. конф. (Новосибирск, 18-19 октября 2022 г.) / Сиб. гос. ун-т путей сообщения. - Новосибирск : Изд-во СГУПС, 2023. - 271 с.

4. Интернет ресурс: Сыртқы сауда айналымы <https://stat.gov.kz/industries/economy/foreign-market/publications/172045/>

5. Елбасының бағдарламасы экспорт пен импорт негізінде <https://www.akorda.kz/ru/prezident-prinyal-uchastie-v-sammite-specialnoy-programmy-oon-dlya-ekonomik-centralnoy-azii-speka-24105831>

### Авторлар туралы мәліметтер

\*Ерғалиев Әділ Есболович – Каспий Қоғамдық университетінің «Мемлекеттік қызмет және басқару» мамандығының 4-ші курс студенті, e-mail: yergaliev001@gmail.com

**\*\*Калышев Сайран Магауянович** - Каспий Қоғамдық университетінің «Экономика және менеджмент» кафедрасының оқытушысы, экономика ғылымдарының магистрі, e-mail: ss991@inbox.ru

**ӘОЖ: 334.02**

## **КӘСПОРЫНДАҒЫ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ БАҒЫТТАРЫ**

**Еримбетова А.Е.<sup>1</sup>, Бактиярова А.Ж.<sup>2</sup>**

<sup>1,2</sup> Каспий Қоғамдық Университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа.** Мақала серпінді өзгертін сыртқы ортада олардың тиімділігін, бәсекеге қабілеттілігін және тұрақтылығын арттыру мақсатында кәсіпорындардағы басқару жүйесін жетілдірудің ағымдағы бағыттарын талдауға арналған. Автор менеджмент жүйесінің негізгі элементтерін қарастырып, кәсіпорын қызметінің барлық аспектілерін жақсартуға бағытталған стратегиялық тәсілдерді ұсынады. Өндірістік және басқару процестерін үздіксіз жетілдіруге ықпал ететін инновациялық шешімдер мен әдістерді біріктіру мәселелері қарастырылады. Мақалада ұзақ мерзімді табысқа жету үшін енгізілген өзгерістердің тиімділігін үздіксіз бақылау және талдау жүйесін құрудың маңыздылығы атап өтілген.

**Кілт сөздер:** басқару процесі, бәсеке қабілеттілік, табыс, талдау жүйесі, инновациялық шешімдер, бақылау, тиімділік.

**Аннотация.** Статья посвящена анализу актуальных направлений совершенствования системы менеджмента на предприятиях с целью повышения их эффективности, конкурентоспособности и устойчивости в условиях динамично меняющейся внешней среды. Автор исследует ключевые элементы системы менеджмента и предлагает стратегические подходы, направленные на улучшение всех аспектов деятельности предприятия. Рассмотрены вопросы интеграции инновационных решений и методов, способствующих постоянному улучшению производственных и управленческих процессов. Статья подчеркивает важность создания системы постоянного мониторинга и анализа эффективности внедряемых изменений для достижения долгосрочного успеха.

**Ключевые слова:** процесс управления, конкурентоспособность, доход, система анализа, инновационные решения, контроль, эффективность.

**Summary.** The article is devoted to the analysis of current directions of improvement of the management system at enterprises in order to increase their efficiency, competitiveness and sustainability in the conditions of a dynamically changing external environment. The author examines the key elements of the management system and offers strategic approaches aimed at improving all aspects of the enterprise. The issues of integration of innovative solutions and methods that contribute to the continuous improvement of production and management processes are considered.

**Key words:** management process, competitiveness, income, analysis system, innovative solutions, control, efficiency.

Кәсіпорындар жұмыс істейтін заманауи ортаны болжау қиын және өте өзгермелі. Соңғы онжылдық Қазақстандағы экономикалық жағдайдың тұрақсыздығын, әртүрлі салалардағы және меншік нысандарындағы кәсіпорындардың қызметінде тәуекелдердің көптеген себептерінің болуын көрсетеді. Оның үстіне жаңа факторлардың пайда болуы (мысалы, жүздеген елдерде енгізілген карантиндік шектеулер кәсіпорындардың едәуір бөлігінің іскерлік белсенділігінің төмендеуіне әкелді) олардың қызметінің, соның ішінде басқарудың тиімділігіне әсер етеді. Сондықтан әрбір кәсіпорын өзінің басқару жүйесін зерттеп, жетілдіруі қажет, бұл өз кезегінде кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттырудың

негізі болып табылады. Қазіргі заманғы кәсіпорындар бәсекеге қабілетті, инвесторлар үшін тартымды, табысты және жаңа нарықтарды бағындыруға қабілетті болуға ұмтылады. Мұндай кәсіпорындар ең жаңа технологияларды пайдаланатын, тиімді басқару жүйесі және жоғары инновациялық әлеуеті бар кәсіпорындар бола алады.

Кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттыру үшін оған тәуелді факторларды үнемі бағалау және жетілдіру қажет. Осы факторлардың бірі менеджмент болып табылады, ол белгілі бір түрде кәсіпорын қызметінің экономикалық нәтижелерін де, сондай-ақ қызметкерлердің, мемлекеттік органдардың және ел тұрғындарының мүдделі нәтижелерін де анықтайды. Сондықтан басқарудың жай-күйін және оны жақсарту мүмкіндіктерін бағалаудың әртүрлі тәсілдері бұрыннан қолданылып келеді. Кәсіпорынның тиімді жұмыс істеуі үшін жақсы ұйымдық құрылымның болуы жеткіліксіз. Сондай-ақ кәсіпорынды басқару және жақсартуларды қолдау үшін сенімді негіз бола алатын жақсы ойластырылған басқару жүйесі қажет. Басқару жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін кәсіпорынның қызметіне әсер етуі мүмкін факторларды ескеру қажет.

Кәсіпорынның басқару жүйесін жетілдіру оның бәсекеге қабілеттілігін,

№	Бағыт	Сипаттама	Нәтиже
1	<b>Сапа менеджменті стандарттарын енгізу</b>	Халықаралық сапа стандарттарын енгізу (ISO 9001).	Өнімнің сапасын 15%-ға арттыру, клиенттердің қанағаттанушылығын жоғарылату
2	<b>Процестерді автоматтандыру</b>	Ақпараттық технологиялар мен ERP жүйелерін енгізу.	Процестердің тиімділігін 20%-ға арттыру, шығындарды 10%-ға азайту
3	<b>Адам ресурстарын дамыту</b>	Қызметкерлерді оқыту, мотивация жүйесін жетілдіру.	Өнімділікті 25%-ға арттыру, кадрлар айналымын 5%-ға төмендету
4	<b>Инновациялармен басқару</b>	Жаңа технологиялар мен өнімдер енгізу.	Бәсекеге қабілеттілікті 20%-ға арттыру, жаңа өнімдердің шығарылуын 10%-ға көбейту
5	<b>Тәуекелдерді басқару</b>	Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін енгізу.	Қаржылық тәуекелдерді 15%-ға азайту, дағдарысқа дайын болу

тұрақтылығын және ұзақ мерзімді дамуын қамтамасыз етудің ең маңызды міндеті болып табылады. Экономикалық ауытқулар, технологиялық инновациялар және өзгермелі тұтынушылар қажеттіліктері сияқты жылдам өзгертін сыртқы және ішкі факторлар жағдайында компаниялар өз қызметінің тиімділігін сақтау үшін басқару тәсілдерін бейімдеуге мәжбүр. Процестерді ұйымдастыру, әрекеттерді үйлестіру және мақсаттарға жету үшін негіз болып табылатын басқару жүйесі үнемі жаңартуды және оңтайландыруды талап етеді.

Менеджмент жүйесін жетілдірудің негізгі мақсаты – компанияның жалпы өнімділігін арттыру, өнім немесе қызмет көрсету сапасын жақсарту, тұтынушылардың қанағаттану деңгейін арттыру және соның нәтижесінде пайданы арттыру. Жақсарту процесі құрылатын ең маңызды аспектілер стратегиялық жоспарлау, тәуекелдерді басқару, ресурстарды тиімді пайдалану және инновациялық технологияларды енгізу болып табылады.

Кәсіпорында басқару жүйесін оңтайландырудың бірнеше негізгі бағыттары бар. Солардың бірі – процесті бақылау мен жақсартуға халықаралық деңгейде мойындалған



тәсілді қамтамасыз ететін ISO сияқты сапа менеджменті стандарттарын енгізу. Тағы бір маңызды бағыт – ақпараттық технологияларды енгізу және бизнес-процестерді автоматтандыру ашықтықты арттырады және шығындарды азайтады. Сонымен қатар, адами әлеуетті дамытуға, қызметкерлерді оқыту мен ынталандыруға, инновациялар мен жоғары нәтижелерге ықпал ететін корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет.

1-кесте– кәсіпорынның барлық салаларында оңтайландыру процесін іске асырудың негізгі жолдарын көрсететін бағыттар

Кәсіпорынды басқару жүйесі нақты көрсеткіштермен бағалануы мүмкін және олардың бүкіл жүйенің жалпы тиімділігіне әсерін анықтауға болатын өзара байланысты ішкі жүйелердің жиынтығынан тұрады. Бұл кәсіпорынды басқару жүйесін жан-жақты бағалауға және оны икемді және тиімді құруға мүмкіндік береді. Дегенмен, кәсіпорынды басқару жүйесінің құрылымы мен оның әрбір ішкі жүйесінің салмағы мыналарға байланысты өзгеретінін ескеру қажет:

- сыртқы және ішкі ортаның өзгеруі;
- стратегиялық мақсаттар;
- заманауи технологияларды пайдалану деңгейі, соның ішінде басқару қызметі;
- қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері;
- әрқашан кез келгенімен бірге жүретін әртүрлі тәуекелдер экономикалық белсенділік және басқа факторлар.

Кәсіпорынның менеджмент жүйесін жетілдіру — бұл тиімділік пен өнімділікті арттыру, сапаны жоғарылату және шығындарды азайту бағытындағы маңызды қадам. Осы мақсатта көптеген компаниялар өздерінің басқару жүйелерін үздіксіз жаңартып, жетілдіруге тырысады. Кестеде көрсетілген бағыттар кәсіпорынның барлық салаларында оңтайландыру процесін іске асырудың негізгі жолдарын көрсетеді [1] .

**1. Сапа менеджменті стандарттарын енгізу** – халықаралық сапа стандарттарын (мысалы, ISO 9001) енгізу арқылы кәсіпорындар өнімдерінің сапасын арттырып, тұтынушылардың сенімін нығайтады. Бұл өз кезегінде өнім сапасын 15%-ға арттыруға және клиенттердің қанағаттанушылығын жоғарылатуға мүмкіндік береді.

**2. Процестерді автоматтандыру** – қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар мен ERP жүйелерін енгізу бизнес процестерін автоматтандырып, ұйымның тиімділігін арттырады. Бұл шаралар нәтижесінде процестердің тиімділігі 20%-ға өсіп, шығындар 10%-ға төмендейді.

**3. Адам ресурстарын дамыту** – қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру, мотивация жүйелерін жетілдіру және кадрларды тұрақтандыру мақсатында жүргізілетін шаралар компанияның өнімділігін 25%-ға арттырып, кадрлар айналымын 5%-ға азайтуға көмектеседі.

**4. Инновациялармен басқару** – жаңа технологиялар мен өнімдерді енгізу арқылы компанияның бәсекеге қабілеттілігін арттырып, нарықта өзінің орнын нығайтады. Бұл өзгерістер жаңа өнімдердің шығарылуын 10%-ға көбейтіп, компанияның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін 20%-ға арттырады.

**5.Тәуекелдерді басқару** – кәсіпорындар тәуекелдерді басқару жүйелерін енгізу арқылы қаржылық және операциялық тәуекелдерді тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Нәтижесінде тәуекелдер 15%-ға азайып, дағдарыс жағдайларына дайын болу деңгейі жоғарылайды.

ISO 9001 стандартының жеті негізгі принципі бар. Бұл принциптерді әрбір ұйым өз қызметінде жүзеге асыруы тиіс:

1. Клиентке бағдарлану — тұтынушылардың қажеттіліктерін және үміттерін қанағаттандыру.

2. Жетекшілік — ұйым ішінде мақсаттарға жетуге бағытталған тиімді басшылықты қалыптастыру.

3. Қызметкерлердің қатысуы — барлық деңгейдегі қызметкерлердің сапаға деген жауапкершілігін арттыру.

4. Процесс тұрғысынан басқару — барлық процестерді тиімді басқару және олардың өзара байланысын қамтамасыз ету.

5. Үздіксіз жақсарту — процестер мен өнімдердің сапасын үнемі жақсарту.

6. Фактілерге негізделген шешім қабылдау — деректер мен ақпараттарды пайдалану арқылы қабылданатын шешімдер.

7. Жабдықтаушылармен өзара пайдалы қатынастар — жабдықтаушылармен тиімді және өзара пайдалы қатынастарды дамыту.

**ISO 9001** жүйесін енгізу кәсіпорынның көптеген процестерін оңтайландыруға көмектеседі. Бұл стандартты ұстанатын ұйымдар өздерінің сапаға бақылауын күшейтіп, өнімдер мен қызметтердің сапасын арттырып, қызметкерлердің жұмыс өнімділігін жоғарылата алады.

**Мысал 1:** Өндірістік кәсіпорын

Өндірістік кәсіпорындарда ISO 9001 енгізу өнімнің сапасын бақылауды жүйелендіруге мүмкіндік береді. Мысалы, автомобиль бөлшектерін шығаратын компания:

- Процесстерді стандартизациялау: Өндірістің әрбір кезеңі анықталды және стандартталды. Бұл өнімде ақауларды болдырмауға және өндірістік процестерде жіберілетін қателіктерді азайтуға көмектесті.

- Клиенттердің кері байланысы: Клиенттерден пікірлер жинау арқылы өнімнің сапасын жақсарту бойынша қажетті шаралар қабылданды.

- Жұмысшыларды оқыту: Өндірістегі қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру, бұл өз кезегінде сапаның артуына әкелді.

**Мысал 2:** Қызмет көрсету саласы

Қызмет көрсету саласында ISO 9001 стандарты қызметтің сапасын жақсартуға көмектеседі. Мысалы, техникалық қызмет көрсету компаниясы:

- Қызметкерлерді оқыту: Қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін барлық қызметкерлерді жүйелі түрде оқытты.

- Тұтынушылардың пікірін жинау: Қызмет көрсеткеннен кейін тұтынушылардан кері байланыс алу және бұл ақпаратты қызметті жақсарту үшін пайдалану.

- Процестерді бақылау: Қызмет көрсету процесінің әрбір кезеңі қадағаланатын болды, бұл клиенттерге көрсетілетін қызметтің сапасын арттырды.

**ISO 9001** сертификаты ұйымдарға артықшылықтары:

1. Тұтынушылардың сенімін арттыру: ISO 9001 сертификаты ұйымның өнімдері мен қызметтерінің жоғары сапасын растайды және клиенттердің сенімін арттырады.

2. Бәсекелестік артықшылық: ISO 9001 сертификаты ұйымға нарықта бәсекелестерінен ерекшеленуге мүмкіндік береді.

3. Шығындарды төмендету: Процестерді стандарттау мен оңтайландыру шығындарды азайтуға көмектеседі.

4. Тұрақты даму: ISO 9001 ұйымға үздіксіз жақсарту қағидаларын қолдануға мүмкіндік береді, бұл ұйымның ұзақ мерзімді тұрақтылығына әсер етеді.

**ISO 9001** сертификаты ұйымдарға көптеген артықшылықтар береді:

1. Клиенттердің сенімін арттыру: ISO 9001 сертификаты ұйымның өнімдері мен қызметтерінің жоғары сапасын растайды және клиенттердің сенімін арттырады.

2. Конкуренттік артықшылық: ISO 9001 сертификаты ұйымға нарықта бәсекелестерінен ерекшеленуге мүмкіндік береді.

3. Шығындарды төмендету: Процестерді стандарттау мен оңтайландыру шығындарды азайтуға көмектеседі.

**Инновациялармен басқару** — бұл кәсіпорында инновациялық үрдістерді басқару, жаңа технологияларды, әдістер мен тәсілдерді енгізу арқылы кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыруды мақсат тұтатын кешенді процесс.

Инновацияларды басқаруда әртүрлі стратегияларды қолдануға болады:

**Технологиялық көшбасшылық:** Бұл стратегия бойынша кәсіпорын жаңа технологияларды әзірлеп, оларды бірінші болып енгізеді. Бұл бәсекелестердің алдына шығып, нарықта көшбасшы болуға мүмкіндік береді.

**Адаптивті стратегия:** Кәсіпорын сыртқы ортаның өзгерістеріне жылдам бейімделіп, қолданыстағы технологиялар мен тәсілдерді жетілдіреді. Бұл стратегия нарықтағы өзгерістерге сәйкес өз өнімдерін немесе қызметтерін үнемі жаңартып отыруды талап етеді.

**Инклюзивті стратегия:** Бұл стратегия кәсіпорында инновацияларды барлық деңгейлерде енгізуді көздейді, яғни әр қызметкердің ұсыныстарын ескеру арқылы жалпы инновациялық мәдениет қалыптастыруға ұмтылады.

#### **Мысал-1:**

Apple компаниясы өзінің смартфонсы, iPhone арқылы өнімдік инновацияның тамаша мысалын көрсетті. Компания алғаш рет 2007 жылы сенсорлы экранды телефонды шығарып, мобильді телефондар нарығында революция жасады. iPhone-ның жаңа дизайн концепциясы, қолданушы интерфейсі мен операциялық жүйесі нарықта үлкен өзгерістер әкелді. Бұл өнімнің арқасында Apple смартфондар нарығында көшбасшыға айналды. [3]

Инновациялармен басқару — кәсіпорынның тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды құралы. Оны тиімді ұйымдастыру үшін дұрыс стратегияны таңдау, инновациялық процестерді дұрыс басқару және ұйым ішіндегі инновациялық мәдениетті дамыту қажет. Инновациялар мен басқару жүйесінің тиімділігі кәсіпорынның табысына үлкен әсер етеді, сондықтан да бұл саланы дамыту — стратегиялық маңызға ие.

Кәсіпорынның табысты жұмысы мен дамуы оның адам ресурстарын тиімді басқаруына тікелей байланысты. Адам ресурстарын басқару (АРБ) — бұл кәсіпорындағы қызметкерлердің әлеуетін барынша пайдалану, олардың дамуын қамтамасыз ету, еңбек өнімділігін арттыру және компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін барлық қажетті шараларды жүзеге асыру процесі. Адам ресурстарын басқару саласы бүгінгі таңда экономикалық өзгерістер мен бәсекелестік жағдайында аса маңызды орын алады.

#### **Адам ресурстарын басқарудағы маңызды аспектілер**

• Адам ресурстарын басқару процесі көптеген факторларға байланысты. Тиімді басқару үшін төмендегі аспектілерге көңіл бөлу қажет:

• Ұйымның мәдениеті мен құндылықтары: Кәсіпорынның ішкі мәдениеті қызметкерлердің мотивациясына және еңбек өнімділігіне әсер етеді. Біріккен құндылықтар мен ортақ мақсаттар кәсіпорынның табыстылығын арттыруға мүмкіндік береді.

• Қызметкерлердің дамуы: Білікті мамандарды қалыптастыру кәсіпорынның ұзақ мерзімді дамуына ықпал етеді. Қызметкерлерді оқыту мен қайта даярлау олардың біліктілігін арттырады, ал бұл өз кезегінде кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатады.

#### **Адам ресурстарын басқарудың стратегиясы**

Кәсіпорынның адам ресурстарын басқару стратегиясы оның ұзақ мерзімді даму мақсаттарына сәйкес келуі тиіс. Бұл стратегияға келесі бағыттар кіреді. Таланттарды тарту: Кәсіпорын өзіне жоғары білікті мамандарды тартуға ұмтылуы керек. Бұл үшін кәсіпорын беделі, жұмыс шарттары мен даму мүмкіндіктері маңызды.

• Қызметкерлерді ұстап қалу: Қызметкерлерді жұмысқа қызықтырып, олардың ұзақ уақыт бойы ұйымға адал болуын қамтамасыз ету.

• Ұйымдағы өзгерістерді басқару: Кәсіпорынның дамуында өзгерістер орын алғанда, адамдарға бұл өзгерістерге бейімделуге көмектесу қажет.

Адам ресурстарын басқару функциялары кәсіпорындағы қызметкерлерді басқару мен ұйымдастыруға бағытталған. Бұл функциялар еңбек қатынастарын, кадрларды іріктеу мен орналастыруды, кәсіби даму мен мотивацияны қамтиды. [4]

Кәсіпорында менеджмент жүйесін жетілдіру — бұл тек ұйымның ішкі тиімділігін арттыру үшін ғана емес, сондай-ақ оның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін нығайту үшін маңызды шара. Менеджмент жүйесінің тиімділігі ұйымның жалпы даму стратегиясына, мақсаттарына жетуге ықпал етеді, сондай-ақ қызметкерлердің жұмысына мотивация береді және корпоративтік мәдениетті қалыптастырады.

Қорыта айтқанда, кәсіпорынның менеджмент жүйесін жетілдіру — бұл ұзақ мерзімді және кешенді процесс. Оны жүзеге асыру үшін тек жоғарғы басқару деңгейінің емес, барлық деңгейдегі қызметкерлердің де қатысуы қажет. Менеджмент жүйесінің әрбір бағытын жетілдіру кәсіпорынның табысын арттыруға, ішкі процестерді тиімді жүргізуге және сыртқы нарықта бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді. Жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу, инновациялық технологияларды қолдану, қызметкерлерді дамыту, сапа мен қаржыны бақылау жүйесін жетілдіру — осының барлығы кәсіпорынды басқарудың тиімділігін арттыруға ықпал ететін маңызды факторлар болып табылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Стремиадин В.М. (2016). Интеграция процесінде қосалқы қабылдаудың кинематографиялық нәтижелеріне қол жеткізу процесінде басқарудың тиімділігін бағалау. Экономикалық инновациялар, 5-С. Мына мекенжайда қолжетімді: [http://nbuv.gov.ua/UJRN/inek\\_2016\\_5-6\\_19](http://nbuv.gov.ua/UJRN/inek_2016_5-6_19).
2. Тиллер, С.Р. (2012). Ұйымдастыру құрылымы және басқару жүйелері. Инженериядағы көшбасшылық және менеджмент, 12(1), 20–23. doi: [http://doi.org/10.1061/\(asce\)lm.1943-5630.0000160](http://doi.org/10.1061/(asce)lm.1943-5630.0000160)
3. Дракер П. (2012). Басқару. ХХІ ғасыр визалары. Манн, Иванов және Фербер. Қол жетімді: <https://www.libfox.ru/405163-11-piter-druker-menedzhment-vyzovy-xxi-veka.html#book>.
4. Назарчук Т.В., Косюк О.М. (2016). Ұйымдастырушылық басқару. Киев: «Оку әдебиеті орталығы», 560.
5. Дрля, М. (2015). Басқару жүйесін қайта құрылымдау және жоғары басшылықтың рөлі. Болашақ әлем үшін сапа, Халықаралық сапа академиясы. Будапешт.

### **Авторлар туралы мәліметтер**

\*Еримбетова Аружан Ержанқызы - Каспий Қоғамдық Университетінің 4 курс студенті, e-mail: erimbetovaaruzhan@mail.ru

\*\*Бактиярова Альфия Жалеловна- э.ғ.м,аға оқытушы,Каспий Қоғамдық Университеті,e-mail:alasha\_80@mail.ru

**ӘОЖ 338.001**

## **КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ**

**Жалибекова А.Қ.<sup>1</sup>**

Ғылыми жетекшісі – э.ғ.д. **Мархаева Б.А.<sup>2</sup>**

<sup>1,2</sup> Каспий Қоғамдық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа.** Мақала кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдауға арналып, оның тиімділігі мен тұрақтылығын бағалаудағы маңызды құрал ретінде қарастырылған. Қаржылық талдаудың негізгі әдістері, соның ішінде коэффициенттік, тігінен және көлденең талдау зерттелген. Өтімділік, қаржылық тұрақтылық, рентабельділік және ресурстарды тиімді

пайдалану көрсеткіштеріне ерекше назар аударылған. Тұрақты түрде жүргізілетін қаржылық талдау кәсіпорынға экономикалық ортадағы өзгерістерге жылдам жауап беруге және нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** қаржылық жағдай, қаржылық талдау, талдау әдістемесі, қаржылық есептілік, өтімділік, рентабельділік, қаржылық тұрақтылық

## **АНАЛИЗ ФИНАНСОВОГО СОСТОЯНИЯ ПРЕДПРИЯТИЯ**

**Жалибекова А.К.**<sup>1</sup>

Научный руководитель – д.э.н. **Мархаева Б.А.**<sup>2</sup>

<sup>12</sup> Каспийский Общественный Университет, г. Алматы, Республика Казахстан

**Аннотация:** Статья посвящена анализу финансового состояния предприятия как ключевому инструменту для оценки его эффективности и устойчивости. Рассмотрены основные методы финансового анализа, включая коэффициентный, вертикальный и горизонтальный анализ. Особое внимание уделено показателям ликвидности, финансовой устойчивости, рентабельности и эффективности использования ресурсов. Выявлено, что регулярный финансовый анализ позволяет компании оперативно реагировать на изменения в экономической среде и повышать свою конкурентоспособность на рынке.

**Ключевые слова:** финансовое состояние, финансовый анализ, методология анализа, финансовая отчетность, ликвидность, рентабельность, финансовая устойчивость

## ANALYSIS OF THE ENTERPRISE'S FINANCIAL CONDITION

Zhalibekova A.K. <sup>1</sup>

Scientific supervisor - Markhayeva B.A. <sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Caspian Public University, Almaty, Republic of Kazakhstan

**Summary.** The article is dedicated to the analysis of the financial condition of the enterprise, which is considered an essential tool for assessing its efficiency and stability. The main methods of financial analysis, including ratio analysis, vertical, and horizontal analysis, are discussed. Special attention is given to indicators of liquidity, financial stability, profitability, and effective resource utilization. Regular financial analysis allows the enterprise to quickly respond to changes in the economic environment and enhances its competitiveness in the market.

**Keywords:** financial condition, financial analysis, analysis methodology, financial statements, liquidity, profitability, financial stability

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау – бұл оның қаржылық көрсеткіштері мен қызметінің нәтижелерін бағалау процесі деп түсіндіріледі, сондай-ақ ол субъектінің тұрақтылығы, өтімділігі, рентабельділігі және қаржылық тәуекелдерін анықтау мақсатында жүргізіледі. Бұл талдау бизнестің күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, оның өздігінен қаржыландырылу қабілетін, сондай-ақ қаржылық міндеттемелерді орындау және болашақта даму мүмкіндігін бағалауға көмектеседі.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау қаржылық кемшіліктерін ашуға мүмкіндік береді және мемлекеттің қаржылық-экономикалық ахуалын тұрақтандыру мәселелеріне жауап беруге көмектеседі. Кәсіпорынның экономикалық жағдайы қоғамдағы оның рөліне байланысты, яғни ол өзінен әлдеқайда ірі экономикалық жүйелерге (көбіне өзі орналасқан саладағы басқа ұйымдарға) - тапсырыс берушілерге, қаланың, аймақтың, саланың, мемлекеттің экономикасына қаншалықты маңызды.

Қаржылық жағдай тұрақты, тұрақсыз және дағдарыстық болуы мүмкін. Осыған байланысты қаржылық талдау өте маңызды. Себебі қаржылық қатынастар мен, сәйкесінше, кәсіпорындардың қаржылық жағдайында экономика субъектілері арасындағы барлық өзара қатынастардың ерекшеліктері көрінеді.

Қаржылық талдау - бұл кәсіпорындардың қаржылық жағдайы мен компаниялардың акцияларының құнын объективті бағалауға мүмкіндік беретін негізгі көрсеткіштер, параметрлер, коэффициенттер мен мультипликаторларды зерттеу, сондай-ақ ақшалай қаражаттарды орналастыру шешімдерін қабылдау мақсатында жүргізіледі. Қаржылық талдаудың мақсаты - кәсіпорынның қаржылық жағдайын сипаттау болып табылады [1].

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың мақсаттарына мыналар жатады:

- өтімділігі мен төлем қабілеттілігін бағалау;
- қаржылық тұрақтылығы мен рентабельділігін анықтау;
- активтер мен міндеттемелерді басқарудағы мәселелерді анықтау;
- қаржылық жағдайды жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- болашақ қаржылық нәтижелерді болжау.

Қаржылық жағдайды талдаудың негізгі міндеттері мыналарды қамтиды:

- кәсіпорынның активтерін сипаттау;
- меншікті айналым қаражаты мен қаржылық тұрақтылығын бағалау;
- кәсіпорынның айналым қаражатын тиімді пайдалануын және оның іскерлік белсенділігін бағалау;
- есеп айырысулар жағдайын және есептік қаржылық тәртіпті сақтауын талдау;
- кәсіпорынның төлем қабілеттілігін бағалау;
- баланс құрылымының банкроттық тәуекелінің белгіленген критерийлеріне сәйкестігін бағалау;
- кәсіпорынның қаржылық жағдайын жалпы бағалау және оны нығайту шараларын әзірлеу;

- ақша қаражаттарының қозғалысын талдау [2].

Қаржылық талдаудың ақпараттық базасы бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік деректері болып табылады, оларды зерттеу кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалауға, оның активтері мен пассивтеріндегі өзгерістерді анықтауға, табыстар мен шығыстардың болуын тексеруге, даму перспективаларын анықтауға мүмкіндік береді.

Қаржылық есептілік деп кәсіпорынның өткен кезеңдегі қаржылық-шаруашылық қызметін кешенді түрде сипаттайтын барлық көрсеткіштер жүйесін айтамыз. Қаржылық есептілік - бұл есепке алудың алуан түрлерінің негізінде құрылған сандық сипаттамалар және жазба түсініктемелерінің жүйесін қамтитын анықтаушы құжаттар да болып табылады. Есепке алу мен есеп берудің арасында байланыс тек есепте алынатын нәтижелі мәліметтер синтезделген көрсеткіштер түрінде сәйкес есеп беру нысандарына енген жағдайда ғана орнатылады. Есеп беру процесін жасау есеп жұмысының соңғы сатысы болып табылады.

Қаржылық есептіліктің мақсаты өз пайдаланушыларына қаржылық жағдайы туралы, ұйымның қызмет нәтижелері және қаржылық жағдайының өзгерістері туралы ақпараттарды беру болып табылады. Қаржылық есептілік пайдаланушыларының қатарына потенциалдын инвесторлар, кредиторлар, жабдықтаушылар, сатып алушылар, еңбеккерлер, сондай-ақ мемлекеттік органдар, т. б. кіреді.

Қаржылық талдаудың түрлері 1-ші кестеде көрсетілген.

Кесте -1 Талдау түрлері [1,2]

Түрлері	Мазмұны
Пайдаланушылар бойынша	- Ішкі қаржылық талдау: қаржылық талдауды кәсіпорын қызметкерлері жүргізеді - Сыртқы қаржылық талдау: қаржылық талдауды кәсіпорында жұмыс істемейтін тұлғалар жүргізеді
Талдау бағыты бойыншы	- Ретроспективті талдау: өткен қаржылық ақпаратты талдау - Перспективалық талдау: қаржылық жоспарлар мен болжамдарды талдау
Тәптіштеу бойынша	- Экспресс-талдау: талдау негізгі қаржылық көрсеткіштер бойынша жүргізіледі - Тәптіштелген қаржылық талдау: барлық көрсеткіштер бойынша жүргізіледі және кәсіпорынның толық сипаттамасын береді
Өткізу сипаты бойынша	- Қаржылық есептілікті талдау: бухгалтерлік есептілік деректері бойынша талдау - Арнайы талдау; арнайы тапсырма бойынша талдау

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау әдістері 2-кестеде берілген.

Кесте-2 Талдау әдістері [1,2,3]

Әдіс	Қандай әдістерді қамтиды?	Неліктен қолданылады?
Сапалық талдау	Тігінен және көлденең талдау Баланс өтімділігін талдау Графикалық талдау	Сапалық талдау әдістері бухгалтерлік есеп баптарының құрылымы мен динамикасын зерттейді. Активтер мен міндеттемелердің баптары салыстырылады, баланс өтімділігі туралы қорытынды жасалады, баптардың

		мәндеріндегі өзгерістердің үрдістері талданады
Коэффициенттік талдау	Өтімділікті талдау Қаржылық тұрақтылықты талдау Рентабельділікті талдау Іскерлік белсенділікті талдау	Коэффициенттік талдау сапалық талдау әдістеріндегі сияқты бухгалтерлік есеп баптарын емес, осы есептіліктен алынған коэффициенттерді зерттейді
Интегралды талдау	Көпфакторлы регрессиялық модельдер арқылы тәуекел мен банкроттық диагностикасы Банктік рейтингтер Салалық рейтингтеу	Интегралды талдау кәсіпорынның тәуекелі мен банкроттық деңгейін анықтайтын көпфакторлы регрессиялық модельдерді құруға негізделеді

Қаржылық коэффициенттердің келесі топтары көбінесе маңызды деп саналады:

- өтімділік коэффициенттері;
- іскерлік белсенділік коэффициенттері;
- рентабельділік коэффициенттері;
- капитал тұрақтылығы немесе құрылымы коэффициенттері;
- нарықтық белсенділік коэффициенттері.

Барлық әдістерді бір уақытта қолдану компанияның қаржылық жағдайын, оның іскерлік серіктес ретіндегі сенімділігін және даму перспективаларын дәлірек бағалауға мүмкіндік береді.

Қаржылық тұрақтылық - кәсіпорынның өз міндеттемелерін уақытында орындауға, нарықтық жағдайлардағы өзгерістерге бейімделуге, әрі ұзақ мерзімді перспективада табысты жұмыс істеуге қабілеттілігі. Қаржылық тұрақтылықтың негізгі индикаторларының бірі - кәсіпорынның капиталының құрылымы. Егер кәсіпорынның меншікті капиталының үлесі жоғары болса, бұл оның қаржылық тұрақтылығының көрсеткіші болып табылады, себебі мұндай кәсіпорын сыртқы қарыздарға аз тәуелді болады. Қарыздың шамадан тыс болуы қаржылық тұрақтылыққа қауіп төндіреді. Қаржылық тұрақтылықты сақтай отырып, кәсіпорын қарыздарын басқару керек, яғни қарызды тиімді пайдалану мен оны уақытында өтеу маңызды. Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі, яғни оның ағымдағы міндеттемелерін орындау қабілеті, оның қаржылық тұрақтылығын анықтайды. Қаржылық тұрақтылықты талдау барысында қаржылық есептіліктің негізгі элементтерін, сондай-ақ кәсіпорынның активтері мен міндеттемелері, оның қаржылық саясатымен қатар ағымдағы және болашақтағы қаржылық ахуалы зерттеледі [1,4].

Қаржылық талдау алгоритмі келесі кезеңдерді қамтиды:

- қажетті ақпаратты жинау (көлемі тапсырмалардың және қаржылық талдаудың түріне байланысты);
- ақпараттың сенімділігін бағалау (әдетте тәуелсіз аудит нәтижелерін пайдалану арқылы);
- ақпаратты өңдеу (аналитикалық кестелер мен агрегатталған есептілік нысандарын құру) [5].

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау оны кешенді бағалаумен аяқталады. Кешенді бағалаудан кейін қаржылық жағдайды жақсарту бойынша шаралар әзірленеді, бұл ретте кәсіпорынның қаржылық стратегиясын жақын және алыс болашаққа әзірлеуге ерекше назар аударылады.

Сонымен, кәсіпорынның қаржылық жағдайы - бұл капиталдың айналым процесіндегі қазіргі күйін көрсететін категория. Бұл кәсіпорынның өздігінен даму және өздігінен қаржыландыру қабілетін сипаттайды. Қаржылық жағдай - кәсіпорынның



экономикалық қызметінің тиімділігін көрсететін ең маңызды сипаттама, сондықтан оның қаржылық жағдайын дұрыс бағалау және оның маңыздылығын түсіну өте мәнді болып табылады. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау басшылыққа қаржылық стратегияны жақсарту және ресурстарды тиімді басқару жөнінде негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Қорытынды кезеңде кәсіпорынның қаржылық жағдайына кешенді баға беріледі, соның негізінде қаржылық көрсеткіштерді жақсарту, капитал құрылымын оңтайландыру және ресурстарды тиімді басқаруды арттыру бойынша ұсыныстар әзірленеді. Қаржылық талдау басшылыққа кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру және қаржылық нәтижелерін жақсарту үшін негізделген шешімдер қабылдауға көмектеседі.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Джаншанло Р.Е. және т.б. Қаржылық талдау : Оқу құралы. / Р.Е. Джаншанло, М. Байдаулетов, Э.А. Актурева. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 288 б. - ISBN 978-601-04-2803-4.<http://rmebrk.kz/book/1174371/>
2. Жумабекова Г.Ж. Қаржылық талдау : Оқу құралы. . - Астана: Қаржы академиясы, 2016. - 173 б. - ISBN 978-601-80628-3-4.<http://rmebrk.kz/book/1175778/>
3. Қожабеков С.С. Қаржылық талдау негіздері [Текст] : оқу құралы / С.С. Қожабеков, С.А. Тлеубаева, 2022. - 264 б.
4. Базарова Б.Т. Қаржылық есеп беру және талдау [Текст] : оқу құралы / Б.Т. Базарова, А.К. Джакупова, 2022. - 138 б.
5. Financial Statement Analysis Notes: Meaning, Importance, Methods, & Types for Accountancy! <https://testbook.com/>

#### **Сведения об авторах**

\*Жалибекова Айдана Қанатқызы, студентка, Каспийский Общественный Университет, e-mail: [aydana100505@gmail.com](mailto:aydana100505@gmail.com)

\*\*Мархаева Баянслу Ахилбековна, д.э.н., профессор Каспийского общественного университета, e-mail: [markhaeva@mail.ru](mailto:markhaeva@mail.ru), +77028299440

#### **Авторлар туралы мәліметтер**

\* Жалибекова Айдана Қанатқызы, студент, Каспий Қоғамдық университеті, e-mail: [aydana100505@gmail.com](mailto:aydana100505@gmail.com)

\*\*Мархаева Баянслу Ахилбековна, э.ғ.д., Каспий қоғамдық университетінің профессоры, e-mail: [markhaeva@mail.ru](mailto:markhaeva@mail.ru), +77028299440

#### **Information about the authors**

\*Zhalibekova Aydana Kanatkyzy, student, Caspian Public University, e-mail: [aydana100505@gmail.com](mailto:aydana100505@gmail.com)

\*\*Markhaeyva Bayanslu, doctor of economic sciences, professor of Caspian University, e-mail: [markhaeva@mail.ru](mailto:markhaeva@mail.ru), +77028299440

**УДК 338.012**

## **КРИПТОВАЛЮТА КАК ЗАЩИТА ОТ ИНФЛЯЦИИ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ**

**Жанкулакова А.Д. <sup>1</sup>, Садиева Л.В. <sup>2</sup>**

Научный руководитель КОУ: м.э.н. сеньор лектор Большекбаева К.О.

<sup>1,2</sup> Каспийский Общественный Университет, г. Алматы, Республика Казахстан

**Аннотация.** Статья посвящена исследованию потенциала криптовалют как инструмента защиты от инфляции в условиях глобализации. Рассматриваются их ключевые свойства, такие как ограниченная эмиссия и децентрализация, которые обеспечивают сохранение стоимости. Анализируется влияние глобализации на распространение и использование криптовалют, их преимущества и ограничения. Особое внимание уделяется кейсам применения криптовалют в странах с высокой инфляцией, а также перспективам их интеграции в национальные и международные экономические системы.

**Ключевые слова:** криптовалюта, инфляция, глобализация, макроэкономика, децентрализация, финансовая защита, цифровое золото.

## КРИПТОВАЛЮТА ЖАҢДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ИНФЛЯЦИЯДАН ҚОРҒАНЫС РЕТІНДЕ

Жанкулакова А.Д.<sup>1</sup>, Садиева Л.В.<sup>2</sup>

Ғылыми жетекші ҚОУ: э.ғ.к. Большекбаева К.О.

<sup>1,2</sup> Каспий Қоғамдық Университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

**Аннотация.** Мақала жаһандану жағдайында криптовалюталардың инфляциядан қорғану құралы ретіндегі әлеуетін зерттеуге арналған. Олардың құнды сақтауын қамтамасыз ететін шектеулі эмиссия және орталықсыздандыру сияқты негізгі қасиеттері қарастырылады. Криптовалюталардың таралуы мен қолданылуына жаһанданудың әсері, олардың артықшылықтары мен шектеулері талданады. Ерекше назар жоғары инфляция деңгейі бар елдердегі криптовалюталарды қолдану жағдайларына, сондай-ақ оларды ұлттық және халықаралық экономикалық жүйелерге біріктіру перспективаларына бөлінеді.

**Түйінді сөздер:** криптовалюта, инфляция, жаһандану, макроэкономика, орталықсыздандыру, қаржылық қорғаныс, цифрлық алтын.

## CRYPTOCURRENCY AS INFLATION PROTECTION IN THE CONTEXT OF GLOBALIZATION

Zhankulakova A.D.<sup>1</sup>, Sadiyeva L.V.<sup>2</sup>

Scientific Advisor: PhD in Economics, Senior Lecturer Bolshekbayeva K.O.

<sup>1,2</sup> Caspian Public University, Almaty, Republic of Kazakhstan

**Abstract.** The article explores the potential of cryptocurrencies as a tool for inflation protection in the context of globalization. Their key properties, such as limited issuance and decentralization, which ensure value preservation, are examined. The impact of globalization on the adoption and use of cryptocurrencies, along with their advantages and limitations, is analyzed. Particular attention is paid to case studies of cryptocurrency applications in countries with high inflation and the prospects of integrating them into national and international economic systems.

**Keywords:** cryptocurrency, inflation, globalization, macroeconomics, decentralization, financial protection, digital gold.

Инфляция - это увеличение общего уровня цен на товары и услуги в экономике в течение определенного периода времени, что приводит к уменьшению покупательной способности денег. Это означает, что за те же самые деньги покупатель может приобрести меньше товаров и услуг из-за роста цен. Инфляция может возникать по разным причинам, таким как рост затрат на производство, увеличение спроса на товары, или денежная политика Национального Банка. Умеренная инфляция обычно считается нормой в развитых экономиках и может способствовать стимулированию экономической активности, но высокая инфляция может иметь негативные последствия для экономики. Высокая, нестабильная и непредсказуемая инфляция представляет собой серьезную

опасность для экономики любой страны. Борьба с инфляцией всегда стоит на первом месте в списке задач для экономических властей. Глобализация — это процесс интеграции национальных экономик в мировую систему через торговлю, инвестиции и финансовые рынки. Она способствует повышению эффективности производства, доступу к технологиям и усилению конкуренции, но также усиливает неравенство, экономическую уязвимость и зависимость стран от внешних факторов. В условиях глобализации экономическая взаимосвязанность повышает риски, такие как инфляция, которая становится глобальной проблемой и требует совместных усилий для решения. Одним из таких новых решений, которые могут помочь в условиях глобальной экономической нестабильности, являются криптовалюты (таблица 1).

Таблица 1. Классификация виртуальных валют.

	<b>Централизованные</b>	<b>Децентрализованные</b>
<b>Конвертируемые</b>	Администратор, провайдеры услуг по обмену; пользователи; Реестр хранится у эмитента; возможность обмена на фиатную валюту Пример: WebMoney (Вебмани)	Провайдеры услуг по обмену; пользователи (отсутствует администратор); реестр операций хранится распределённо; возможность обмена на фиатную валюту Пример: (Bitcoin) Биткоин
<b>Неконвертируемые</b>	Администратор, провайдеры услуг по обмену; реестр хранится у эмитента; отсутствует возможность обмена на фиатную валюту Пример: World of Warcraft Gold (золото в игре «World of Warcraft»)	Не существует


Примечание: таблица составлена на основе источника [4, с. 15].

Эти децентрализованные виртуальные валюты, основанные на блокчейн-технологии и криптографических алгоритмах, не зависят от центральных властей и финансовых учреждений. Благодаря своей распределённой архитектуре, криптовалюты обеспечивают прозрачность, независимость и возможность совершать транзакции напрямую между пользователями, без посредников. Это не только снижает издержки, но и повышает скорость операций. Примеры таких криптовалют включают Bitcoin (Биткоин), Litecoin (Лайткоин) и Ripple (Риппл). Биткоин (Bitcoin) — это первая и наиболее известная криптовалюта, основанная на технологии блокчейн, которая была предложена анонимным разработчиком под псевдонимом Сатоши Накамото в 2008 году. Биткоин является децентрализованным цифровым активом, не зависящим от центральных банков и государственных органов. Его особенностью является ограниченная эмиссия — всего 21 миллион монет, что делает его привлекательным инструментом для защиты от инфляции. Биткоин стал основой для развития всего криптовалютного рынка и используется как средство сбережения и обмена, а также для международных платежей. В условиях глобализации и экономической нестабильности, криптовалюты могут служить инструментом защиты от инфляции и укрепления финансовой независимости.

В 2023–2024 годах инфляция в США и западных странах остаётся повышенной, отражая долговременные последствия пандемии, энергетических кризисов и изменений в глобальных цепочках поставок. По данным на 2023 год, инфляция в США достигала примерно 4%, снижаясь с более высоких уровней 2022 года, когда она превышала 9,1% — максимальный показатель с 1981 года. Базовая инфляция в 2023 году остаётся высокой,

что связано с ростом цен на услуги и товары, исключая энергоносители и продукты питания

Прогнозы Международного валютного фонда на 2024 год указывают, что инфляция в развитых странах может стабилизироваться около 3–4%, в то время как в развивающихся государствах она будет выше, достигнув 7–8%. В Казахстане по прогнозу Национального Банка Казахстана ожидается замедление инфляции с 7,5-9,5% в 2024 году до 5,5-7,5% в 2025 году. При этом факторы, такие как рост зарплат, высокая стоимость сырья и геополитическая нестабильность, продолжают оказывать давление на экономики (график 1).



**График 1.** Прогноз инфляции 2023-2025 гг.

Примечание: график составлен авторами на основе источника [1, с. 15].

На этом фоне криптовалюты, такие как биткойн, рассматриваются как потенциальный инструмент для защиты капитала. Благодаря ограниченной эмиссии и дефляционным свойствам они предлагают альтернативу традиционным активам, подверженным инфляционным рискам, хотя их высокая волатильность остаётся значительным ограничением для массового использования.

Ограниченная эмиссия криптовалют является одной из их ключевых особенностей, отличающих их от традиционных фиатных валют, и делает их привлекательными в качестве средства защиты от инфляции. Например, биткойн имеет максимальное предложение в 21 миллион монет, что предотвращает инфляционное обесценение, часто сопровождающее увеличение денежной массы в экономике, как это происходит с фиатными валютами, когда центральные банки увеличивают объем денег в обращении. Это ограничение предложения криптовалюты помогает поддерживать её стоимость, так как её количество не зависит от решений правительства или центральных банков, что снижает инфляционные риски.

В отличие от традиционных валют, инфляция которых возникает из-за роста денежной массы, криптовалюты с фиксированным предложением предлагают защиту от инфляции, так как их количество ограничено. Поэтому они могут служить надежным способом сохранения капитала в периоды экономической нестабильности и высокой инфляции, особенно в странах с неустойчивыми национальными валютами.

Реализация данных рекомендаций позволит Казахстану укрепить свои экономические позиции, повысить конкурентоспособность и заложить основу для долгосрочного устойчивого роста.

Экономика Казахстана обладает уникальными особенностями, которые влияют на ее развитие и перспективы. Среди ключевых факторов, способствующих экономическому росту страны, можно выделить развитие нефтегазовой отрасли, диверсификацию экономики, создание благоприятного инвестиционного климата и развитие инновационных технологий.

Казахстан нацелен на укрепление позиций среди ведущих экономических держав региона и активно работает над улучшением своих экономических показателей. Страна имеет

значительный потенциал для развития различных секторов и привлечения иностранных инвестиций, что открывает перспективы для стабильного экономического роста и процветания в будущем.

#### Список использованной литературы

1. <https://kokshetau.asia/newskz/ekonomnews/osobennosti-ekonomiki-kazahstana-vzglyad-v-budushhee/> (Электронный ресурс)
2. Национальный банк Республики Казахстан. (2023). Экономический обзор Казахстана: текущие тенденции и прогнозы. Получено с сайта: <https://www.nationalbank.kz>

#### Сведения об авторе

1. Зайнелканов Зулкарнай Дауренович студент, Каспийского Общественного Университета, Казахстан, Алматы, e-mail: [fasup9@gmail.com](mailto:fasup9@gmail.com)

УДК 504.06

### ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Ибраева А.С.<sup>1</sup>, Отарбаева А.Б.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Каспий қоғамдық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа.** Ұсынылған мақала Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздік мәселелері мен жағдайларын зерттеуге арналған. Осы тұста мемлекеттік басқару, сонымен қатар мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың атқаратын функциялары талданды. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатындағы ұлттық саясаттың негізгі бағдары, перспективалары мен сын-қатерлері айқындалды. Экологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қызмет және шетелдік тәжірибеге көз жүгірту арқылы аталмыш саланы реттеуді жетілдірудің мүмкін жолдары ұсынылды.

**Түйін сөздер:** экология, экологиялық қауіпсіздік, мемлекеттік қызмет, ұлттық қауіпсіздік, экологиялық мәселелер.

### АКТУАЛЬНОСТЬ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ В СОВРЕМЕННОЙ РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Ибраева А.С.<sup>1</sup>, Отарбаева А.Б.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Каспийский Общественный Университет, г. Алматы, Республика Казахстан

**Аннотация.** Представленная статья посвящена изучению вопросов и условий экологической безопасности Республики Казахстан. Рассматривая данный вопрос как часть национальной безопасности, особое внимание было уделено его влиянию на здоровье и потенциал населения РК. Определены основные ориентиры, перспективы и вызовы национальной политики в целях обеспечения экологической безопасности. Были предложены возможные пути совершенствования регулирования данной отрасли путем изучения государственной службы в области экологической безопасности и зарубежного опыта.

**Ключевые слова:** экология, экологическая безопасность, государственная служба, национальная безопасность, экологические проблемы.

## THE RELEVANCE OF ENVIRONMENTAL SECURITY IN THE MODERN REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Ibrayeva A.S.<sup>1</sup>, Otarbayeva A.B.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Caspian Public University, Almaty, Republic of Kazakhstan

**Summary.** The presented article is devoted to the study of issues and conditions of environmental security of the Republic of Kazakhstan. Considering this issue as a part of national security, special attention was paid to its impact on the health and potential of the population of the RK. Here the state management as well as functions performed by state bodies and officials are analysed. The main benchmarks, perspectives and challenges of the national policy to ensure environmental security have been identified. Possible ways to improve the regulation of this sector by studying the public service in the field of environmental security and foreign experience were proposed.

**Keywords:** ecology, environmental security, public service, national security, environmental problems.

Еліміздегі экологиялық қауіпсіздік мәселесі – адамзат өркениетінде күн тәртібінде тұрған ең өзекті мәселелердің бірі. Бұл мәселе ХХ ғасыр соңында ғылыми-техникалық прогресс өршіген тұста өз бастауын алған болатын, яғни, адамдардың антропогендік және техногендік ықпалдарының нәтижесінде экологиялық мәселелер пайда болды дей аламыз. Мемлекеттік басқарудың аталмыш саласын реттеуі қоршаған ортамызды қорғау барысындағы мемлекеттік саясатты дұрыс жүргізумен пара-пар десек те болады.

Экологиялық қауіпсіздікке кепілдік беретін бірден-бір заңи құжат – Қазақстан Республикасының Конституциясы. ҚР Конституциясының *31-бабына* сәйкес «Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды» деп көрсетілген. Бұл дегеніміз, мемлекет және оның аталмыш саладағы ведомстволық органдары экологиялық қауіпсіздіктің орнығуына тікелей жауапты. Бірақ, өзіміздің қоршаған ортамыздың таза, дұрыс сақталуын тек мемлекетке ғана артып қоюымыз дұрыс емес, себебі ҚР Конституциясының *38-бабына* сәйкес «Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті» [1]. Сондықтан, бұл күллі адамзат баласының конституциялық міндеті деп танымыз.

Жалпы экологиялық қауіпсіздік не үшін қажет? Оның негізгі мәні – қоршаған ортаның тепе-теңдігін бұзбай, экологиялық тазалықты сақтап, адамдардың қажеттіліктерін қамтамасыз ете отырып мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру болып табылады. Қазақстан Республикасындағы экологиялық қауіпсіздік елдің орнықты дамуының негізгі факторына айналууда. Мемлекеттік қызмет экологиялық саясатты әзірлеу және іске асыру арқылы экологиялық нормалардың сақталуын бақылауды қамтамасыз ету арқылы экологиялық мәселелерді шешуде орталық рөл атқарады. Бұл тұста мемлекет нормашығарушылық және бақылаушылық функцияларын жүзеге асырады деп тұжырымдай аламыз.

*Экологиялық қауіпсіздік* – ұлттық қауіпсіздіктің бір бөлігі. 2016 жылы 6 қаңтарда «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заң қабылданған болатын және онда экологиялық қауіпсіздікке келесідей түсіндірме берілген: «*Экологиялық қауіпсіздік* – қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсерлер салдарынан туындайтын қауіп-қатерлерден адамның және азаматтың өмірлік маңызы бар мүдделері мен құқықтарының, қоғам мен мемлекеттің қорғалуының жай-күйі болып табылады» [2].

Сонымен бірге, экологиялық қауіпсіздік – бұл табиғатты қорғау ғана емес, сонымен қатар азаматтардың денсаулығы мен экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету. Климаттың өзгеруі және экожүйелерге тұрақты қауіп төнген жағдайда табиғи ресурстарды сақтауға бағытталған стратегияны әзірлеу маңызды, оны тиімді пайдалануды мемлекеттік қызмет қолдауы керек. 2021 жылдың 2 қаңтарында Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі қабылданған болатын. Онда қоршаған ортаны қорғау, қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқару, экологиялық қатынастарды мемлекеттік реттеу, экологиялық нормалау секілді негізгі басымдықты алатын тарауларға жеке-жеке түсінік бере отырып, мемлекеттік басқарудың экологиялық қауіпсіздік саласындағы функциялары көрсетілген [3]. Ол тақырыпқа мақаламыздың барысында тоқталып өтетін боламыз.

Жалпы экологиялық саладағы мемлекеттік қызметті *ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі* жүзеге асырады. Бұл мемлекеттік органның негізгі функцияларына келесілерді жатқызамыз:

- 1) мемлекеттік экологиялық саясатты әзірлеу және іске асыру;
- 2) су ресурстарын қорғау;
- 3) қоршаған ортаның сапасын бақылау;
- 4) табиғи ресурстарды басқару;
- 5) экологиялық жағдайларды талдау және алдын-ала болжау;
- 6) экология саласындағы халықаралық ынтымақтастық және өзара келісімдерді жүзеге асыру;
- 7) өзекті экологиялық жобаларды, бағдарламаларды әзірлеп, іске асыру.

Ендігі кезекте еліміздегі ең өзекті экологиялық мәселелерді атап өтейін. Барлығымыз білетін табиғи экологиялық жүйелердің бұзылуы, флора-фаунаның тозуы салдарынан тұрғындардың денсаулығына, әлеуметіне елеулі зиян келтірген Арал теңізі аймағы және Семей өңірі экологиялық апатты аймақтар болып жарияланған еді. Қазіргі таңда, бұрынғы Семей полигонының жанындағы шектес 85 елді мекенде 71,9 мың халықта онкологиялық аурулардың белгісі көрініп, қан айналымы жүйесінің аурулары, жаңа туған сәбилердегі кеселдердің және ерте қартаю секілді әртүрлі апаттық жағдайлардың көрінісі өте жоғары деңгейде болды. Ал Арал өңірі экологиялық апат аймағында (186,3 мың халқы бар 178 елді мекен) әйелдер мен балалардың арасындағы асқазан-ішек аурулары, туа біткен патологиялардың жоғарғы деңгейі байқалады [4, 28 б.].

Келесі бір өзекті мәселе ретінде ауаның ластануын қарастырсақ болады. Республиканың аумағындағы автокөліктер ауа бассейнінің және қоршаған ортаның басқа компоненттерінің ластануына айтарлықтай септігін тигізу үстінде. Оның шығарындылары, әсіресе үлкен қалаларда, 25-50% құрайды. Атмосфераның автомобильдердің пайдаланылған газдарымен ластануы бойынша бірінші орында Алматы - 75%, одан кейін Ақтөбе - 47,1, Семей - 46,6, Тараз - 43,1, Өскемен - 41,4% тұр. Ең аз пайдаланылған газ Жезқазған - 14,8, Петропавл - 26,3 және Риддер - 27,6% атмосферасында болады. Алайда, атмосфералық ауаның ең жоғары газдануы Қостанай - 84,7% және Орал - 81,7% сияқты қалаларда белгіленді, мұнда өнеркәсіптік кәсіпорындар мен автокөліктер жоғарыда аталған қалаларға қарағанда салыстырмалы түрде аз. Автокөліктер ауаны және белгілі бір дәрежеде топырақ пен суды негізгі ластанушы заттар болып табылады [5].

Сонымен қатар, еліміздегі экологиялық апатқа ұшырап жатқан нүктелерінің бірі – су көздері, олар, әсіресе, зиянды қоқыстардан және қалдық суларды жіберуден ластану үстінде. Ластанған су көздерінің қатарына келесілерді жатқыза аламыз: Ертіс, Іле, Елек, Нұра, Сырдария өзендері және де Самарқанд су қоймасы. Осы тұста сулы-батпақты жерлерді, ормандарды және жануарлар әлемін қорғау секілді экологиялық проблемалар туындауы мүмкін.

Қазақстанда оның бірегей табиғи жағдайларын ескере отырып, экологиялық қауіпсіздік проблемалары бірінші кезекте су ресурстарын қоса алғанда, табиғи

ресурстарды ұтымды пайдалану мәселелері болып табылады. Қазақстанда қазіргі таңда тұщы судың, яғни ауыз суының тапшылығы өте өзекті, бұл тек табиғи факторлардың ғана емес, сонымен қатар су ресурстарын тиімсіз пайдаланудың, климаттық өзгерістердің және су айдындарының ластануының нәтижесі болып табылады. Қазақстан – орташа жылдық жауын-шашын мөлшері жылына 300 мм-ден аспайтын дала аймағы жоғары ел. Бұл Орталық Азия елдерін, соның ішінде Қазақстанды әлемдегі ең құрғақ аймақтардың біріне айналдырады. Су ресурстары Ертіс, Орал және Сырдария сияқты бірнеше ірі өзендерде шоғырланған, бірақ олардың саны көбінесе экономиканың барлық секторлары мен халықтың қажеттіліктері үшін жеткіліксіз, сонымен бірге жоғарыда атап өткеніміздей, аталмыш өзендер де экологиялық апатқа ұшырау үстінде. Қазақстан Республикасы экологиялық қауіпсіздікті, оның ішінде су ресурстары саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңыздылығын түсінеді және жағдайды жақсарту үшін оңтайлы қадамдар жасауда деп айта аламыз.

Соңғы жылдары Қазақстан су қауіпсіздігін жақсартуға және су ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған бірнеше атаулы мемлекеттік бағдарламаларды белсенді түрде іске асыруда. Осыған байланысты ҚР Үкіметі 2002 жылы қаңтар айында «2002-2010 жылдарға арналған «Ауыз су» салалық бағдарламасы туралы» қаулы шығарған болатын. Аталмыш бағдарлама елдің халқын қажетті мөлшерде және кепілдікті сапасында ауыз сумен тұрақты қамтамасыз ету, азаматтардың денсаулығы жай-күйін жақсарту мақсатында қабылданған еді. 2024 жылы ҚР Үкіметімен «Қазақстан Республикасының су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы» қабылданған болатын [6]. Ал бұл бағдарлама сумен жабдықтау және су бұру инфрақұрылымын жақсарту, суару жүйелерін жаңарту және ауыл шаруашылығында суды пайдалану тиімділігін арттыру жобаларын қамтиды. Сонымен бірге, бағдарлама жаңа су қоймаларын салуды, арналарды жаңғыртуды, сумен жабдықтау және су бұру жүйесін жақсартуды, сондай-ақ су ресурстарын үнемдеуге көшуді көздейді. Бағдарламаның маңызды бөлігі су объектілерінің ластануынан қорғау және су сапасын бақылау жүйесін құру болып табылады.

Экологиялық мәселелерге байланысты осы уақытқа дейін әртүрлі тұжырымдамалар қабылданып, халықтың қоғамдық әлеуетін дамытуда елеулі өзгерістер орын алып отыр. Мемлекет дамуының стратегиялық құжаттары әзірленді, табиғат қорғау заңнамасының негізі құралды. Аталмыш саладағы маңызды қатынастарды бірден-бір реттеуші ретінде келесідей құқықтық актілерді айта аламыз. Мысалы, 2021 жылғы ҚР «Экологиялық кодексі», 2006 жылғы «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» ҚР Заңы, 2017 жылғы «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Кодексі, 2003 жылғы кешенді Орман, Су және Жер кодекстері қабылданып, әлі күнге қолданылып келеді.

Экологиялық проблемалар Қазақстанның тұрақты дамуы үшін аса маңызды сын-тегеуріндер болып табылады. Географиялық орналасуын, климаттың өзгеруін және табиғи ресурстарды қарқынды пайдалануды ескере отырып, ел су мен ауа ресурстарының ластануы, жердің деградациясы, биоәртүрліліктің жоғалуы және климаттың өзгеруінің салдары сияқты елеулі экологиялық қауіптерге тап болады. Бұл мәселелерді шешуде **мемлекеттік органдар** және олардың *тиімді экологиялық саясаттар мен шараларды реттеу, бақылау және енгізу қабілеті* шешуші рөл атқарады.

ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын *орталық атқарушы орган* болып табылады. Одан өзге, аталмыш министрліктің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті белсенді қызмет атқарады. Оның негізі функциялары ретінде келесілерді айта аламыз:

- *Экологиялық нормалар мен стандарттардың сақталуын бақылау*: комитет кәсіпорындарды, ұйымдарды және жеке тұлғаларды қоршаған ортаны қорғау туралы, оның ішінде су бұру, атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары, сондай-ақ қалдықтармен жұмыс істеу мәселелері бойынша заңнаманың сақталуына тексереді.

- *Экологиялық сараптаманы жүзеге асыру*: комитет ірі құрылыс, инфрақұрылымдық және өнеркәсіптік объектілер үшін жобаларға экологиялық сараптама және қоршаған ортаға әсерді бағалауды (ҚОӘБ) жүргізеді.

Қазақстанның облыстары мен қалалары деңгейінде жергілікті Экология және қоршаған орта басқармалары жұмыс істейді, олар экологиялық бағдарламаларды іске асыру бойынша функцияларды жүзеге асырады және жергілікті жерлерде экологиялық стандарттардың сақталуын бақылайды. Олар қалдықтарды іске жарату, су айдындарын қорғау және табиғи аумақтарды қорғау сияқты жергілікті экологиялық мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады.

Аталмыш мемлекеттік органдар, ұйымдар немесе лауызымды тұлғалар экологиялық қауіпсіздікті іске асыру үшін келесідей әрекеттерді жүзеге асырады: табиғи ресурстарды сақтау, ұтымды пайдалану, қалпына келтіру; қоршаған орта мен ел халқы үшін антропогендік факторлардың қауіптілік деңгейін азайту; экологиялық теңгерімділікті қамтамасыз ету; экологиялық апат аймақтардағы халық үшін теріс салдарды жою; қоғамды экологияландыру; экологиялық жоғары мәдениетті қалыптастыру; ҚР азаматтарының экологиялық ақпаратқа қол жеткізу алуын қамтамасыз ету; халықаралық ынтымақтастықта әріптестік қатынастарды орнату және сол секілді өзге де уәкілетті әрекеттерді жүзеге асырады [2].

Өсіп келе жатқан экологиялық қатерлер аясында Қазақстан табиғи ресурстарды орнықты басқаруға және экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған шаралар қабылдауда. Қазақстан Республикасының бірыңғай мемлекеттік экологиялық саясаты Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген негізгі бағыттар бойынша іске асырылады.

Осы тұста **2024-2029 жылдарға арналған «Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетті дамыту тұжырымдамасын атап өтсек болады. Аталмыш тұжырымдаманы ҚР Президенті Қ.Тоқаев** Экология және табиғи ресурстар министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп жүзеге асыруды тапсырған болатын. Экологиялық мәдениет пен жауапкершіліктің жоғары деңгейін қалыптастыру, экологиялық білім мен практиканы дамыту, сондай-ақ экологиялық саясатты тиімді іске асыру тұжырымдаманың негізі болып табылады. Бұл кешенді шешімдер мен халықтың барлық тобының белсенді қатысуын талап етеді.

Келесі бағдарлама «Нұрлы жол», 2015 жылы іске қосылған бұл бағдарлама елдің инфрақұрылымын дамытуға, соның ішінде сумен жабдықтау мен су бұруды жақсартуға, су айдындарының жағдайын қалпына келтіруге және жақсартуға бағытталған. Бағдарлама шеңберінде су объектілерін, су қоймаларын және ирригациялық жүйелерді жаңғырту бойынша жобалар 2022 жылға дейін іске асырылды.

Ең басты қарастырылатын стратегия – «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» еліміздің «жасыл» даму жолына көшуі кезінде экономиканың орнықты және тиімді нарықтық моделін құрудың нақты бағдарларын белгілеп берген болатын. «Жасыл экономика» экономикалық өркендеуді халықтың өмір сүру сапасының жоғары деңгейімен, қоршаған ортаға және адам денсаулығына барынша аз зиян келтіре отырып табиғи ресурстарды орнықты және ұтымды пайдаланумен біріктіреді, сондай-ақ қазіргі және болашақ ұрпақтың мүдделерін ескереді және елдің қабылдаған халықаралық экологиялық міндеттемелеріне, конвенцияларға сәйкес келген болатын. Бірақ бұл ұлттық жоба 2021 жылы бекітіліп, 2023 жылға дейін іске асырылған болатын.

Қазақстан Республикасы тек қана ұлттық жобаларды іске асырып, ішкі реттеуші құқықтық актілер шығарып қана қоймай, жаһандық экологиялық бастамаларға да белсенді қатысады. Еліміз 30-ға жуық халықаралық келісімшарттарға қол қоя отырып, ратификациялауды жүзеге асырды. Кейбір халықаралық маңызды конвенцияларды атап өтейік.

Алыс қашықтықтағы трансшекаралық ауаның ластануы туралы Конвенция (Женева, 1979) – бұл адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға әсер ететін елдердің



шекаралары арқылы ұзақ қашықтыққа тасымалданатын ауаның ластануын азайтуға бағытталған халықаралық келісім. ҚР аталмыш конвенцияны 2000 жылдың қазан айында ратификациялаған болатын [7]. Бұл құжатқа қосылу Қазақстан үшін қандай артықшылықтар береді деген сұрақ туындауы мүмкін. Мысалы, ауаның ластануын азайту жөніндегі халықаралық іс-әрекеттерге қатысу; халықаралық ұйымдардан техникалық көмек және кеңес алу. Орталық Азия үшін, оның ішінде Қазақстан үшін бұл Конвенцияның стратегиялық маңызы бар. Аймақтағы ауаның ластануы көбінесе трансшекаралық сипатқа ие және халықаралық келісімдердегі ынтымақтастық оның әсерін азайтуға, өмір сүру жағдайларын жақсартуға және барлық деңгейдегі ластанудан болатын зиянды азайтуға көмектеседі.

Сонымен қатар, Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы (Рио-де-Женейро, 1992) - БҰҰ-ның Қоршаған орта және даму жөніндегі конференциясы аясында қабылданды. Конвенция климаттың өзгеруіне қарсы халықаралық күш-жігердің негізі болып табылады. Ал еліміз бұл құжатты 1995 жылы ратификациялаған болатын [8]. Бұл қосылу елдің климаттық өзгеруіне қарсы халықаралық күш-жігерге деген ұмтылысын және парниктік газдар шығарындыларын азайтудың жаһандық процестеріне қатысуын көрсетті.

Қазақстанның БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына қосылуы және басқа да халықаралық климаттық бастамаларға қатысуы елдің жаһандық климаттық проблемаларды шешуге ұмтылысын растайды. Сонымен қатар, Қазақстан үшін экологиялық тұрақтылық пен көміртегі көздеріне энергетикалық тәуелділікке байланысты сын-қатерлер маңызды болып қала береді. Осы тұрғыда шығарындыларды азайту жөніндегі Ұлттық жоспарларды іске асыру және жаңартылатын энергия көздерін дамыту ел саясатындағы маңызды бағыттарға айналуға.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік органдар, мекемелер мен лауазымды тұлғалардың рөлі туралы жоғарыда атап өттік. Олар өз функцияларын келесідей реттеу құралдары арқылы жүзеге асырады:

- 1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті лицензиялау;
- 2) экологиялық нормалау;
- 3) қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық реттеу;
- 4) экологиялық бағалау;
- 5) мемлекеттік экологиялық сараптама;
- 6) экологиялық рұқсаттар және қоршаған ортаға әсер ету туралы декларациялар;
- 7) қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингі;
- 8) мемлекеттік экологиялық бақылау;
- 9) қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі қызметтің хабарлама жасау тәртібі;
- 10) парниктік газдардың шығарылуы мен сіңірілуі саласындағы мемлекеттік реттеу.

Экологиялық мәселелерді шешудің маңызды аспектілерінің бірі – қоршаған ортаның жай-күйін бақылау. Бұл үшін Қазақстанда ауаның, судың, топырақтың және экожүйелердің басқа да компоненттерінің сапасы туралы өзекті ақпарат алуға мүмкіндік беретін экологиялық мониторинг жүйелері әзірленуде. Бұл процесте антропогендік факторлардың қоршаған ортаға әсерін бағалауға, табиғи ресурстарды тазарту мен пайдаланудың жаңа әдіс-тәсілдерін, бағдарламаларын жасауға бағытталған ғылыми зерттеулер маңызды рөл атқарады.

**Қорытындылайтын болсақ**, экологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясат Қазақстан Республикасының Конституциясы негізінде жүзеге асырылады және табиғи жүйелердің, қоғамның өмірлік маңызы бар мүдделері мен жеке адамның құқықтарының қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсер етудің нәтижесінде туындайтын қатерлерден қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазақстанның экологиялық проблемаларын шешудегі және қоршаған ортаны қорғаудағы мемлекеттік қызметінің рөлін асыра бағалау мүмкін емес, өйткені ол елдегі

экологиялық саясаттың, экологиялық бастамаларды реттеу мен іске асырудың негізгі қозғаушысы болып табылады. Соңғы онжылдықтарда Қазақстан Республикасы табиғи ресурстарды қорғауға, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға және өзгермелі экологиялық жағдайларға бейімделуге бағытталған стратегиялар мен бағдарламаларды әзірлеу мен енгізуде елеулі қадамдар жасады.

ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі, сондай-ақ басқа да мемлекеттік және жергілікті органдар сияқты ведомстволық мекемелер «Қоршаған ортаны қорғаудың мемлекеттік бағдарламасы», «Жасыл экономикаға көшу бағдарламасы» сияқты мемлекеттік бағдарламаларды құруға және жүзеге асыруға белсенді қатысады. Бұл бағдарламалар ластану деңгейін төмендетуге, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, биоәртүрлілікті қорғауға және ірі өнеркәсіптік және ауылдық аймақтардағы экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет қоршаған ортаның жай-күйін бақылауда және экологиялық стандарттардың сақталуын бақылауда шешуші рөл атқарады, бұл жағымсыз экологиялық факторларды анықтауға және жоюға ықпал етеді. Ғылыми зерттеулер мен халықаралық ынтымақтастық жаһандық және жергілікті экологиялық мәселелерді тиімді шешуге бағытталған экологиялық жұмыстың, бағдарламалардың маңызды аспектілері болып табылады.

Осылайша, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі экологиялық орнықты стратегиялар мен бағдарламаларды енгізу, сондай-ақ табиғи ресурстарды тиімді басқару арқылы елдің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және қоршаған ортаның сапасын жақсартуда өзінің маңызды рөлін жалғастыруда. Болашақта осы бағдарламаларды табысты іске асыру және экологияға мемлекеттік көзқарасты ұдайы жетілдіру Қазақстанның орнықты дамуы мен оның азаматтарының әл-ауқаты үшін түйінді мәнге ие болады.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы – 1995.
2. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы.
3. Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Экологиялық Кодексі.
4. Абубакирова Қ.Д. Таныбаева А.Қ. Базарбаева Т.А. Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігі. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2015. – 228 б.
5. Современная концепция экологической безопасности Республики Казахстан [Электронды ресурс]. – 2007. – URL: <https://www.vestnik-kafu.info/journal/11/421/> (алынған күні: 19.11.2024).
6. Үкіметінің 2024 жылғы 5 ақпандағы № 66 қаулысы.
7. Қазақстан Республикасының Ауаның алыс қашықтықта шекарааралық ластануы туралы конвенцияға қосылуы туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 23 қазан N 89-II Заңы.
8. «БҰҰ ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясын ратификациялау туралы» ҚР Президентінің 1995 жылғы 4 мамырдағы № 2260 Жарлығы.

#### **Автор туралы мәліметтер**

\*Ибраева Айжан Серикқызы – «Мемлекеттік қызмет және басқару» мамандығының 4 курс студент, Каспий Қоғамдық университеті, e-mail: aizhan2004.04@list.ru

\*\*Отарбаева Айжан Базарбаевна – Экономика ғылымдарының магистрі, сеньор-лектор, Каспий Қоғамдық университеті, e-mail: A-o777@mail.ru

#### **Сведения об авторе**

\*Ибраева Айжан Серикқызы – студентка 4 курса специальности «Государственная служба и управление», Каспийский общественный университет, e-mail: aizhan2004.04@list.ru

\*\*Отарбаева Айжан Базарбаевна – Магистр экономических наук, сеньор-лектор, Каспийский общественный университет, e-mail: A-o777@mail.ru

#### **Information about the author**

\*Ibraeva Aizhan Serikkyzy - 4th year student of speciality «Public Service and Management», Caspian Public University, e-mail: aizhan2004.04@list.ru

\*\*Otarbayeva Aizhan Bazarbayevna – Master's degree in Economics, Senior Lecturer, Caspian Public University, e-mail: A-o777@mail.ru

**УДК 33.331**

### **КӘСІПОРЫНДАРДА ПЕРСОНАЛДЫ ЫНТАЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ**

**Исанғали А.Б.<sup>1</sup>, Отарбаева А.Б.<sup>2</sup>**

Каспий Қоғамдық Университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада кәсіпорындарда персоналды ынталандыру жүйесінің тиімділігін бағалау мәселесі қарастырылады. Персоналды тиімді ынталандыру ұйымның жалпы өнімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды факторы болып табылады. Зерттеуде ынталандыру жүйесінің негізгі элементтері, оның ішінде материалдық және материалдық емес ынталандыру құралдары талданады. Сондай-ақ, персоналдың мотивациясын арттыруға әсер ететін факторлар анықталып, қазіргі заманғы әдістердің тиімділігіне шолу жасалады. Мақалада персоналды ынталандыру жүйесін бағалаудың критерийлері мен әдістемесі ұсынылып, нәтижелерін жақсартуға бағытталған ұсыныстар беріледі. Бұл зерттеу кәсіпорындарға өз қызметкерлерінің өнімділігін арттыру және ұйым ішіндегі жұмыс жағдайын жақсарту мақсатында пайдалы бола алады.

**Кілт сөздер:** персоналды ынталандыру, мотивациялау, ұйымның өнімділігі, бәсекеге қабілеттілік, ынталандыру әдістері, жұмыс жағдайын жақсарту, ұйым, персонал.

**Аннотация.** В данной статье рассматривается проблема оценки эффективности системы мотивации персонала в предприятиях. Эффективная мотивация персонала является важным фактором повышения общей производительности и конкурентоспособности организации. В исследовании анализируются основные элементы системы мотивации, включая материальные и нематериальные инструменты стимулирования. Также выявляются факторы, влияющие на повышение мотивации персонала, и проводится обзор эффективности современных методов. В статье предлагаются критерии и методология оценки системы мотивации персонала, а также рекомендации, направленные на улучшение результатов. Данное исследование может быть полезным для предприятий в целях повышения продуктивности сотрудников и улучшения рабочих условий внутри организации.

**Ключевые слова:** мотивация персонала, мотивация, производительность организации, конкурентоспособность, методы мотивации, улучшение условий труда, организация, персонал

**Annotation.** This article examines the problem of assessing the effectiveness of the personnel motivation system in enterprises. Effective personnel motivation is an important factor in increasing the overall productivity and competitiveness of an organization. The study analyzes the main elements of the motivation system, including material and non-material incentive tools. It also identifies factors that influence the increase in personnel motivation and provides an overview of the effectiveness of modern methods. The article proposes criteria and methodology

for assessing the personnel motivation system, as well as recommendations aimed at improving the results. This study can be useful for enterprises in order to increase employee productivity and improve working conditions within the organization.

**Key words:** personnel motivation, motivation, organizational productivity, competitiveness, motivation methods, improvement of working conditions, organization, personnel.

Кез келген кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақты дамуы оның адами ресурстарына тәуелді. Қызметкерлердің жұмысына деген ынтасын арттыру – ұйымның стратегиялық мақсаттарына жетуіндегі басты факторлардың бірі. Бұл тұрғыда тиімді мотивация жүйесін құру және оның нәтижелілігін бағалау өзекті мәселе болып табылады. Қазіргі заманғы кәсіпорындарда персоналды ынталандыру – ұйымның табысты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін маңызды аспектілердің бірі. Қызметкерлердің кәсіби белсенділігі мен жұмысқа деген қызығушылығын арттыру арқылы кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін және тұрақтылығын нығайтуға болады. Ынталандыру жүйесі қызметкерлердің қажеттіліктері мен күтілімдерін ескеріп, материалдық және материалдық емес құралдарды тиімді пайдалануды талап етеді.

Персоналды ынталандыру – бұл қызметкерлердің жұмысқа қызығушылығын арттыруға, олардың әлеуетін толық іске асыруға және еңбек тиімділігін көтеруге бағытталған шаралар жүйесі. Ынталандырудың негізгі мақсаттары: қызметкерлердің ұйымға адалдығын арттыру, жұмыс сапасын жақсарту, еңбек өнімділігін арттыру және т.б.

Компанияның көзқарасы бойынша, мотивация жүйесі жеке қажеттіліктер мен тілектерге сәйкес келетін және осылайша мінез-құлықты ынталандыратын мақсаттарды белгілеуді қамтиды. Мотивация осы мақсаттарға жету үшін қажет. Әрбір басшы өзінің қарамағында еңбекқор, жауапты және нәтижелі қызметкерлерді көргісі келеді. Бірақ қызметкер өз міндеттерін өнімді орындау үшін оған қызығушылық таныту керек, яғни, персоналды ынталандыру қажет. Қазіргі уақытта кадрлардың кәсіби дамуын ынталандыру ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз етудің және бар кадрлық резервті ұйымдастырудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Мотивация процесінің негізгі мақсаты – жалпы өнімділікті арттыруға мүмкіндік беретін, бар еңбек ресурстарын пайдаланудан максималды нәтиже алу және қазіргі заманғы өндіріс жүйесінің табыстылығы.[1]

Тәжірибеде персоналды ынталандырудың екі негізгі түрі ерекшеленеді – материалдық және материалдық емес мотивация. Материалдық ынталандыру арқылы персоналды мотивациялау ұғымы мен түрлері арнайы түсіндіруді қажет етпейді. Мұндай мотивация қызметкерге өз қызметтік міндеттерін сапалы орындағаны үшін ақшалай төлемдер беру болып табылады. Персоналды материалдық мотивациялаудың түрлеріне бір реттік сыйақылар, бонус жүйесі арқылы марапаттау, жалақыны қосымша арттыру, пайыздық үстемелер және т.б. жатады.

Ешкімге құпия емес, ақша – күнделікті өмірдегі ең маңызды ресурстардың бірі. Көптеген құндылықтарды ақшаға сатып алуға, ірі сатып алуларға жұмсауға немесе инвестицияларға салуға болады. Сондықтан материалдық мотивация қызметкерді ынталандырудың және оның қызметін көтермелеудің ең оңтайлы шешімі болып табылады.[2]

Материалдық емес мотивацияға қызметкерлерге психологиялық әсер ету әдістері жатады. Материалдық емес мотивация – бұл қызметкерлердің жұмысына қызығушылығын арттырып, олардың ұйымға деген адалдығын нығайтуға бағытталған әдістер мен құралдар жүйесі. Бұл мотивация түрі қызметкерлердің ішкі қажеттіліктері мен жеке басымдықтарын ескеруге негізделген. Қызметкерлердің жұмыс тиімділігі мен жалпы қанағаттануын тек материалдық сыйақы арқылы арттыру әрдайым жеткілікті бола бермейді. Жұмыс орнындағы жайлы психологиялық климат, өзін-өзі дамыту мүмкіндігі, басшылық тарапынан тану және қолдау – қызметкерлердің жұмысқа деген ынтасын

арттырудың маңызды аспектілері болып табылады. Мысал келтіретін болсақ: құрмет пен тану, кәсіби даму мүмкіндіктері, жұмыс жағдайларын жақсарту, әлеуметтік қолдау, икемді жұмыс тәртібі.

Кәсіпорындарда персоналды ынталандыру қаншалықты тиімді? Мотивацияланған қызметкерлерсіз ұйым ең жоғары тиімділікпен жұмыс істей алмайды. Әрбір қызметкерді ынталандыруға тиіс мотивация жүйесін әзірлеу басшы үшін күрделі және көп уақытты қажет ететін міндет. Бұл жағдайда туындайтын мәселелер көбінесе қызметкерлерді материалдық және материалдық емес ынталандырудың дұрыс балансын табумен байланысты, өйткені бұл компанияға адалдық пен қызметкерлердің тиімділігін сақтап қана қоймайды, сонымен қатар шығындарды азайтады және өзгерістерге қарсылықты төмендетеді. Қазіргі уақытта әрбір отандық кәсіпорында қызметкерлерді ынталандырудың өзіндік жүйесі бар. Дегенмен, бұл жүйелердің әрқайсысының артықшылықтарымен қатар, компания қызметкерлеріне өз әлеуетін толық іске асыруға және компанияның дамуын «баяулатуға» мүмкіндік бермейтін өз кемшіліктері бар.[3]

Сонымен, кәсіпорындарда персоналды ынталандыру тиімді екеніне көзіміз жетеді. Кәсіпорындағы персоналды ынталандыру жүйесінің тиімділігі – бұл ұйымның стратегиялық мақсаттарына жетуіне, қызметкерлердің жұмыс өнімділігін арттыруына және олардың кәсіпорынға деген адалдығын нығайтуына әсер ететін маңызды фактор. Тиімді ынталандыру жүйесі қызметкерлердің қажеттіліктерін қанағаттандыру мен ұйым мүдделерін үйлестіруге бағытталған. Осы орайда ынталандыру тиімділігіне әсер ететін бірнеше факторларды айта кеткім келіп отыр. Олар:

#### 1. Қызметкерлердің қажеттіліктерін түсіну

Әрбір қызметкердің мотивациясы жеке қажеттіліктері мен басымдықтарына байланысты. Жұмыс беруші қызметкерлердің материалдық және материалдық емес қажеттіліктерін анықтап, соларға сай ынталандыру құралдарын қолдануы қажет.

#### 2. Ұйымның басқару стилі

Ашық және әділ басқару стилі персоналдың мотивациясына оң әсер етеді. Басшылық тарапынан сенім мен қолдауды сезінген қызметкерлер өздерін маңызды сезініп, жұмысқа қызығушылықпен қарайды.

#### 3. Ынталандыру жүйесінің кешенділігі

Материалдық және материалдық емес ынталандыру құралдарын үйлестіре қолдану қызметкерлерге жан-жақты қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

#### 4. Кері байланыс

Қызметкерлердің еңбегін бағалау және оларға жүйелі түрде кері байланыс беру ынталандырудың тиімділігін арттырады.

Міне, осы факторлар кәсіпорындағы персоналды мотивациялау тиімді екеніне дәлел бола алады. Тиімді түрде ұйымдастырылған персоналды ынталандыру жүйесі кәсіпорын үшін келесідей артықшылықтарды қамтамасыз етеді.

Біріншіден, еңбек өнімділігінің артуы. Қызметкерлер өз жұмысына қызығушылықпен және жауапкершілікпен қарайды, бұл жалпы өнімділіктің артуына әкеледі.

Екіншіден, кадр тұрақтылығы. Ынталандыру жүйесі арқылы қызметкерлерді ұзақ мерзім бойы ұстау мүмкіндігі артады, бұл кадрлық ауыс-түйістердің азаюына ықпал етеді. Себебі, өзіңе ұнайтын, өзіңе қолайлы жұмыс орынынан кеткің келмейді. Осылайша, кәсіпорында кадр тұрақтылығы қалыптасады.

Үшіншіден, ұжымдағы оңтайлы атмосфера. Персоналды ынталандыру ұжымдық рухты күшейтіп, командалық жұмысты жақсартады. Кәсіпорында жиі тренингтер өткізіліп тұрса, ондағы қызметкерлердің бір-бірімен ара-қатынасы нығаяды.

Төртіншіден, қызметкерлердің кәсіби өсуі. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру және мансаптық өсуге жағдай жасау олардың жұмыс сапасын жақсартады. Бұл материалдық емес мотивация түріне жатады. Қызметкердің дәрежесі өскен сайын, оның жұмысқа қызығушылығы артатыны сөзсіз.

Бесіншіден, ұйымның беделінің артуы. Тиімді ынталандыру жүйесі бар кәсіпорындар тартымды жұмыс орны ретінде танылып, жоғары білікті мамандарды тартуға мүмкіндік береді және ұйым басқа ұйымдардың арасында танымалдылыққа ие болады.

№	Артықшылықтар	Пайдасы
1	Еңбек өнімділігінің артуы	Қызметкерлерге көмек көрсету арқылы еңбек өнімділігін арттыруға болады. Жағдайы жасалған персонал жұмысқа бар ынтасын салары анық.
2	Кадр тұрақтылығы	Қызметкерлерге ынта беру арқылы, оларға әр түрлі іс-шаралар ұйымдастыру- кадрлардық тұрақтылығына алып келеді.
3	Ұжымдағы қолайлы атмосфера	Персоналды ынталандыру арқылы және оған жағдай жасау арқылы жұмыстағы атмосфераны қолайлы етуге болады.
4	Қызметкерлердің кәсіби өсуі	Қызметкерлерге материалдық емес мотивация көрсете отырып, олардың кәсіби өсуіне мүмкіндік беріледі.
5	Ұйым беделінің артуы	Ұйымдағы қызметкерлердің ұйымға көңілі толған сайын, ол ұйым туралы басқаларына да кеңес беруі мүмкін. Осылайша ұйымның беделі арта түседі.

Егер де ұйымда персоналды ынталандыру болмаса не болар еді? Кәсіпорын бұрыңғыдай жетістіктерге жете алады ма? Менің ойымша, кәсіпорында персоналды ынталандырудың болмауы немесе тиімсіз ұйымдастырылуы ұйымның жұмысына елеулі зиян келтіруі мүмкін. Ынталандыру жүйесі қызметкерлердің жұмысқа деген қызығушылығы мен белсенділігін арттыратын негізгі құрал болғандықтан, оның жоқтығы жұмыс сапасының төмендеуіне және басқа да теріс салдарға әкеледі. Соның бірі- еңбек өнімділігінің төмендеуі. Қызметкерлердің мотивациясы болмаған жағдайда, олардың жұмысқа деген қызығушылығы азайып, жауапкершілік деңгейі төмендейді. Бұл жұмыс нәтижесінің сапасына тікелей әсер етеді.

Екінші кезекке кадрлардың жиі ауысуын жатқызуға болады. Қызметкерлер лайықты марапат пен қолдау таппаған жағдайда, басқа ұйымдарға кету мүмкіндігі артады. Себебі, персоналға шамадан тыс жүк артылатын болса, осыған сәйкес қосымша марапат не болмаса ынталандыратын әрекеттер орын алмаса, персоналдың жұмыстан кетуі әбден мүмкін. Бұл кәсіпорынға кадр тұрақсыздығын және жаңа қызметкерлерді оқытуға қосымша шығындарды алып келеді.

Тағы бір салдарына тоқталатын болсақ, ол- ұйымның беделінің түсуі. Қызметкерлер арасында жұмысқа деген қызығушылықтың жоқтығы кәсіпорынның сыртқы имиджіне әсер етеді. Осылайша көптеген персоналдар жұмыстан шығуы мүмкін. Кадрлардың тұрақсыздығы туралы естіген адам, ондай ұйымға жұмысқа бармайды деп ойлаймын. Жақсы жұмыс орнын іздеген талантты мамандар мұндай ұйымнан аулақ болады.

Жалпы, мотивация-ең мықты қозғаушы күш. Қызметкерлерді мотивациялау - жақсы жұмыс істеу немесе нашарлау үшін адам ресурстарын жандандыратын немесе оятатын ең күшті және ықпалды құралдардың бірі. Сондықтан мотивация өте маңызды, тек қай кезден басқа менеджерлер жұмыс орнындағы тиімсіздікті болдырмайды. Марапаттау жүйесі әрбір ұйымның маңызды аспектісі болып табылады, өйткені ол ұйымның өнімділігіне әсер етеді. Қызметкерлер жұмыста қол жеткізген жетістіктері үшін тиісті түрде марапатталмаған жағдайда, бұл төмендеуге әкелуі мүмкін.[4]

Қазіргі нарық жағдайында қаржылық басқару әдістері барған сайын дамып, жетілдіріліп келеді, соның арқасында қолданылатын экономикалық ынталандырулардың тиімділігі артып келеді. Бұдан әр қызметкерге және тұтастай алғанда бүкіл еңбек ұжымына қызметкерлер жеке мақсаттарына қол жеткізуді, сондай-ақ еңбек мәселелерін шешуді тиімді үйлестіре алатындай жағдайлар жасауға болады деген қорытынды жасауға болады. [5] Сонымен қатар, ынталандырудың экономикалық әдістеріне шамадан тыс назар аудару ұсынылмайды, өйткені бұл автоматты түрде жұмысшылардың әлеуметтік-психологиялық ынталандыру аймағының төмендеуіне әкеледі және дәл осы сала ішкі істерге жауап береді. Мотивациялау кәсіпорынның жұмыс өнімділігін арттыруға көмектесетін бірден-бір әдіс деген түйінге келуге болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1.«Мотивация персонала как фактор повышения эффективности функционирования организации» Шарова Е.Б
- 2.«Система мотивации персонала организации: преимущества и проблемы ее эффективного развития» Иванова О.Е , Полиенко Е.Г
3. Уразалиев, И.А. Ұйымдардағы персоналдың мотивациясы / И.А.Уразалиев. — Мәтін: тікелей // Жас ғалым. - 2023. - № 15 (462). — 151-153 б. — URL: <https://moluch.ru/archive/462/101586/>
4. «Влияние мотивации персонала на эффективность деятельности предприятия» Бонйани Адонис
5. Баялиева, А. К. Влияние мотивации сотрудников на эффективность предприятия / А. К. Баялиева. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2022. — № 49 (444). — С. 79-81. — URL: <https://moluch.ru/archive/444/97329/>

#### **ӘОЖ 336.67**

#### **КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ**

**Каканова А.Д.<sup>1</sup>, Гумар Н.А.<sup>2</sup>**

<sup>1,2</sup> Каспий Қоғамдық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа.** Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау және бағалау инвесторларға, қаржы менеджерлеріне және басқа да мүдделі тараптарға кәсіпорынның қаншалықты тиімді және тұрақты жұмыс істеп жатқанын түсінуге мүмкіндік беретін маңызды процесс. Қаржылық жағдайды талдау көрсеткіштерінің жиынтығы кәсіпорынның үздіксіз экономикалық қызметін, оның төлем қабілеттілігін, инвестициялық тартымдылығын және қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мүмкіндіктерінің толық сипаттамасын алуға мүмкіндік береді. Бұл мақалада кешенді талдау және бағалау жүргізу үшін қажетті негізгі элементтер мен әдістер қарастырылады. Талдау мен бағалау тек кәсіпорынның ағымдағы қаржылық жағдайына ғана емес, сонымен бірге алынған нәтижелерге сүйене отырып, болашаққа болжам жасау арқылы жүзеге асырылады.

**Түйін сөздер:** қаржылық есептілік, бухгалтерлік баланс, активтер, капитал, өтімділік, шығын, рентабельділік.

#### **АНАЛИЗ И ОЦЕНКА ФИНАНСОВОГО СОСТОЯНИЯ ПРЕДПРИЯТИЯ**

**Каканова А.Д.<sup>1</sup>, Гумар Н.А.<sup>2</sup>**

<sup>1,2</sup> Каспийский Общественный Университет, г. Алматы, Республика Казахстан

**Аннотация.** Анализ и оценка финансового состояния предприятия – важный процесс, который позволяет инвесторам, финансовым менеджерам и другим заинтересованным сторонам понять, насколько эффективно и устойчиво работает предприятие. Комплекс показателей анализа финансового положения позволяет получить детальное описание способности обеспечить непрерывную экономическую деятельность предприятия, его платежеспособность, инвестиционную привлекательность и финансовую устойчивость. В данной статье рассматриваются основные элементы и методы, необходимые для проведения комплексного анализа и оценки. Анализ и оценка проводится не только текущего финансового положения предприятия, но и на основе полученных результатов, делая прогнозы на будущее.

**Ключевые слова:** финансовая отчетность, бухгалтерский баланс, активы, капитал, ликвидность, убыток, рентабельность.

## ANALYSIS AND ASSESSMENT OF THE FINANCIAL CONDITION OF THE COMPANY

Kakanova A.D.<sup>1</sup>, Gumar N.A.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Caspian Public University, Almaty, Republic of Kazakhstan

**Summary.** Analysis and assessment of the financial condition of the company is an important process that allows investors, financial managers and other interested parties to understand how effectively and sustainably the company operates. A set of indicators of financial position analysis allows obtaining a detailed description of the ability to ensure continuous economic activity of the company, its solvency, investment attractiveness and financial stability. This article discusses the main elements and methods necessary for conducting a comprehensive analysis and assessment. Analysis and assessment is carried out not only of the current financial position of the company, but also on the basis of the results obtained, making forecasts for the future.

**Keywords:** financial statements, balance sheet, assets, capital, liquidity, loss, profitability.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау және бағалау кәсіпорынның тиімділігін, тұрақтылығын және табыстылығын түсінуде өте маңызды рөл атқарады. Талдау қаржылық есептілікті, негізгі қаржылық коэффициенттерді, сондай-ақ саламен және бәсекелестермен салыстырмалы талдауды зерттеуге негізделген.

Қаржылық талдау – кәсіпорынның қаржылық жағдайын өзгертуге, оның өз міндеттемелерін уақытында өтеу қабілетіне, қолда бар активтерді пайдалану тиімділігін арттыруға қабылданған және жоспарланған шаруашылық шешімдерінің әсерін зерттейтін экономикалық ғылым саласы [1, 9 б].

Қаржылық талдаудың кез келген түрінің негізгі мақсаты әртүрлі басқару шешімдерін негіздеу, дайындау және қабылдау үшін кәсіпорынның ішкі мәселелерін анықтау және бағалау болып табылады. Қаржылық талдау дағдарыстың бастапқы құбылыстарын диагностикалауда және кәсіпорынның қаржылық жағдайын жақсартуға бағытталған іс-шараларды жоспарлауда, сондай-ақ инвестицияларды (қарыз қаражаттарын) тартуда ерекше маңызды рөл атқарады.

Қаржылық талдаудың негізгі міндеттері:

- 1) кәсіпорын қаражатының сипаттамасы;
- 2) кәсіпорынның меншікті айналым қаражатымен қамтамасыз етілуін және оның қаржылық тұрақтылығын бағалау;
- 3) кәсіпорынның айналым қаражатын пайдалану тиімділігін және оның шаруашылық белсенділігін бағалау;



- 4) есеп айырысулардың жай-күйін және бухгалтерлік - қаржылық тәртіптің сақталуын талдау;
- 5) кәсіпорынның төлем қабілеттілігін бағалау;
- 6) кәсіпорынның банкроттық тәуекелінің белгіленген өлшемдеріне сәйкес баланс құрылымының қанағаттандырылуын бағалау;
- 7) кәсіпорынның қаржылық жағдайын жалпы бағалау және оны нығайту шараларын әзірлеу;
- 8) ақша ағындарын талдау [2, 50 б].

Кәсіпорынның қаржылық жағдайы оның қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті қаржы ресурстарының болуымен, төлем қабілеттілігімен, өтімділігімен және қаржылық тұрақтылығымен сипатталады және кәсіпорынның нақты және әлеуетті қаржылық мүмкіндіктерін көрсететін көрсеткіштер жүйесімен анықталады [7, 9 б].

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау әдістерін келесі кестеде қарастырайық.

Кесте 1 – Кәсіпорын қаржылық жағдайын бағалау әдістері

Әдіс	Түрлері	Қолданылу мақсаты
1.Сапалық талдау	Тік және көлденең талдау Баланс өтімділігін талдау Графикалық талдау	Сапалық талдау әдістері қаржылық есептілік баптарының құрылымы мен динамикасын зерттейді. Активтер мен міндеттемелер баптарын салыстыру жүргізіледі, баланстың өтімділігі туралы қорытынды, өзгеру тенденциялары талданады.
2.Коэффициенттік талдау	Өтімділікті талдау Қаржылық тұрақтылықты талдау Рентабельділік талдауы Іскерлік белсенділікті талдау	Коэффициенттерді талдау сапалық талдау әдісіндегідей қаржылық есеп берудің баптарын емес, осы есептерден алынған коэффициенттерді зерттейді.
3.Интегралдық талдау	Тәуекел мен банкроттықты диагностикалау үшін көп факторлы регрессия модельдері Банк рейтингтері Салалық рейтинг	Интегралдық талдау кәсіпорынның тәуекел және банкроттық деңгейін анықтайтын көп факторлы регрессия модельдерін құруға негізделген.

Барлық әдістерді бір мезгілде қолдану кәсіпорынның қаржылық жағдайын, оның іскер серіктес ретіндегі сенімділігін және даму перспективаларын дәлірек бағалауға мүмкіндік береді [4, 23 б].

Қаржылық есептілік – қаржылық жағдайды талдаудың негізгі элементі болып табылады. Ол баланс, пайда мен залал туралы есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп сияқты бірнеше элементтерді қамтиды.

Бухгалтерлік баланс – шаруашылық жүргізуші заңды тұлғаның белгілі бір күнгі, көбіне күнтізбелік кезеңнің (айдың, тоқсанның, жылдың) басындағы не аяғындағы қаржы-шаруашылық жай-күйін ақшалай түрінде жинақтап сипаттайтын бухгалтерлік есеп құжаты. Ол кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын және оның міндеттемелерді орындау қабілетін көрсетеді. Мысалы, егер активтер міндеттемелерден асып кетсе, бұл тұрақты қаржылық жағдайды көрсетуі мүмкін [2, 45 б].

Пайда мен залал туралы есеп. Бұл есеп табыстылықты талдауға мүмкіндік беретін белгілі бір уақыт кезеңіндегі кірістер мен шығыстар туралы ақпаратты береді. Кірістер мен шығыстардың динамикасын түсіну кәсіпорынның операциялық тиімділігін бағалауға көмектеседі [5, 112 б]. Мысалы, таза пайданың артуы бизнес табыстылығының жақсарғанын куәландырады.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп операциялық, инвестициялау және қаржыландыру ағындарына назар аудара отырып, компанияның ақша ағынындағы өзгерістерді көрсетеді. Бұл компанияның қолма-қол ақшаны қалай жасайтынын және пайдаланатынын түсінудің маңызды құралы [3, 78 б]. Негізгі аспект ұзақ мерзімді тұрақтылық үшін маңызды болып табылатын операциялардан оң ақша ағыны болып табылады.

Қазіргі уақытта қаржылық талдау әдісін 6 негізгі түрге бөліп қарастыруға болады:

1) Көлденең (уақыт көлемінде) талдау – есеп берудің әрбір позициясын өткен кезеңмен салыстыру. Ол өткен кезеңдегімен салыстырғандағы бухгалтерлік есептің түрлі баптарының абсолюттік және салыстырмалы ауытқуларын анықтауға мүмкіндік береді.

2) Тікелей (құрылымдық) талдау – әрбір есеп позициясының жалпы нәтижеге тигізетін әсерін айқындай отырып, қорытынды қаржылық көрсеткіштердің құрылымын анықтау. Ол жалпы баланс немесе оның бөлімдері бойынша қорытынды көрсеткіштегі жеке баптардың үлес салмағын анықтауға мүмкіндік береді.

3) Трендтік талдау барлық көрсеткіштер 100% деп алынатын базистік жыл деңгейінен, бірқатар жылдар көрсеткіштерінің салыстырмалы ауытқуын есептеуге негізделеді. Трендтік талдау әрбір есеп позициясын бірқатар өткен кезеңдермен салыстыруды және трендті, яғни жеке кезеңдердің дербес ерекшеліктері мен кездейсоқ әсерлерінен тазартылған көрсеткіш динамикасының негізгі тенденциясын анықтауды көрсетеді. Трендтің көмегімен болашақтағы көрсеткіштердің мүмкін болатын маңызы қалыптасады, ал одан кейін перспективті, болжамдық талдау жүргізіледі.

4) Салыстырмалы (кеңістіктік) талдау – бұл фирмалардың, еншілес фирмалардың, бөлімшелердің және цехтардың жекелеген көрсеткіштері бойынша есебінің құрама көрсеткіштерін шаруашылық ішіндегі талдау, сондай-ақ берілген фирманың көрсеткіштерін орташа салалық және орташа жалпы экономикалық мәліметтері бар бәсекелес фирмалардың көрсеткіштерімен салыстырғандағы шаруашылық аралық талдау болып табылады.

5) Факторлық талдау – бұл жекелеген факторлардың (себептердің) қорытынды көрсеткішке тигізетін әсерін зерттеудің детерминдік (анықтау) немесе реттелмеген тәсілдері көмегімен талдау.

6) Қаржылық коэффициенттер әдісі. Коэффициенттер салыстырмалы шамалар болып табылады, оларды есептеу кезінде шамалардың біреуін бірлік ретінде алып, ал екіншісін бірлікке қатынасы ретінде көрсетіледі. Қаржылық коэффициенттерді есептеу баланстың жеке баптарының арасында болатын өзара байланыстарға негізделген. Олар кәсіпорынның қаржылық жағдайын кезекті факторлық талдау үшін алғашқы база болып табылады және олар талдау нәтижесінде талдау жүргізушіге жасырын құбылыстарды ашуға мүмкіндік беретін екі шаманың арасындағы өзара математикалық қатынастарды көрсетеді [8, 6 б].

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын сипаттайтын көрсеткіштердің бірі оның төлем қабілеттілігі болып табылады, яғни, төлем міндеттемелерін уақытылы өтеу үшін қолма-қол ақша ресурстарына ие болу мүмкіндігі. Төлем қабілеттілігін бағалау салыстырмалы өтімділік көрсеткіштерін есептеу негізінде жүзеге асырылады.

Өтімділік коэффициенттері – бұл борышкердің сыртқы капиталды тартпай-ақ ағымдағы қарыз міндеттемелерін төлеу қабілетін анықтау үшін қолданылатын қаржылық көрсеткіштердің маңызды класы. Өтімділік коэффициенттері компанияның қарыздық міндеттемелерді төлеу қабілеттілігін және оның қауіпсіздігінің маржасын ағымдағы – коэффициентті, жедел коэффициентті және операциялық ақша ағынының коэффициентін қоса есептейтін көрсеткіштерді есептеу арқылы өлшейді [9].

## Кесте 2 – Өтімділік коэффициенттері

Көрсеткіштер	Оңтайлы мәні	Маңызы
--------------	--------------	--------

1. Абсолютті өтімділік коэффициенті	0,2 – 0,7	Абсолютті өтімділік коэффициенті өтімділіктің қатаң өлшемі болып табылады, ол қысқа мерзімді берешектердің қай бөлігі қажет болған жағдайда қолда бар ақша қаражаттарының негізінде дереу өтелетіндігін көрсетеді.
2. Жедел өтімділік коэффициенті	0,8 – 1,0	Жедел өтімділік коэффициенті қорларды сату мүмкіндігі болмаған, дағдарыстық жағдайда ұйымның қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеу мүмкіндігін бағалауға мүмкіндік береді.
3. Ағымдағы өтімділік коэффициенті	2,0 – 2,5	Ағымдағы өтімділік коэффициенті бір теңге қысқа мерзімді міндеттемеге қанша теңге қысқа мерзімді активтерден келетіндігін көрсете отырып, ұйымның жалпы өтімділігіне баға береді.

Бұл үш көрсеткіш ұйымның қаржылық жағдайына тек жан-жақты мінездеме беріп қоймай, әртүрлі сыртқы қолданушылардың аналитикалық ақпараттарының қызығушылығына жауап береді. Мысалы, шикізаттар мен материалдарды жеткізушілерді абсолютті өтімділік коэффициенті қызықтырады. Ұйымды несиелейтін банктер, жылдам өтімділік коэффициентіне басты назар аударады. Ұйымның акциялары мен облигацияларын иеленушілер көп жағдайда ұйымның қаржылық тұрақтылығын ағымдағы өтімділік коэффициентімен бағалайды.

Өтімділік пен төлемқабілеттілік экономикалық категория ретінде тепе – тең емес, бірақ тәжірибеде олар өзара тығыз байланысты ұғымдар.

Кәсіпорынның төлемқабілеттілігі – бұл кәсіпорынның өзінің қысқа мерзімді міндеттемелерін (қарыздарын) уақытында және толық көлемде өтеу қабілеттілігін сипаттайтын қаржылық көрсеткіш. Яғни, кәсіпорынның қаржылық жағдайы оның барлық ағымдағы төлемдеріне (жалақы, салықтар, несие төлемдері және басқа міндеттемелер) жауап беруге қаншалықты дайын екендігін көрсетеді.

Кәсіпорынның төлемқабілеттігін талдауда қалыпты жағдайда келесі коэффициенттер есептеледі:

1. Ағымдағы төлемқабілеттілік коэффициенті = Қысқа мерзімді активтер / Қысқа мерзімді кредиторлық қарыздар.

Бұл коэффициент ұйымның қысқа мерзімді кредиторлық қарыздары қаншалықты оның қысқа мерзімді активтерімен жабылатындығын көрсетеді. Ағымдағы төлемқабілеттілік көрсеткішінің ең төменгі мәні – 2-ге тең.

2. Жылдам төлемқабілеттілік коэффициенті = ( Қысқа мерзімді дебиторлық қарыздар + Ұзақ мерзімді дебиторлық қарыздар + Ақша қаражаттары мен оның баламалары) / Қысқа мерзімді кредиторлық қарыздар.

Жылдам төлемқабілеттіліктің төменгі мәні шамамен – 1-ге тең.

3. Абсолютті төлемқабілеттілік коэффициенті = Ақша қаражаттары мен оның баламалары / Қысқа мерзімді кредиторлық қарыздар.

Бұл коэффициент өтімділіктің қатаң өлшемі болып табылады, ол қысқа мерзімді кредиторлық берешектердің қай бөлігі қажет болған жағдайда қолда бар ақша қаражаттарының негізінде дереу өтелетіндігін көрсетеді. Коэффициенттің толық төлемқабілеттілік жағдайындағы ең төменгі мәні – 0,25-ке тең.

4. Жалпы төлемқабілеттілік коэффициенті = Баланс валютасы / (Қысқа мерзімді міндеттемелер + Ұзақ мерзімді міндеттемелер).

Бұл көрсеткіш ұйымның қарыздарын өтей алудың нақты мүмкіндіктерін көрсетеді. Аталған көрсеткіш қызмет көрсету кезінде: капиталды өтеу, инвестицияларды қорларға, дивиденттерді төлеу және т.б. шығындарын жабу үшін ұйымның шаруашылық қызметінің нәтижесінде алған ақша қаражаттарының жеткіліктілігін сипаттайды.

Жалпы төлемқабілеттілік жоғары коэффициенті сырттан қосымша қаражаттарды тарту үшін қолайлы мүмкіндіктерінде минималды қаржылық тәуекелділікті көрсетеді.

Коэффициент деңгейінің төмендеуі ұйымның (оның іскерлік белсенділігінің) кеңейгендігі немесе қысқарғандығын сипаттайды. Жалпы төлемқабілеттілік коэффициентінің қалыпты шегі -  $\geq 2$  [10, 16 б].

Кәсіпорын қызметінің тиімділігі және оның табыс әкелу қабілеті пайдалылық (рентабельділік) коэффициенттерінің көмегімен бағаланады.

Рентабельділік – өндіріс процесіндегі қаражаттардың қолдануы дәрежесін және шығындарды қайтару деңгейін, сондай-ақ өнімді өткізуді сипаттайтын кәсіпорындағы өндіріс тиімділігінің негізгі құндық сапалық көрсеткіштерінің бірі.

Рентабельділік көрсеткіштерінің, рөлі мен маңыздылығы мынада:

1) Кәсіпорынның тиімді жұмыс атқаруын бағалаудағы маңызды критерийлердің бірі.

2) Кәсіпорын қызметінің сапалық, нәтижелік көрсеткіші болып табылады.

3) Рентабельділіктің өсуі кәсіпорынның тұрақтылығына әсер етеді.

4) Оның өсуі нарықтық экономикада бәсекелестік жағдайында жеңіске алып келеді.

5) Иеленушілерге (акционерлерге) оның деңгейі өте маңызды болып табылады, яғни, кәсіпорынға деген қызығушылық артып, акция бағасы өседі.

6) Кредиторлар мен заем берушілер де оның деңгейіне қарай отырып қарыздарын қайтара алу мүмкіндігіне сараптама жасайды.

7) Кәсіпорынның рентабельділік динамикасын салық органдары, қор биржалары меңгереді.

8) Инвесторлар үшін де маңызды болып табылады.

Активтердің рентабельділігі (ROA). Рентабельділік шығындар мен шығыстарға қатысты бағаланады және активтермен салыстыра отырып, компания сату мен пайда табу үшін активтерді орналастырудың қаншалықты тиімді екендігін біледі. ROA өлшемінде «қайтару» терминін пайдалану әдеттегідей таза пайда немесе таза кірісті білдіреді – барлық шығындардан, шығыстардан және салықтардан кейін сатудан түскен пайда мәні. ROA – бұл жалпы активтерге бөлінген таза кіріс.

ROS (Return On Sales) – сатудың табыстылығы. Бұл көрсеткіш кәсіпорынның жалпы пайда/сатудан түскен кірісі ретінде есептеледі. Бұл кірістің әрбір теңгесі қанша пайда әкелетінін көрсетеді. Яғни, егер ROS 20% болса, бұл әрбір алынған табыс теңгесі үшін кәсіпорынға 20 тиын пайда қалады деген сөз.

ROE (Return On Equity) – капиталдың табыстылығы. Кәсіпорынның пайдасы/меншікті капиталы ретінде есептеледі. Міндеттемелерді есепке алмай, кәсіпорынның меншікті қаражатынан пайданың қаншалықты тиімді алынатынын көрсетеді [11].

Рентабельділік – бұл кез-келген кәсіпорынның қызметіне объективті және әділ бағалау жүргізуге көмектесетін маңызды көрсеткіш. Осыған байланысты ол, мысалы, пайда алудың түрлі түрлеріне қарағанда әлдеқайда көп аналитикалық мүмкіндіктер береді. Кейбір коэффициенттердің мәндеріне негізделген тұжырымдар жасай отырып, менеджменттің құзыретті шешімдерін жасай алады және компанияның дамуына және әлауқатына жетелейді [6, 22 б].

Кәсіпорынның қаржылық жағдайына әсер ететін маңызды факторлардың бірі – сыртқы ортаның, атап айтқанда нарықтық жағдайлар мен макроэкономикалық факторлардың әсері. Бұл факторлар ұйымның стратегиялық шешімдеріне, өндірістік және қаржылық нәтижелеріне елеулі ықпал етуі мүмкін. Нарықтық және сыртқы жағдайларды бағалау кәсіпорынның болашақтағы табысты жұмыс істеуіне, қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуіне және даму стратегиясын қалыптастыруына мүмкіндік береді.

Нарықтық және сыртқы жағдайларды бағалау әдістері:

1. PESTEL талдауы: Бұл әдіс саяси, экономикалық, әлеуметтік, технологиялық, экологиялық және құқықтық факторларды бағалауға мүмкіндік береді. PESTEL талдауы кәсіпорынға өз саласындағы мүмкіндіктер мен қауіптерді анықтауға көмектеседі.

2. SWOT талдауы: SWOT талдауы (күшті және әлсіз жақтар, мүмкіндіктер мен қауіптер) кәсіпорынның ішкі және сыртқы жағдайларын бағалауға арналған әдіс болып табылады. Сыртқы факторлар (мүмкіндіктер мен қауіптер) нарықтық және сыртқы жағдайлардан туындайды.

3. Бәсекелестерді талдау: Нарықтағы бәсекелестердің стратегияларын, өнімдерін, бағаларын және басқа да көрсеткіштерін зерттеу кәсіпорынға нарықтық жағдайларды дұрыс бағалауға мүмкіндік береді.

4. Сала талдау: Саладағы тенденциялар, сұраныс динамикасы, жаңа технологиялар мен инновациялар туралы зерттеулер жүргізу де сыртқы жағдайларды бағалаудың бір бөлігі болып табылады.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау процесі ішкі және сыртқы ортадағы өзгерістерге уақытылы әрекет етуді қамтамасыз ететін үздіксіз міндеттер тізімі болып табылады. Қаржылық талдау және бағалау кәсіпорынның тиімділігін арттыру, инвестициялар тарту және қаржылық тәуекелдерді басқару үшін қажетті ақпарат береді. Сондықтан бұл процесс үнемі жүргізіліп отыруы тиіс. Себебі, сыртқы жағдайлар мен ішкі өзгерістерге қаржылық талдау мен бағалау нәтижелерін қолдана отырып, жылдам жауап беру кәсіпорынның табысты жұмыс істеуі үшін маңызды әрекеттер жиынтығы болып табылады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Шиян Д.В., Строченко Н.И. Финансовый анализ: учеб. пособие - К.: Издательство А.С.К., 2005. – 240 с.

2. Ковалев, В.В. Финансовый Анализ: Учебник для ВУЗов. М.: Финансы и Статистика, 2023. - 519 с.

3. Иванов Д.И. Основы Финансовой Отчетности и Анализа. СПб.: Экономический институт, 2022. – 255 с.

4. Игнатьева Е.В. Методика анализа финансового состояния предприятия // Молодой ученый. – 2015. – № 5. – 275 с.

5. Попов, А.А. Финансовый Менеджмент: Практическое Руководство. Новосибирск: Издательство "Наука", 2021. – 244 с.

6. Баймұқашева М.Қ. Кәсіпорын экономикасы : оқу құралы. Атырау, 2019. - 204 б.

7. Савицкая Г.В. Анализ хозяйственной деятельности промышленного предприятия. – Мн.: ИСЗ, 2012. – 300 с.

8. Демесінов Т.Ж. Қаржылық талдау: Оқулық. - Алматы: ЖШС РПБК Д 29 «Дәуір», 2011.-320 б.

9. Қаржылық энциклопедия [Электрондық ресурс]. – 2021.- URL: <https://kz.nesrakonk.ru/liquidityratios> (кіру күні: 18.11.2024).

10. Джаншанло Р.Е., Байдаулетов М., Ақтөреева Э.Ә. Қаржылық талдау: Оқу құралы.- Алматы, 2017. - 288 б.

11. Оценка компании с помощью показателей рентабельности ROS, ROA, ROE [Электронный ресурс] – 2022.- URL: <https://investfuture.ru/edu/articles/otsenka-kompanii-c-pomoschju-pokazatelej-rentabelnosti-ros-roa-roe> (дата обращения: 19.11.2024).

#### Авторлар туралы мәліметтер

\*Каканова Аида Даденбасовна – студент, Каспий Қоғамдық университеті, email: [aika.kakanova@mail.ru](mailto:aika.kakanova@mail.ru)

\*\*Гумар Назира Ануарбекқызы – э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Каспий Қоғамдық университеті, email: [gumnaz@mail.ru](mailto:gumnaz@mail.ru)

#### Сведения об авторах

\*Каканова Аида Даденбасовна – студент, Каспийский Общественный Университет, email: [aika.kakanova@mail.ru](mailto:aika.kakanova@mail.ru)

\*\*Гумар Назира Ануарбековна – к.э.н., ассоциированный профессор, Каспийский Общественный Университет, email: [gumnaz@mail.ru](mailto:gumnaz@mail.ru)

**Information about the authors**

\*Kakanova Aida Dadenbasovna – student, Caspian Public University, email: [aika.kakanova@mail.ru](mailto:aika.kakanova@mail.ru)

\*\*Gumar Nazira Anuarbekovna – PhD, associate professor, Caspian Public University, email: [gumnaz@mail.ru](mailto:gumnaz@mail.ru)

УДК 336.02

## ВЛИЯНИЕ ЦИФРОВИЗАЦИИ И ФИНАНСОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ (FINTECH) НА БАНКОВСКИЙ СЕКТОР РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Каримова И.<sup>1</sup>, Свиридова Е.В.<sup>2</sup>

Научный руководитель: доктор PhD Имрамзиева М.Я.

<sup>1,2</sup> Каспийский Общественный Университет, г. Алматы, Республика Казахстан

**Аннотация.** В данной статье рассматривается преобразующее влияние цифровизации и финансовых технологий (FinTech) на банковский сектор Республики Казахстан, а также интеграция инновационных технологий, таких как мобильный банкинг, блокчейн и искусственный интеллект. В исследовании подчеркивается, как финансовые технологии повышают качество обслуживания клиентов, операционную эффективность и доступность финансовых услуг, одновременно решая проблемы кибербезопасности и нормативно-правовой базы. Рассмотрены глобальные тенденции и позиция Казахстана по внедрению цифровых технологий, предложены рекомендации по устойчивому развитию банковского сектора.

**Ключевые слова:** цифровизация, финансовые технологии, банковский сектор Казахстана, инновации, финансовые услуги.

## ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ (FINTECH) ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАНК СЕКТОРЫНА ӘСЕРІ

Каримова И.<sup>1</sup>, Свиридова Е.В.<sup>2</sup>

Ғылыми жетекшісі: PhD докторы Имрамзиева М.Я.

<sup>1,2</sup> Каспий Қоғамдық университет, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа.** Бұл мақалада цифрландыру мен қаржы технологияларының (FinTech) Қазақстан Республикасының банк секторына трансформациялық әсері, сондай-ақ мобильді банкинг, блокчейн және жасанды интеллект сияқты инновациялық технологиялардың интеграциясы қарастырылады. Зерттеу қаржылық технологиялардың киберқауіпсіздік пен нормативтік-құқықтық база мәселелерін шеше отырып, тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын, операциялық тиімділікті және қаржылық қызметтердің қолжетімділігін қалай арттыратынын көрсетеді. Цифрлық технологияларды енгізу бойынша Қазақстанның жаһандық үрдістері мен ұстанымы қаралды, банк секторын тұрақты дамыту бойынша кеңестер ұсынылды.

**Түйін сөздер:** цифрландыру, қаржы технологиялары, Қазақстанның банк секторы, инновациялар, қаржылық қызметтер.

## THE IMPACT OF DIGITALIZATION AND FINANCIAL TECHNOLOGIES (FINTECH) ON THE BANKING SECTOR OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Karimova I.<sup>1</sup>, Sviridova E.V.<sup>2</sup>

Scientific supervisor: PhD Imramzieva M.Y.

<sup>1,2</sup> Caspian Public University, Almaty, Republic of Kazakhstan

**Annotation.** This article examines the transformative impact of digitalization and financial technologies (FinTech) on the banking sector of the Republic of Kazakhstan, as well as the integration of innovative technologies such as mobile banking, blockchain and artificial intelligence. The study highlights how financial technologies improve customer service, operational efficiency and accessibility of financial services, while addressing cybersecurity and regulatory challenges. Global trends and Kazakhstan's position on the introduction of digital

technologies are considered, recommendations for the sustainable development of the banking sector are proposed.

**Keywords:** digitalization, financial technologies, Kazakhstan's banking sector, innovations, financial services.

**Введение.** Цифровизация и стремительное развитие финансовых технологий (FinTech) трансформируют банковский сектор во всем мире, в том числе и в Казахстане. Благодаря интеграции цифровых инструментов, таких как блокчейн, искусственный интеллект (ИИ) и мобильный банкинг, работа банков становится более эффективной, клиентоориентированной и инновационной. Однако эти достижения также создают проблемы, связанные с кибербезопасностью и соблюдением нормативных требований. В этой статье рассматривается влияние цифровизации и финансовых технологий на банковский сектор Казахстана, выделяются возможности и проблемы, связанные с данными технологиями.

**Литературный обзор.** Глобальный рост числа финтех-стартапов подчеркивает их революционный потенциал, предлагая клиентам более быстрые и дешевые альтернативы традиционным банковским услугам. В Казахстане финтех-приложения в основном ориентированы на потребительское финансирование, микрозаймы и платежные услуги [1, с. 244]. Исследования подчеркивают, что финансовые технологии улучшают качество обслуживания клиентов и операционную эффективность, одновременно обеспечивая доступ к финансовым услугам в районах с недостаточным уровнем обслуживания [2, с. 18].

Одним из важных факторов внедрения финансовых технологий является растущее использование мобильного и интернет-банкинга. Пандемия еще больше ускорила эту тенденцию, поскольку банки были вынуждены внедрять модели удаленного предоставления услуг [3, с. 32]. Более того, достижения в области искусственного интеллекта и анализа больших данных позволили банкам персонализировать услуги и эффективно прогнозировать поведение клиентов [4, с. 53].

Помимо улучшения взаимодействия с клиентами, финансовые технологии коренным образом меняют операционные модели банков. Традиционные банки все чаще внедряют цифровые экосистемы для повышения гибкости и масштабируемости. Например, облачные технологии снижают затраты на инфраструктуру и улучшают доступность данных, позволяя банкам предоставлять услуги более эффективно [1, с. 247]. Кроме того, интеграция API облегчает взаимодействие со сторонними поставщиками услуг, предоставляя широкий спектр инновационных продуктов, адаптированных к потребностям клиентов.

В то же время развитие финансовых технологий усилило конкуренцию в финансовом секторе. Цифровые платежные системы, такие как Kaspi Pay и транзакции на основе QR-кода, завоевали значительную долю рынка, бросив вызов традиционным банковским услугам. Этот сдвиг не только создает возможности для роста, но и вынуждает банки постоянно внедрять инновации для поддержания лояльности клиентов [2, с. 19]. По мере того, как банки трансформируются, чтобы оставаться конкурентоспособными, конвергенция традиционных и цифровых моделей становится определяющей характеристикой банковского сектора Казахстана.

**Методология.** В данном исследовании используется всесторонний анализ качественных и количественных данных для оценки развития цифровых технологий в банковском секторе Казахстана. Источниками данных являются финансовые отчеты, отраслевая статистика и соответствующие тематические исследования за 2022-2023 годы. Для оценки проникновения цифровых технологий в банковское дело использовались аналитические инструменты, такие как балльно-индексный метод [5, с. 19].

Для обеспечения всестороннего анализа в исследование были включены данные как крупных, так и небольших финансовых учреждений, что позволило выявить



тенденции в различных сегментах рынка. Использование панельных данных позволило изучить динамические эффекты цифровизации с течением времени, подчеркнув прогресс, достигнутый банками во внедрении таких инноваций, как мобильный банкинг и интеграция API. Кроме того, в ходе анализа были рассмотрены макроэкономические факторы, такие как роль правительственных инициатив в продвижении цифровизации и их влияние на эффективность всего сектора.

Графическое представление результатов, такое как таблицы и диаграммы, было использовано для визуализации ключевых тенденций и взаимосвязей между внедрением цифровых технологий и эффективностью банковской деятельности. Например, данные из Kaspi.kz помогли проиллюстрировать быстрый рост цифровых платежей и возросшую роль цифровых платформ в банковских операциях [1, с. 245]. Этот методологический подход позволил получить представление об эффективности стратегий цифровизации и областях, требующих дальнейшего совершенствования.

**Результаты и обсуждение.** Применение финансовых технологий в банковском секторе Казахстана:

Финтех-инновации в Казахстане сосредоточены вокруг:

1. Цифровых платежных систем: Технологии, которые используются в Kaspi.kz произвели революцию в том, как потребители взаимодействуют с финансовыми услугами, предлагая беспрепятственные транзакции и расширяя доступ к цифровому банкингу [6, с. 241].

2. Кредитных платформ: Пиринговое (P2P) и бизнес-пиринговое (P2B) кредитование растет, предоставляя альтернативные варианты кредитования.

3. Блокчейна и криптовалюты: Блокчейн изучается для обеспечения безопасности транзакций, в то время как внедрение криптовалют остается ограниченным из-за нормативных ограничений [7, с. 247].

Операционная эффективность и снижение затрат:

Интеграция искусственного интеллекта, роботизированной автоматизации процессов (RPA) и облачных вычислений оптимизировала операционные процессы в банковском секторе. Эти технологии помогают сократить расходы, повысить эффективность принятия решений и снизить риски [8, с. 45].

Проблемы и риски:

Хотя цифровизация дает значительные преимущества, она также сопряжена с рисками:

1. Угрозы кибербезопасности: Растущая активность в сфере цифровых технологий делает банки уязвимыми для кибератак.

2. Проблемы регулирования: Отсутствие всеобъемлющих нормативных актов в области финансовых технологий создает проблемы для интеграции в традиционные банковские системы.

Таблица 1 - Рост цифровых банковских услуг в Казахстане (2022-2023 гг.)

Показатель	2022	2023	Темпы прироста (%)
Количество активных цифровых пользователей	19,3 миллиона	23 миллиона	19%
Цифровые транзакции (в миллиардах тенге)	501,3	596,8	16%
Финтех-стартапы	150	200	33%

Внедрение финтех-решений:

В Казахстане значительно возросло распространение финансовых технологий, особенно в сфере цифровых платежей, кредитных платформ и автоматизированных

банковских услуг. Такие банки, как Kaspi.kz, стали пионерами в области интеграции финтех-решений, предлагая удобные услуги, такие как платежи на основе QR-кода и мобильный банкинг. Растущее предпочтение цифровых технологий традиционному банковскому обслуживанию отражает более широкую глобальную тенденцию к расширению доступа к финансовым услугам [6, с. 242].

Сравнение эффективности цифровых и традиционных банковских услуг:




Рисунок 1 – Сравнение среднемесячного количества транзакций через традиционный и цифровой банкинг в млн. тенге за 2022-2023 годы

Примечание: рисунок составлен на основе источника [9].

Среднемесячное количество транзакций через традиционный банкинг в 2022 году составило 14 млн, а в 2023 году увеличилось до 16 млн, что демонстрирует прирост на 14,29%. Это обусловлено устойчивым доверием к традиционным финансовым учреждениям у части клиентов, особенно старшего поколения, которые продолжают использовать офлайн-услуги, а также стабильностью инфраструктуры традиционного банкинга в условиях ограниченного проникновения интернета в ряде регионов.

В 2022 году среднемесячное количество транзакций в цифровом банке составило 450 млн, а в 2023 году увеличилось до 460 млн, что демонстрирует прирост на 2,22%. Несмотря на более низкий темп прироста по сравнению с традиционным банкингом, абсолютные показатели цифровых транзакций превышают традиционный банкинг в десятки раз. Причиной служит развитие финансовых технологий, предоставляющих дополнительные финансовые инструменты, включая мгновенные переводы, онлайн-кредиты и цифровые кошельки. Однако низкий темп прироста (2,22%) может указывать на то, что рынок цифрового банкинга близок к насыщению, особенно в крупных городах.




Рисунок 2 - Сравнение количества мошеннических действий в традиционном и цифровом банкинге в тыс. случаев за 2022-2023 годы

Примечание: рисунок составлен на основе источника [10].

Количество зафиксированных мошеннических действий в традиционном банкинге увеличилось с 290 случаев в 2022 году до 320 случаев в 2023 году, что демонстрирует прирост на 10,34%. Несмотря на этот рост, абсолютные показатели мошенничества в традиционном банкинге остаются минимальными в сравнении с цифровым сегментом, потому что существует физическая проверка личности клиента, что затрудняет проведение мошеннических операций. Прирост случаев мошенничества может быть связан с постепенной цифровизацией услуг, предоставляемых в традиционном банкинге (например, через банкоматы или онлайн-заявки).

Количество мошеннических действий в цифровом банкинге увеличилось с 19,9 тыс. в 2022 году до 21,8 тыс. в 2023 году, что демонстрирует прирост на 9,55%. Такой высокий прирост объясняется разнообразием схем мошенничества, включая фишинг, взломы аккаунтов, мошеннические сайты и схемы социальной инженерии, а также достаточно низкой финансовой грамотностью части пользователей, что делает их более уязвимыми к новым формам мошенничества.

Влияние цифровизации на прибыльность:

Банки, которые рано перешли на цифровизацию, добились существенного роста прибыльности. Цифровые платформы не только сократили операционные расходы, но и предоставили лучшие возможности для монетизации благодаря таким сервисам, как интеграция с электронной коммерцией и финансовые инструменты на основе подписки.

**Заключение.** Цифровизация банковского сектора Казахстана стала ключевым фактором инноваций и эффективности, значительно изменив способы предоставления и потребления финансовых услуг. Интеграция финтех-решений, таких как цифровые платежные платформы, аналитика на основе искусственного интеллекта и блокчейн-технологии, позволила банкам повысить операционную эффективность, снизить затраты и обеспечить персонализированный подход к работе с клиентами. Эти достижения не только повысили доступность и инклюзивность финансовых услуг, но и укрепили способность сектора адаптироваться к меняющимся требованиям потребителей и глобальным тенденциям.

Однако переход к цифровому банкингу сопряжен с трудностями. Риски кибербезопасности, неопределенность в области регулирования и необходимость постоянного технологического обновления остаются актуальными проблемами. Решение этих проблем требует совместного подхода с участием политиков, финансовых учреждений и поставщиков технологий. Продвигая политику, благоприятствующую инновациям, и обеспечивая надежную систему защиты данных, Казахстан может продолжать использовать цифровизацию в качестве инструмента устойчивого роста своего банковского сектора, укрепляя свои позиции в глобальной финансовой экосистеме.

#### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Gumar, N. A., Zhanibekova, G. K., et al. (2023). Влияние цифровых технологий на эффективность банковской деятельности. Экономика: стратегия и практика, 18(3), 241-250.
2. Adrian, T., & Ashcraft, A. B. (2016). Shadow banking: a review of the literature. *Banking Crises: Perspectives*, 282-315.
3. Broby, D. (2021). Financial technology and the future of banking. *Financial Innovation*, 7(1), 1-19.
4. Liu, F. H., Norden, L., & Spargoli, F. (2020). Does uniqueness in banking matter? *Journal of Bank Finance*, 120, 105941.
5. Kaspi.kz Исследование (2022). Финансовые отчеты.

6. Makhitarova, E. S., & Galyaeva, L. E. (2022). Анализ влияния цифровой среды на банковскую деятельность. Вестник Алтайской академии экономики и права, 7(2), 261-267.
7. Филиппов, Д. И. (2018). О влиянии финансовых технологий на развитие финансового рынка. Российский бизнес, 19 (5), 1437-1464.
8. Vishnu, S., et al. (2017). Data-centered dependencies and opportunities for RPA in banking. Journal of Financial Transformation, 45(1), 68–76.
9. Анализ рынка платежей в Республике Казахстан за 2023 год [Электронный ресурс]. – URL: [https://www.pwc.com/kz/en/publications/publication\\_assets/strategy-payments-july-2024-rus.pdf](https://www.pwc.com/kz/en/publications/publication_assets/strategy-payments-july-2024-rus.pdf)
10. Снижение мошенничества в Казахстане [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/pravstat/press/news/details/633400?lang=ru>

#### **Сведения об авторах**

\*Каримова Инара – студент Каспийского Общественного Университета, e-mail: inarakarimova0@gmail.com

\*\*Свиридова Екатерина Витальевна – студент Каспийского Общественного Университета, e-mail: katiokka.03@gmail.com

#### **Авторлар туралы мәліметтер**

\* Каримова Инара - Каспий қоғамдық университетінің студенті, e-mail: inarakarimova0@gmail.com

\*\* Свиридова Екатерина Витальевна - Каспий қоғамдық университетінің студенті, e-mail: katiokka.03@gmail.com

#### **Information about the authors**

\*Karimova Inara – student of the Caspian Public University, e-mail: inarakarimova0@gmail.com

\*\*Sviridova Ekaterina Vitalievna – student of the Caspian Public University, e-mail: katiokka.03@gmail.com

ӘОЖ 33.331

## **ҰЙЫМНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Келіс Асия,<sup>1</sup> Отарбаева А. Б.<sup>2</sup>**

<sup>1,2</sup> Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Каспий қоғамдық университеті, Экономика және басқару жоғары мектебі

**Аңдатпа.** Бұл мақала ұйымның бәсекеге қабілеттілігінің факторларының бірі ретінде корпоративтік мәдениеттің рөлін зерттеуге арналған. Автор корпоративтік мәдениетті қалыптастырудың негізгі тәсілдерін, оның қызметкерлердің жұмысына әсерін, сондай-ақ корпоративтік мәдениет пен компанияның стратегиялық дамуы арасындағы байланысын қарастырады.

**Кілт сөздер:** корпоративтік мәдениет, бәсекеге қабілеттілік, мотивация, көшбасшылық, компанияның құндылықтары, тиімділік, инновация, стратегия, жұмыс атмосферасы, бедел.

**Аннотация.** Данная статья посвящена исследованию роли корпоративной культуры как одного из факторов конкурентоспособности организации. Автор рассматривает

основные пути формирования корпоративной культуры, ее влияние на работу сотрудников, а также связь корпоративной культуры со стратегическим развитием компании.

**Ключевые слова:** корпоративная культура, конкурентоспособность, мотивация, лидерство, ценности компания, эффективность, инновация, стратегия, рабочая атмосфера, авторитет.

**Annotation.** This article is devoted to the study of the role of corporate culture as one of the factors of organizational competitiveness. The author considers the main ways of forming corporate culture, its impact on the work of employees, as well as the connection between corporate culture and the company's strategic development.

**Key words:** corporate culture, competitiveness, motivation, leadership, company values, efficiency, innovation, strategy, work atmosphere, authority.

Корпоративтік мәдениет — бұл ұйым мүшелері арасында ортақ құндылықтар, нормалар, дәстүрлер мен нанымдардың жиынтығы, ол қызметкерлердің жұмыс процесінде мінез-құлқын және қарым-қатынасын анықтайды. Бұл ұйымның ішкі динамикасын реттейтін, сондай-ақ сыртқы серіктестер мен клиенттермен байланыстарды қалыптастыратын «жазылмаған кодекс» рөлін атқарады. Корпоративтік мәдениет ұйымның рухани негізін құрап, оның нарықтағы орнын, дамуы мен жетістіктерін айқындайды. Әрбір компания үшін мәдениет тек жұмыс атмосферасын ғана емес, сонымен қатар бәсекелестік артықшылықтарын қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады.

Белгілі ғалым Эдгар Шайн корпоративтік мәдениетті үш деңгейге бөледі:

1. **Артефактілер** – бұл мәдениеттің көрінетін, сезілетін элементтері: кеңсе дизайны, қызметкерлердің киім үлгісі (дресс-код), ұйымдастырылатын рәсімдер мен күнделікті тәжірибелер. Бұл элементтер тікелей байқалатын және сырттай айқын көрінетін мәдени белгілер болып табылады.

2. **Құндылықтар** – әртүрлі жағдайларда ұйым мүшелерінің қандай іс-әрекеттер жасау қажеттігін көрсететін саналы нанымдар. Құндылықтар ұйымның стратегиялық бағытына, жұмыс принциптеріне және қызметкерлердің күнделікті іс-әрекеттеріне негіз болады.

3. **Негізгі нанымдар** – бұл терең деңгейдегі мәдениет элементтері, олар адамдардың «дұрыс» және «бұрыс» деген ұғымдарын қалыптастырады. Көп жағдайда бұл элементтер бейсаналы түрде әрекет етеді және ұйымның барлық қызметінде көрініс табады.[1]

Осылайша, корпоративтік мәдениет тек қызметкерлердің күнделікті жұмысын ғана емес, сонымен қатар олардың мотивациясын, қанағаттануын және жалпы өнімділігін де айқындайды. Ол ұйымның ішкі ахуалына әсер етіп, компанияның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігіне тікелей ықпал етеді.

Корпоративтік мәдениет ұйымның бәсекеге қабілеттілігіне айтарлықтай әсер етеді, себебі ол қызметкерлердің жұмысқа деген қатынасын, ынталандыру деңгейін және жалпы ұйымның ішкі динамикасын айқындайды. Бұл мәдениет ұйымның нарықта тиімді әрекет ету қабілетіне, сондай-ақ оның тұрақтылығы мен өсуіне тікелей ықпал етеді.[2]

Алдымен, корпоративтік мәдениеттің қызметкерлердің жұмыс тиімділігіне ықпал етуі маңызды. Мәдениеті айқын, құндылықтарға негізделген ұйымдарда қызметкерлердің жұмысқа деген қатысуы жоғары болады. Олар өз жұмысына жауапкершілікпен қарайды, ал бұл өз кезегінде өнімділікке және компанияның өнімдері мен қызметтерінің сапасына тікелей әсер етеді. Қызметкерлер жұмысқа тартылған кезде, олар өз міндеттерін барынша орындауға ұмтылады, бұл ұйымның жалпы тиімділігін арттырады. Бұл фактор компанияның бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге және нарықтағы орнын нығайтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, корпоративтік мәдениет ұйымдағы қарым-қатынас стилін де айқындайды. Ашық және шынайы коммуникация орнаған компаниялар ішкі мәселелерді тиімді шешеді, дағдарыстық жағдайларда тез арада бейімделіп, қажетті шешімдер қабылдайды. Мұндай ортада қызметкерлер арасында сенім қалыптасады, бұл өз кезегінде компанияның тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, ашық қарым-қатынас мәдениеті сыртқы тұтынушылармен, серіктестермен және клиенттермен байланыстарды жақсартады, олардың қанағаттануын арттырады, бұл да ұйымның нарықтағы позициясын нығайтуға әсер етеді.

Корпоративтік мәдениет талантты мамандарды тарту мен сақтауға да үлкен әсер етеді. Күшті корпоративтік мәдениет бар ұйымдар жоғары білікті және дарынды қызметкерлерді өзіне тартады. Олар өз күш-жігері мен кәсіби қасиеттерінің бағаланатынын сезініп, жұмысына деген ынта-жігері артады. Мұндай ұйымдар қызметкерлерге кәсіби өсу мүмкіндіктерін ұсынады, бұл олардың ұзақ уақыт бойы компанияда қалуына және ұйымға деген адалдықтарының жоғары болуына септігін тигізеді. Дарынды қызметкерлерді тарту мен сақтау ұйымның бәсекелестік артықшылықтарының бірі болып табылады.

Компанияның корпоративтік мәдениеті оның инновацияларға деген қабілетіне де ықпал етеді. Мәдениеті инновацияларды қабылдауға, өзгерістерге бейімделуге бағытталған ұйымдар сыртқы нарықтағы өзгерістерге жылдам жауап береді. Мұндай компаниялар жаңа технологиялар мен жұмыс әдістерін енгізу арқылы нарықтық өзгерістерге жылдам бейімделеді. Бұл оларға өз бәсекелестерінен озып, нарықта алдыңғы қатарда болуға мүмкіндік береді.

Икемді және инновациялық мәдениет компанияның дамуында маңызды рөл атқарады, себебі ол жаңа мүмкіндіктер мен нарықтық сұраныстарға бейімделуге мүмкіндік береді.[4]

Аталған факторлар компанияның сыртқы беделіне де әсер етеді. Жақсы дамыған корпоративтік мәдениет ұйымның имиджін қалыптастырып, оны сенімді серіктес ретінде танытады. Әлеуметтік жауапкершілік пен этикалық құндылықтарды ұстанатын компаниялардың нарықтағы тұрақтылығы жоғары болады, ал олардың бәсекеге қабілеттілігі артатыны сөзсіз. Мықты корпоративтік мәдениет сыртқы тұтынушылар мен әлеуетті инвесторларға компанияның сенімді және этикалық екенін көрсетеді, бұл оның нарықтағы позициясын күшейтеді.

Мықты корпоративтік мәдениет кейбір компаниялар үшін тек қана ұйым ішіндегі ахуалды реттеп қана қоймай, олардың нарықтағы көшбасшылық позицияларын қалыптастыруға да септігін тигізді. Мұндай мәдениеттер инновациялар мен тұрақты даму негізінде құрылып, компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттырады. Бұл тұрғыда **Google** компаниясының тәжірибесі айрықша назар аударады. Google-дің корпоративтік мәдениетінің негізінде ашықтық пен еркіндік жатыр. Компанияның негізгі философиясы — қызметкерлерді өз идеяларын еркін білдіруге ынталандыру. Мұнда шығармашылық шекаралары жоқ, қызметкерлер өздерінің жобаларында тәуелсіздік пен жауапкершілік алады. Google-дің жұмыс ортасы қызметкерлердің идеяларын, пікірлерін бөлісіп, олардың жүзеге асуына барынша жағдай жасауға бағытталған. Компанияда ешқандай түбегейлі иерархия жоқ — бұл басқарушылар мен қызметкерлер арасында еркін қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.[4]

Google-дің жұмыс мәдениетінде «өзгерістерге ашық болу» принципі де маңызды рөл атқарады. Компания қызметкерлерінің жаңа идеяларға деген ашықтығын қолдап, оларды іске асыру үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етеді. Мысалы, Google қызметкерлеріне аптасына 20% уақытын өз жобаларына жұмсауға рұқсат береді. Бұл инновациялық идеялардың пайда болуына және жаңа өнімдер мен қызметтердің енгізілуіне ықпал етеді. Атап айтқанда, **Gmail** және **Google News** сияқты өнімдер дәл осы еркіндік пен шығармашылықтың арқасында дүниеге келген.

Тағы бір айрықша мысал ретінде **Zappos** компаниясын атауға болады. Zappos өзінің корпоративтік мәдениетінде клиенттерге деген ерекше назар мен қызметкерлерге деген қамқорлықты ұштастырады. Бұл компания үшін корпоративтік мәдениет тек қызметкерлердің бір-бірімен қарым-қатынасын емес, сонымен қатар клиенттермен өзара іс-қимылын да қалыптастыратын маңызды күшке айналған. Zappos компаниясы клиенттермен сенімді және адал қарым-қатынас орнатып, олардың қажеттіліктеріне жоғары деңгейде жауап береді, ал қызметкерлер өздерін құрметтелген әрі бағаланған сезінеді. Мұндай мәдениет компанияның қызметкерлері мен тұтынушылары арасындағы адалдықты арттырып, Zappos-қа онлайн-сауда нарығында көшбасшы болуға мүмкіндік берді. Бәсекелестерінен ерекшеленіп, клиенттерге деген шынайы қамқорлық пен ерекше қызмет көрсету мәдениетін қалыптастырған Zappos нарықта тұрақты жетістікке жетіп, өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттырды [5].

Бұл мысалдар корпоративтік мәдениеттің тек ұйымның ішкі динамикасына ғана емес, сонымен қатар сыртқы нарықтағы табысына да тікелей әсер ететінін көрсетеді. Мықты және стратегиялық тұрғыдан қалыптасқан корпоративтік мәдениет компанияларға тек қана тиімді жұмыс істеуге емес, сондай-ақ индустрияның көшбасшысы болуға мүмкіндік береді.

Корпоративтік мәдениетті қалыптастыру және оны қолдау, әрине, айқын артықшылықтарға карамастан, күрделі әрі ұзақ процесс болуы мүмкін. Бұл салада ұйымдар кейде келесі қиындықтарға тап болады:

Жаңа құндылықтар мен корпоративтік мәдениеттегі өзгерістерді енгізу қызметкерлер тарапынан қарсылыққа ұшырауы мүмкін, әсіресе өзгерістер таныс жұмыс әдістеріне және қалыптасқан дәстүрлерге қауіп төндірген жағдайда. Қызметкерлердің өзгерістерді қабылдауы олардың жұмыс тәртібіне немесе әлеуметтік ортасына әсер ететініне деген алаңдаушылықпен байланысты болуы мүмкін.

Егер компанияның басшылығы корпоративтік мәдениетті қалыптастыру мен дамытуға белсенді түрде араласпаса, онда ұйымның құндылықтары мен ішкі нормалары қызметкерлер тарапынан маңызсыз немесе елеусіз деп қабылдануы мүмкін. Басшылықтың мәдениетті басқаруға деген белсенді қатысуы – оның тиімділігі мен ұйым ішіндегі жалпы ахуалдың тұрақтылығы үшін шешуші фактор.

Халықаралық немесе көпмәдениетті ұйымдарда әртүрлі елдер мен мәдениеттерден келген қызметкерлердің түрлі корпоративтік мәдениетке деген көзқарастарының болуы жиі қақтығыстарға әкелуі мүмкін. Әртүрлі ұлттық және мәдени ерекшеліктер жұмыс процесіне әсер етуі мүмкін, бұл ұйым ішінде түсінбеушілік пен жанжалдарға себеп болуы ықтимал [6].

Кейбір ұйымдар корпоративтік мәдениеттің қалыптасуын және оның тиімділігін бағалау үшін қажетті құралдар мен әдістерге ие болмауы мүмкін. Бұл өз кезегінде мәдениет өзгерістерін бақылау мен оңтайландыруды қиындатуы, сондай-ақ алға жылжуды бағалауға қажетті деректердің болмауына әкелуі мүмкін.

Қорытындылай келе, корпоративтік мәдениет ұйымның бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын басты факторлардың бірі болып табылады. Күшті, орнықты корпоративтік мәдениет қалыптастыру – бұл тек ішкі атмосфераны жақсарту ғана емес, сонымен қатар қызметкерлердің қатысуын арттыру, өнімдер мен қызметтердің сапасын жоғарылату, компанияның нарықтағы беделін нығайту сияқты маңызды қадамдарды да қамтиды. Бірақ мұның бәрі үшін көшбасшылық, қарым-қатынас, мотивация және үздіксіз оқыту сияқты аспектілерді ескеріп, оларды тиімді жүзеге асыру қажет. Қатаң бәсекелестік жағдайда өз корпоративтік мәдениетіне инвестиция салған компаниялар тек қана қазіргі кезеңде емес, алдағы уақытта да нарықта озық тұрып, ұзақ мерзімді тұрақты даму мен жетістікке жету мүмкіндігіне ие болады.

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Карпова И.В. Корпоративтік мәдениет: ұйымды басқарудағы рөлі. М., 2020.

2. Шайн, Э. Корпоративтік мәдениет: ұйымдастырушылық мәдениеттер қалай қалыптасады және оларды қалай өзгертуге болады. М.: Альпі Баспагері. (2010).
3. Герчикова, И. В. Корпоративтік мәдениет және оның ұйымның дамуына әсері. (2009).
4. <https://hurma.work/ru/blog/korporativnaya-kultura-google-kak-v-kompanii-uderzhivayut-luchshih-sotrudnikov/>
5. <https://hurma.work/ru/blog/dostavlyaya-schaste-principy-korporativnoj-kultury-zappos/>
6. <https://www.wrike.com/ru/blog/chto-takoe-korporativnaya-kultura-kak-ee-sozdat/>

#### **Авторлар туралы мәліметтер**

**Келіс Асия** – Каспий Қоғамдық университетінің «Менеджмент» мамандығының 4-ші курс студенті.

**Отарбаева Айжан Базарбаевна** - Каспий Қоғамдық университетінің «Экономика және менеджмент» кафедрасының оқытушысы, экономика ғылымдарының магистрі, e-mail: [a-o777@mail.ru](mailto:a-o777@mail.ru)

#### **Сведения об авторах**

**Келіс Асия** – студент 4 курса Каспийского общественного университета по специальности «Менеджмент».

**Отарбаева Айжан Базарбаевна** – преподаватель кафедры «Экономика и менеджмент» Каспийского общественного университета, магистр экономических наук, e-mail: [a-o777@mail.ru](mailto:a-o777@mail.ru)

#### **Information about the authors**

**Kelis Asya** -4th year student of the Caspian Public University, specialty “Management “

**Otarbaeva Aizhan Bazarbaevna** – teacher of the Department of Economics and Management of the Caspian Public University, Master of Economic Sciences, e-mail: [a-o777@mail.ru](mailto:a-o777@mail.ru)

УДК 338.1

## **РОЛЬ ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКИ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ**

**Кесекбаев Д.Р.<sup>1</sup>**

Каспийский общественный университет, г. Алматы, Республика Казахстан  
научный руководитель м.э.н., Большекбаева К.О.

**Аннотация:** В данной статье рассматривается влияние цифровой экономики на наше общество и глобальные рынки. Особое внимание уделяется ключевым аспектам ее развития, включая цифровизацию и автоматизацию бизнеса, внедрение новых технологий, например Искусственный Интеллект и блокчейн, трансформацию трудовых отношений. Анализируются плюсы цифровой экономики, такие как повышение эффективности и прозрачности процессов. В заключение делается вывод о необходимости активного взаимодействия с государством, бизнеса и общества для устойчивого развития экономики.

**Ключевые слова:** цифровизация, цифровые технологии, бизнес-модель, блокчейн.

## **ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ РӨЛІ**



**Кесекбаев Д.Р.<sup>1</sup>**

Каспий қоғамдық университеті, Алматы қ, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекші э.ғ.м., Бөлшекбаева Қ.О.

**Аңдатпа:** Бұл мақала цифрлық экономиканың біздің қоғамға және жаһандық нарықтарға әсерін қарастырады. Оны дамытудың негізгі аспектілеріне, оның ішінде цифрландыру мен бизнесті автоматтандыруға, жасанды интеллект пен блокчейн сияқты жаңа технологияларды енгізуге, еңбек қатынастарын өзгертуге ерекше көңіл бөлінеді. Цифрлық экономиканың тиімділік пен процестердің ашықтығын арттыру сияқты артықшылықтары талданады. Қорытындылай келе, экономиканың тұрақты дамуы үшін мемлекетпен, бизнеспен және қоғаммен белсенді өзара іс-қимыл қажет деген қорытынды жасалады.

**Түйін сөздер:** цифрландыру, цифрлық технологиялар, бизнес-модель, блокчейн

## **THE ROLE OF THE DIGITAL ECONOMY IN THE MODERN WORLD**

**Kessekbayev D.R.<sup>1</sup>**

Caspian University, Almaty, Republic of Kazakhstan  
scientific supervisor, Master of Economic Sciences, Bolshekbaeva K.O.

**Abstract:** This article examines the impact of the digital economy on our society and global markets. Particular attention is paid to key aspects of its development, including digitalization and automation of business, the introduction of new technologies, such as Artificial Intelligence and blockchain, and the transformation of labor relations. The advantages of the digital economy, such as increased efficiency and transparency of processes, are analyzed. In conclusion, a conclusion is made about the need for active interaction with the state, business, and society for sustainable economic development.

**Key words:** digitalization, digital technologies, business model, blockchain.

Современный мир на данный момент переживает настоящую глубокую трансформацию под влиянием цифровых технологий. Развитие мобильных устройств, интернета, облачных сервисов и ИИ создает новую экономическую систему, которая называется цифровой экономика. Это понятие охватывает многие сферы, связанные с обработкой, передачей и использованием информации.

Цифровые технологии оказывают огромное влияние на бизнес, государственное управление и жизнь простых граждан. Эти технологии открывают новые возможности для быстрого роста экономики, повышения производительности и создания новых бизнес-моделей. Однако параллельно этому появляются новые вызовы, связанные с безопасностью данных, правовой защитой и цифровым неравенством.

Цель статьи – сделать анализ о роли цифровой экономике в современном мире, выявить ключевые аспекты, плюсы и минусы, а также рассмотреть перспективы дальнейшего развития цифровых технологий.

### **Понятие и сущность цифровой экономики**

Цифровая экономика – это экономическая деятельность, которая основывается на использовании цифровых технологии в качестве основного ресурса. Впервые термин

появился в 1995 году Дон Тапскоттом в его книге «Цифровая экономика: обещания и опасности в эпоху сетевых технологий».

Ключевые элементы цифровой экономики:

•**Данные:** они выступают новым видом ресурса, который используется для создания ценности

•**Цифровые платформы:** представляют инфраструктуру для взаимодействия пользователей, разработчиков и организаций.

•**Инновационные технологии:** ИИ, блокчейн, интернет-вещей и облачные вычисления.

Цифровая экономика влияет на все сферы жизни, от производства и торговли до образования и здравоохранения. Ее развитие способствует повышению эффективности процессов, снижению издержек и созданию новых рабочих мест.

#### **Преимущества цифровой экономики**

Развитие цифровых технологий создает множество преимуществ, помогая глобальному прогрессу и повышению качества жизни. Среди положительных аспектов можно выделить:

1. Увеличение производительности труда. Внедрение автоматизации и новых технологий позволяет сэкономить время выполнения рутинных задач и сфокусироваться на более важных задачах. Например, использование ИИ в производственных процессах повышает точность и снижает количество ошибок.

2. Упрощение доступа к информации. Цифровая экономика предоставляет доступ к большим объемам данных, которые используются для принятия более эффективных решений. Это способствует росту конкуренции и улучшению качества услуг и продукции.

3. Создание новых бизнес-моделей. Цифровые платформы такие как YandexGo, Alibaba, Amazon в полном объеме изменили традиционные подходы к торговле и предоставлению услуг. Они обеспечивают доступ к рынкам и позволяют малому бизнесу конкурировать с крупными компаниями.

4. Гибкость в организации труда. Цифровая экономика способствует распространению удаленной работе. Это делает рабочий процесс более удобным и доступным для большого количества людей.

5. Экономия ресурсов. Цифровизация процессов снижает использование бумаги, топлива и других материальных ресурсов, что способствует устойчивому развитию и охране окружающей среды.

#### **Вызовы цифровой экономики.**

Несмотря на преимущества, цифровая экономика может столкнуться с рядом неприятностей, требующих решения:

1. Кибербезопасность. Рост цифровых данных повышает риск утечек информации и кибератак. Различные компании и государства вынуждены выделять средства на защиту своих систем и данных.

2. Цифровое неравенство. Неравномерный доступ к технологиям между регионами и социальными группами создает «пропасть», которая создает ограничения развитию экономики в отдельных странах и усложняет интеграцию глобальных рынков.

3. Правовые и этические вопросы. Цифровая экономика поднимает вопросы регулирования, защиты интеллектуальной собственности и конфиденциальности. Развитие технологий часто обгоняет законодательство, создавая правовые пробелы.

4. Зависимость от технологий. Зависимость от цифровых технологий делает системы уязвимыми к сбоям и техническим неполадкам.

5. Замещение рабочих мест. Автоматизация приводит к исчезновению некоторых традиционных профессий, вызывая рост безработицы в отдельных отраслях.

#### **Примеры внедрения цифровых технологий.**

Множество стран активно внедряет технологии в государственное управление. Например, Казахстан реализовал проекты электронного правительства, позволяющие получать государственные услуги через интернет, включая голосования и опросы. В рамках программы «Цифровой Казахстан» осуществляется переход на электронные услуги, создание цифровых хабов.

Цифровизация бизнеса:

Amazon: компания трансформировала мировой рынок розничной торговли, предложив быстрые онлайн покупки.

YandexGo: благодаря использованию цифровой платформы изменил традиционные модели работы транспортных услуг.

Alibaba: создала крупную в мире экосистему электронной коммерции, объединив потребителей, бизнесы и производителей.

Здравоохранение. Телемедицина активно набирает обороты благодаря цифровым технологиям, позволяя пациентам получать консультации и услуги врачей онлайн. Также использование больших данных помогает прогнозировать заболевания и разрабатывать новые лекарства.

В перспективе развития цифровой экономики. можно рассмотреть ускорение внедрения искусственного интеллекта позволяет ему стать ключевым элементом экономики, автоматизируя процессы, анализируя большие данные и улучшать обслуживание клиентов.

Интернет вещей объединяет устройства в единую сеть, что помогает оптимизировать производство, логистику и повседневную жизнь людей. Например, умные дома и умные города станут реальностью в ближайшее время.

Блокчейн может изменить финансовую систему, повысив прозрачность транзакций, а также найти применение в других отраслях экономики.

Цифровые технологии помогут сократить потребление ресурсов и минимизировать вред окружающей среде, например через оптимизацию логистики и управление энергией.

Цифровая экономика- мощный инструмент позволяющий изменить мир. Она создает новые возможности для развития всех сфер в жизни. Бизнес, государство, общество, повышая доступность и эффективность процессов. Однако ее успешное внедрение требует решения множества вызовов, например кибербезопасность, правовая регуляция и цифровое неравенство.

В будущем цифровая экономика продолжит играть важную роль в глобальном развитии, предоставляя новые инструменты для достижения устойчивого и процветающего роста общества.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Тапскотт Д. *Цифровая экономика : обещания и опасности в эпоху сетевых технологий*. -М.:Альпина Паблишео, 1999.
2. Сакал А.В. *Цифровая экономика : основные направления и перспективы развития*. // Экономика и управление, 2021, №3, с.45-56.
3. World Bank. *Digital Economy for development: Policy Insights*. -Washington, 2022.

### Сведения об авторе.

Кесекбаев Данияр Русланович студент, Каспийский Общественный Университет, e-mail: [daniarkesekbaev2@gmail.com](mailto:daniarkesekbaev2@gmail.com)

**\*Kairat Nauryz Kairatuly** – a 4th-year student at Caspian Public University majoring in "Public Service and Administration," e-mail: [kairatnauka@gmail.com](mailto:kairatnauka@gmail.com)

Қайырболат И.Т.<sup>1</sup>, Қуандықова М.Б.<sup>2</sup><sup>1,2</sup> Каспий қоғамдық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Ауыл шаруашылығының мемлекеттік реттеу мәселелері және оны жетілдіру жолдарды қарастырады. Ауыл шаруашылығы — ел экономикасының стратегиялық маңызды саласы, ол азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, халықты жұмыс орындарымен және табыспен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы ауылдық аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер етеді. Алайда, бұл сала нарықтық өзгерістерге, табиғи ресурстардың тапшылығына, климаттық факторларға және технологиялық жаңашылдықтардың баяу енгізілуіне байланысты бірқатар қиындықтарға тап болады. Сондықтан, ауыл шаруашылығын тиімді дамыту үшін мемлекеттік реттеу қажет.

Мемлекеттік реттеу ауыл шаруашылығында қаржылық қолдау көрсету, салықтық жеңілдіктер беру, экологиялық және құқықтық нормаларды енгізу, инновациялық технологияларды енгізу және инфрақұрылымды дамыту арқылы жүзеге асырылады. Бұл реттеу ауыл шаруашылығын тұрақты дамытуға, өнім сапасын арттыруға, экологиялық қауіпсіздікті сақтауға және ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

**Кілтті сөздер:** Экономика, әлеуметтік-экономика, мемлекет, нарық, салық, инновациялық технологиялар, инфрақұрылым.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются вопросы государственного регулирования сельского хозяйства и пути его совершенствования. Сельское хозяйство — стратегически важная отрасль экономики страны, которая обеспечивает продовольственную безопасность, обеспечивает население рабочими местами и доходами. Кроме того, сельское хозяйство влияет на социально-экономическое развитие сельских районов. Однако отрасль сталкивается с рядом проблем из-за рыночных изменений, нехватки природных ресурсов, климатических факторов и медленного внедрения технологических инноваций. Поэтому для эффективного развития сельского хозяйства необходимо государственное регулирование.

Государственное регулирование осуществляется путем оказания финансовой поддержки в сельском хозяйстве, предоставления налоговых льгот, внедрения экологических и правовых норм, внедрения инновационных технологий и развития инфраструктуры. Это регулирование направлено на устойчивое развитие сельского хозяйства, повышение качества продукции, сохранение экологической безопасности и повышение конкурентоспособности сельскохозяйственной продукции.

**Ключевые слова:** Экономика, социально-экономическая, государство, рынок, налог, инновационные технологии, инфраструктура.

**Annotation.** This article discusses the issues of state regulation of Agriculture and ways to improve it. Agriculture is a strategically important sector of the country's economy that ensures food security, provides the population with jobs and income. In addition, agriculture affects the socio-economic development of rural regions. However, this industry faces a number of challenges due to market changes, scarcity of Natural Resources, climatic factors and the slow introduction of technological innovations. Therefore, for the effective development of Agriculture, state regulation is necessary.

State regulation is carried out through the provision of financial support in agriculture, the provision of tax incentives, the introduction of environmental and legal norms, the introduction

of innovative technologies and the development of infrastructure. This regulation is aimed at sustainable development of agriculture, improving product quality, maintaining environmental safety and increasing the competitiveness of agricultural products.

**Keywords:** Economy, socio-economic, state, market, tax, innovative technologies, infrastructure.

Ауыл шаруашылығы экономиканың стратегиялық маңызды саласы болып табылады, себебі ол азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, ауыл тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартады. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы өнімдері елдің ішкі нарығын қамтамасыз ету мен экспорттық әлеуетін арттыруда үлкен рөл атқарады. Алайда, нарықтық экономика жағдайында ауыл шаруашылығына көптеген факторлар, оның ішінде климаттық өзгерістер, табиғи ресурстардың тапшылығы, нарықтық сұраныстың өзгеруі және технологиялық жаңашылдықтардың баяу енгізілуі әсер етеді. Осы себепті ауыл шаруашылығын тиімді дамыту үшін мемлекет тарапынан реттеу шаралары қажет.

### **1. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеу: Теориялық негіздер**

□ **Қаржылық қолдау:** Субсидиялар, дотациялар, жеңілдетілген несие және қаржылық жеңілдіктер фермерлердің өндірісін ынталандырып, олардың өндіріс көлемін арттырады.

□ **Салықтық жеңілдіктер:** Ауыл шаруашылығын дамытуға арнайы салық режимдері мен жеңілдіктер енгізу арқылы фермерлер мен ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына қосымша қаржылық көмек көрсету.

□ **Құқықтық реттеу:** Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде экологиялық стандарттар мен заңнамалық актілерді енгізу, жер қатынастары мен ауыл шаруашылығы саласында еңбек қауіпсіздігін реттеу.

□ **Агроинновациялық саясат:** Ауыл шаруашылығында жаңа технологиялар мен инновациялар енгізу үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарына қолдау көрсету.

### **2. Қазақстандағы ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеу**

Қазақстанда ауыл шаруашылығын реттеу жүйесі аграрлық сектордың қажеттіліктеріне жауап беретін және ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісін арттыруға бағытталған көптеген мемлекеттік бағдарламалар арқылы жүзеге асырылады. 2021-2030 жылдарға арналған Ауыл шаруашылығын дамыту мемлекеттік бағдарламасы ауыл шаруашылығы саласының басты бағытын айқындайды. Осы бағдарламада ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары белгіленген:

• **Қаржылық қолдау:** Ауыл шаруашылығына арналған субсидиялар мен дотацияларды бөлу, әсіресе өсімдік және мал шаруашылығында өндірісті арттыруға арналған бағдарламалар іске асырылуда. Мемлекет фермерлерге жеңілдетілген несие беру арқылы олардың өндіріс көлемін ұлғайтуға ықпал етеді.

• **Азық-түлік қауіпсіздігі:** Мемлекет азық-түлік өнімдерінің өндірісін арттыруды және олардың сапасын жақсартуды көздейді. Ауыл шаруашылығындағы өндіріс тиімділігін арттыру және азық-түлік өнімдеріне деген ішкі нарық сұранысын қамтамасыз ету арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды мақсаттардың бірі.

• **Экологиялық тұрақтылық:** Ауыл шаруашылығында экологиялық таза өнімдер өндіруді ынталандыру, жерді тиімді пайдалану және су ресурстарын үнемдеу арқылы экологиялық тұрақтылықты сақтау.

• **Аграрлық инфрақұрылым:** Ауылдық аймақтарда инфрақұрылымды дамыту — жолдар, су жүйелері, электр энергиясы — бұл фермерлердің тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік береді және ауыл шаруашылығы өнімдерін тасымалдау мен өңдеудің тиімділігін арттырады.

### **3. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеу жүйесіндегі мәселелер**

• **Аграрлық сектордағы қаржылық қиындықтар:** Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қаржылық жағдайы тұрақсыз. Көп жағдайда шағын фермерлердің



несие алу мүмкіндігі шектеулі, олар жоғары пайыздық мөлшерлемелерге немесе несие шарттарының қаталдығына тап болады.

- **Технологиялық даму деңгейі:** Ауыл шаруашылығында жаңа технологиялардың енгізілуі баяу жүруде. Бұл өнімділіктің артпауы, өнімнің сапасының төмендеуі мен ресурстарды тиімсіз пайдалану мәселелеріне әкеледі.

- **Қоршаған орта мәселелері:** Ауыл шаруашылығында табиғи ресурстарды, оның ішінде жер мен су қорларын пайдаланудың тиімсіздігі экологиялық жағдайды нашарлатуда.

- **Климаттық өзгерістер:** Қазақстанда климаттық өзгерістер ауыл шаруашылығына теріс әсер етіп, кейбір аймақтарда су тапшылығын тудыруда. Осы мәселені шешу үшін су ресурстарын тиімді пайдалану мен ауыл шаруашылығында климаттық өзгерістерге бейімделу шараларын енгізу қажет.

#### **4. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеуді жетілдіру жолдары**

- **Цифрландыру және инновацияларды енгізу:** Ауыл шаруашылығында цифрлық технологияларды енгізу, мысалы, агроөнеркәсіп кешенін автоматтандыру, мәліметтерді жинау және талдау арқылы ауыл шаруашылығындағы өнімділік пен тиімділікті арттыру.

- **Ауыл шаруашылығына арналған қаржылық қолдауды ұлғайту:** Шағын фермерлер мен ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына қосымша қаржылық қолдау көрсету, жеңілдетілген несие шарттары мен субсидиялар арқылы өнім өндірушілерді ынталандыру.

- **Қоршаған ортаға зиянды әсерлерді азайту:** Экологиялық таза ауыл шаруашылығы технологияларын енгізу, суды үнемдеу мен табиғи ресурстарды тиімді пайдалану арқылы экологиялық тұрақтылықты сақтау.

- **Климаттық өзгерістерге бейімделу:** Қазақстанның климаттық жағдайын ескере отырып, ауыл шаруашылығында су ресурстарын үнемдеуге және жаңартылған суару технологияларын енгізуге бағытталған шараларды қабылдау.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығын дамыту мемлекеттік бағдарламасы (2021-2030 жж.).

2. Баймұратов, А., "Ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеу: теориясы мен практикасы", Алматы, 2021.

3. Құдайбергенова, М., "Аграрлық экономика және ауыл шаруашылығын дамыту", Астана, 2020.

4. Жұмабеков, Т., "Ауыл шаруашылығында инновациялық саясат", Алматы, 2019.

#### **Авторлар туралы мәліметтер**

\***Қайырболат Ильяс Темірбекұлы** – Каспий Қоғамдық университетінің «Мемлекеттік қызмет және басқару» мамандығының 4-ші курс студенті, e-mail: [kaiyrbolatilyas@gmail.com](mailto:kaiyrbolatilyas@gmail.com)

\*\***Куандыкова Маржан Болатбековна**- Каспий Қоғамдық университетінің «Экономика және менеджмент» кафедрасының оқытушысы, экономика ғылымдарының магистрі, e-mail: [marchan1402@mail.ru](mailto:marchan1402@mail.ru)

#### **Сведения об авторах**

\* **Каирболат Ильяс Темирбекович**-студент 4 курса Каспийского общественного университета по специальности «Государственная служба и управление», e-mail: [kaiyrbolatilyas@gmail.com](mailto:kaiyrbolatilyas@gmail.com)

\*\* **Куандыкова Маржан Болатбековна**-преподаватель кафедры «Экономика и менеджмент " Каспийского общественного университета, магистр экономических наук, e-mail: [marchan1402@mail.ru](mailto:marchan1402@mail.ru)

#### **Information about the authors**

\* \* **Kaiyrbolat Iyas Temirbekovich**-4th year student of the Caspian public university, specialty " Public Service and management", e-mail: [kaiyrbolatilyas@gmail.com](mailto:kaiyrbolatilyas@gmail.com)

\*\* **Kuandykova Marzhan Bolatbekovna**-Lecturer of the department of Economics and Management of the Caspian Public University, master of economics, e-mail: [marchan1402@mail.ru](mailto:marchan1402@mail.ru)

ӘОЖ 338

## ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІК ДЕҢГЕЙІ

**Қасымова Ж.Т.<sup>1</sup>, Тураров Д.Р.<sup>2</sup>**

<sup>1,2</sup> Каспий қоғамдық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа.** Мақала Қазақстан халқы Ассамблеясының (ҚХА) мемлекеттік қызметтің маңызды элементі ретіндегі рөлі, оның елдегі этносаралық келісім мен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудегі тиімділігін зерттеуге арналған. ҚХА-ның негізгі мақсаттары мен міндеттері, оның ұйымдастырушылық құрылымы, Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени өміріне тигізетін әсеріне назар аударылады. Мақалада ҚХА-ның этникалық азшылықтарды интеграциялау және мемлекеттік саясатты жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеудегі маңыздылығы атап өтіліп, тиімділігін арттыру үшін негізгі бағыттар ұсынылады.

**Түйін сөздер:** ассамблея, мемлекеттік саясат, этносаралық келісім, әлеуметтік тұрақтылық, халық, мемлекеттік қызмет.

## ТЕКУЩИЙ УРОВЕНЬ ЭФФЕКТИВНОСТИ АССАМБЛЕИ НАРОДА КАЗАХСТАНА

**Қасымова Ж.Т.<sup>1</sup>, Тураров Д.Р.<sup>2</sup>**

<sup>1,2</sup> Каспийский Общественный Университет, г. Алматы, Республика Казахстан

**Аннотация.** Статья посвящена изучению роли Ассамблеи народа Казахстана (АНК) как важного элемента государственной службы, ее эффективности в обеспечении межэтнического согласия и социальной стабильности в стране. Основное внимание уделяется основным целям и задачам АНК, ее организационной структуре, а также влиянию на политическую, экономическую и культурную жизнь Казахстана. В статье подчеркивается важность АНК в разработке предложений по интеграции этнических меньшинств и улучшению государственной политики, а также предлагаются основные направления для укрепления и повышения эффективности ее роли на государственной службе в будущем.

**Ключевые слова:** ассамблея, государственная политика, межэтническое согласие, социальная стабильность, население, государственная служба.

## CURRENT LEVEL OF EFFECTIVENESS OF THE ASSEMBLY OF PEOPLE OF KAZAKHSTAN

**Kasymova Zh.T.<sup>1</sup>, Turarov D.R.<sup>2</sup>**

<sup>1,2</sup> Caspian Public University, Almaty, Republic of Kazakhstan

**Summary.** The article is devoted to the study of the role of the Assembly of the People of Kazakhstan (APK) as an important element of public service, its effectiveness in ensuring inter-

ethnic harmony and social stability in the country. The main attention is paid to the main goals and objectives of the ANK, its organisational structure, as well as its influence on the political, economic and cultural life of Kazakhstan. The article emphasises the importance of the ANC in developing proposals for the integration of ethnic minorities and improving public policy, and suggests key areas for strengthening and improving the effectiveness of its role in the public service in the future.

**Keywords:** assembly, public policy, inter-ethnic harmony, social stability, population, public service.

Жаһандану және қазіргі әлемнің қарқынды өзгерістері жағдайында халықтың бірлігі, әсіресе мәдени әртүрлілік тек ресурс қана емес, сонымен бірге сын-тегеурін болып табылатын көпұлтты елдерде маңызды құндылыққа айналуға. Әлеуметтік және саяси толқулар, этникалық қақтығыстар мен дағдарыстар аясында әртүрлі этникалық топтар арасындағы өзара іс-қимыл, бейбіт қатар өмір сүруді сақтау және азаматтық ынтымақтастықты нығайту мәселелері айрықша маңызға ие болады. Қазіргі уақытта көптеген халықтар мен ұлттар ішкі бөліну, зорлық-зомбылық және көші-қон толқындарының қаупіне тап болған кезде, этносаралық келісім мен өзара түсіністіктің тұрақты тетіктерін қалыптастыруға және қолдауға ерекше назар аудару керек. Бұл процестің маңыздылығы этникалық және мәдени айырмашылықтар тек ішкі шиеленістердің ғана емес, сонымен қатар сыртқы қауіптердің қайнар көзіне айналатын елдерді қарастырған кезде айқын болады. Халықаралық саясат пен экономикадағы әрқелкі өзгерістер жағдайында бірлікті сақтау кез келген қоғамның тұрақты дамуына негіз болады. Дәл осындай жағдайда мемлекеттер этникалық және мәдени тамырларының алуан түрлілігін ескере отырып, өз азаматтарын біріктірудің жаңа формаларын іздей бастайды.

Қазақстандағы ұлттық бірлікті нығайтуға ықпал ететін осындай бірегей тетіктердің бірі – *Қазақстан халқы Ассамблеясы*. Елдің көпұлтты және мәдени алуан түрлі құрамын бейнелейтін бұл институт олардың қоғам өміріне және елдің саяси өміріне белсенді қатысуын қамтамасыз ете отырып, әртүрлі этникалық қауымдастықтар арасында өзара құрмет пен төзімділікті қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Ассамблеяның құрылу негізі 1980-жылдардан бастау алғандығын білеміз, яғни, еліміздің әртүрлі аймақтарында жекелеген этностардың тілі мен мәдениетін, құндылығын сақтап қалуды мақсат еткен қоғамдық ұйымдар құрылып, алғышарт болғандығымен ұштастыра аламыз [1, 22 б.]. Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) — этносаралық келісімді нығайту және елдің көпмәдениетті қоғамында тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында құрылған бірегей институт. Ол 1995 жылы Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен біртұтас Қазақстан мемлекеті шеңберінде саяси тұрақтылықты қолдауға және этностық топтарды интеграциялауға бағытталған *консультативтік-кеңесші орган* ретінде құрылды.

Қазақстан бірнеше негізгі кезеңдерді қамтитын ұзақ тарихи процестің нәтижесінде көпұлтты елге айналды. Ресей империясы кезеңінде (XIX ғасыр) жаппай көші-қон басталды, ең алдымен Ресейдің орталық аймақтарынан шаруалар көшірілді. 1731 жылы Қазақстан Ресейге қосылғаннан кейін орыстар, украиндар және басқа халықтар аймаққа белсенді түрде қоныс аудара бастады. XX ғасырдың басындағы көші-қон процестері ерекше маңызды болды. 1930-1950 жылдары сталиндік қуғын-сүргін саясаты аясында шешендер, ингуштар, қырым татарлары, корейлер мен немістер сияқты бүкіл этникалық топтар Қазақстанға жер аударылды. Бұл көпұлттылықтың айтарлықтай өсуіне әкелді және 1950 жылдардың басында Қазақстанда 100-ден астам этникалық топ өмір сүрді. 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан 120-ден астам этникалық топ тұратын көпұлтты мемлекеттердің біріне айналды. 1995 жылы Конституцияның қабылдануы және Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы азшылықтардың мәдени құқықтарына

кепілдік беріп, елдегі этникалық келісімді қолдай отырып, этносаралық келісімді нығайтты.

Ассамблеяның мәртебесі, оның қалыптасу тәртібі және қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті жүзеге асыру барысындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда атқаратын функциялары 2008 жылғы 20 қазанда қабылданған «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» ҚР Заңы арқылы айқындалады. Аталмыш заңда Ассамблеяның басты мақсаты көрсетілген, ол – қазақ халқының топтастырушы рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан этностарының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде Қазақстан Республикасында қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті қамтамасыз ету болып табылады [2].

Қазақстан халқы Ассамблеясы бірнеше негізгі міндеттерді орындауды өз алдарына қояды, олардың ішінде:

1) *Этносаралық келісімді нығайту*. ҚХА әртүрлі этникалық топтар арасында төзімділік, құрмет және өзара түсіністік атмосферасын құруға және сақтауға ықпал етуі керек.

2) *Мәдениет пен тілді дамыту*. Мәдени әртүрлілікті қолдау, этникалық топтардың дәстүрі мен тілдерін сақтау маңызды бағыт болып табылады.

3) *Мемлекеттік саясаттағы консультативтік рөл*. ҚХА этникалық саясат, мәдени интеграция және әлеуметтік тұрақтылық мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеуге арналған алаң ретінде қызмет етеді.

4) *Әлеуметтік және экономикалық дамуға жәрдемдесу*. Ассамблея шеңберінде этникалық азшылықтардың әлеуметтік-экономикалық өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталған жобалар да іске асырылуда.

Аталмыш ұйым тек әлеуметтік-ұлттаралық қатынастарды ғана реттеп қоймай, түрлі мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасай отырып және азаматтардың саяси процестерге белсенді қатысуын қамтамасыз ете отырып, мемлекеттік жүйе шеңберінде жұмыс істейді. Бұл тұста нақты функцияларды атқаратын өз құрылымы бар, олар: Ассамблеяның Сессиясы, Ассамблеяның Кеңесі, Ассамблеяның Аппараты (Хатшылығы), облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ассамблеялары, Ассамблеяның этномәдени бірлестіктері [2].

ҚХА, ең алдымен, елдің әртүрлі этникалық және әлеуметтік топтарының мүдделерін білдіретін *консультативтік-кеңесші органның* рөлін атқарады. Ассамблеяның негізгі міндеті тұрақты және демократиялық саяси ахуалды қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады. ҚХА құрылған сәттен бастап ұлттық бірлікті нығайтуға белсенді ықпал етіп келеді, бұл Қазақстан саясатындағы маңызды міндеттердің бірі десек те болады. Аталмыш ұйым өзінің даму жолында тек консультативтік-кеңесші орган болып қалмады, ол конституциялық дәрежесі бар орган деңгейіне дейін жетті. Нақтылайтын болсақ, Парламент Мәжілісінің 9 депутаты Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланатын еді [3, 21 б.]. Бұл ҚР Конституциясына өзгерістер енгізілмей тұрып, 51-бапқа сәйкес негізделген еді. Соңғы өзгерістерге байланысты ҚХА-ның Парламенттегі рөлі мүлдем алынып тастады деп айта алмаймыз. Себебі, ҚР Конституциясының 50-бабына сәйкес, «Сенаттың он депутатын, оның ішінде бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша Республика Президенті тағайындайды» деп көрсетілген [4].

Ассамблеяның міндеттері мен мақсаттары жылдан жылға өзгеріп отырды, бірақ тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап қазақстандық бірегейліктің негізіне этностық емес, азаматтық қағидат қаланды.

ҚХА этникалық қатынастарға, әлеуметтік келісім мен адам құқықтарына қатысты заң жобалары мен бағдарламаларын әзірлеуге қатысу арқылы мемлекеттік саясатты қалыптастыру процесіне әсер етеді. Ассамблея өткізетін маңызды іс-шаралардың бірі – Қазақстан халқы Ассамблеясы күнін жыл сайын өткізу, ол халықтың бірлігі мен келісімін білдіреді, сондай-ақ Үкіметке түрлі этникалық топтар өкілдерінің пікірлері мен ұсыныстарын тыңдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Ассамблея кадр саясатына тікелей әсер етеді. Атап айтқанда, ол мемлекеттік лауазымдарға тағайындау үшін кандидатураларды ұсынуға құқылы, бұл өз кезегінде мемлекеттік басқару жүйесіндегі инклюзивтілікті арттыруға ықпал етеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған сәттен бастап этносаралық қатынастарды жақсартуға және *мемлекеттік басқарудың* тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар бастамаларды белсенді іске асыруда. Ендігі кезекті солардың бірқатар өзекті әрі тиімді түрлеріне тоқталып өтейік. Осындай бастамалардың бірі 2017 жылы мемлекеттік басқару процесіне мәдени әртүрлілікті ықпалдастыру және жаңа ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мақсатында енгізілген «Жаңғыру жолы» бағдарламасы болып табылады. Осы бағдарлама аясында әртүрлі этникалық топтар арасындағы өзара түсіністікті жақсартуға бағытталған мәдени және білім беру жобалары белсенді түрде дамып келеді. Астана, Алматы мен Қазақстанның барлық өңірлеріндегі этномәдени бірлестіктердің жастары «Жаңғыру жолы» атты қозғалыс құра отырып, оның концепциясы мен стратегиясын бекітіп, ҚХА-ның жастарға қатысты барлық қоғамдық ұйымдарының бірігуімен «Жаңғыру жолы» республикалық жастар қозғалысы құрылған болатын [5].

ҚХА-ның этносаралық келісімді дамытуға бағытталған ғылыми конференциялар, мәдени іс-шаралар мен жобаларды ұйымдастыруға қатысуы да маңызды аспект болып табылады. Мысалы, Ассамблея мәдени дәстүрлерді сақтауды қолдайтын және әртүрлі этникалық топтардың Қазақстанның қоғамдық өміріне интеграциялануына ықпал ететін «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыруға белсенді қатысқан болатын.

**Қазақстан халқы Ассамблеясы жұмысының тиімділігі.** Жалпы ҚХА-ның қазіргі кездегі тиімділігін бірнеше негізгі параметрлер арқылы бағалай аламыз. Қазақстан халқы Ассамблеясы елдегі әлеуметтік келісім мен тұрақтылықты қолдауда, сондай-ақ этносаралық және мәдениетаралық қатынастарды дамытуда маңызды рөл атқарады. Оның қызметі мемлекеттік қызметпен және басқарумен тығыз байланысты, өйткені ол этникалық және мәдени азшылықтарға қатысты мемлекеттік саясатты қалыптастыруға әсер етеді.

Ең алдымен, Ассамблея Қазақстандағы этносаралық келісімді нығайтуға ықпал ететін маңызды институт болып қала береді. Жыл сайын 1 мамырда өткізілетін «Қазақстан халқының бірлігі күнін» құру маңызды бастамалардың бірі болып табылады. Бұл мереке азаматтарды этникалық тегіне қарамастан біріктіру арқылы келісім атмосферасын сақтауға ықпал етеді.

ҚХА-ның басты міндеті – *мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыру*. Қазақстан Республикасында қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету және этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік және азаматтық қоғам институттарының өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру болып табылады. Бұл тұрғыда Ассамблея мемлекеттік қызметтің әртүрлі деңгейлерімен белсенді түрде өзара әрекеттеседі, әлеуметтік интеграция бойынша ұсыныстар мен шешімдер ұсынады. ҚХА-ның жұмыс істеуін талдау оның мемлекеттік басқару жүйесіндегі маңызды буын екенін көрсетеді. Мысалы, 2021 жылы ҚХА мүшелерінің қатысуымен бірнеше дөңгелек үстел өткізілді, онда әлеуметтік қорғау және этникалық азшылықтарды елдің экономикалық өміріне біріктіру мәселелері талқыланды.

Аталмыш дөңгелек үстелдердің ең басты көрінісі – 2021 жылдың қазан айында өткізілген Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесінің кеңейтілген отырысы. «Мен биылғы Жолдауымда ел бірлігін нығайта түсу қажеттігіне айрықша мән бердім. Осы маңызды жұмыста Ассамблеямыз ең басты рөл атқаратыны сөзсіз. Бүгінгі таңда Ассамблея конституциялық мәртебеге ие бола отырып, өз қызметіне қазақстандықтарды елдің қоғамдық-саяси өміріне кеңінен тартуға бағытталған жаңа тәсілдер мен стандарттарды енгізуде. Ассамблея әрқашан мемлекеттік тілді ілгерілетуге және оның Қазақстандағы мәртебесін нығайтуға ерекше назар аударды. Тек осы үшін біз Қазақстан халқы Ассамблеясына патриоттық ұйым ретінде құрмет көрсетуіміз керек. Қайырымдылық, әлеуметтік кәсіпкерлік, меценаттық, медиация сияқты азаматтық белсенділіктің жаңа түрлері де үйреншікті тәжірибеге айналды.», - деп

*мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев* Ассамблея туралы айшықты ойымен бөліскен болатын.

Ассамблеяның ұсынымдары этникалық топтар мен шағын кәсіпорындар үшін жұмыс орындарын құруға бағытталған «Қазақстанның Әлемдік экономикаға интеграциясы» сияқты бірқатар бағдарламаларды әзірледі. Алайда, Ассамблея консультативтік негізде жұмыс істейтін орган бола отырып, көбінесе тәуелсіз шешім қабылдауға өкілеттігі жоқ, бұл оның әлеуметтік және саяси процестердегі рөлін біршама шектейді деп ойлаймын.

2009 жылы Ассамблеяның ғылыми қызметіне қолдау білдіру мақсатында ҚХА жанынан ғылыми-сараптамалық Кеңес ашылған болатын. Ал 2014 жылдан бастап «Қоғамдық келісім» РММ Ассамблеяның өкілдіктері мен еліміздің барлық облыстарында құрылған болатын. Ұйымның басты мақсаты – ҚХА-ның жұмысының тиімділігін арттыру, оның қаржылық, материалды-техникалық қамтамасыз етілуін қадағалау және сол секілді Ассамблеяның негізгі жұмыстарын атқарушы өзге де қоғамдық ұйымдарды қолдау. Сонымен қатар, Ассамблеяның арқасында Аналар Кеңесі, Қоғамдық келісім Кеңесі, медиация кабинеті секілді өзге де қоғамдық ұйымдар құрылған болатын. Еліміздің бірқатар беделді жоғары оқу орындарында әртүрлі ұлтты жастардың байланысын нығытуды мақсатында кафедралар ашыла бастады, ең алғашқылардың бірі болып Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-де «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасы ашылған [1. 23 б.].

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметтері бойынша, 2023 жылы Мемлекеттік қызмет қызметкерлерінің шамамен 16% - ы әртүрлі этникалық азшылықтардың өкілдері болып табылады, бұл кадр саясатының жоғары инклюзивтілігін көрсетеді. Айта кету керек, бұл көрсеткіш Ассамблея құрылған сәттен бастап, мемлекеттік қызметтегі этникалық азшылықтардың үлесі аз болған кезден бастап айтарлықтай өсті.

ҚР Президенті 2022 жылы 15 қыркүйекте Қазақстан халқы Ассамблеясының 2022-2026 жылдарға арналған даму тұжырымдамасын бекіткен болатын. Оның негізгі мақсаты – Қазақстан халқы Ассамблеясының қазақстандық патриотизм, азаматтық тең құқықтық, мемлекеттік тілдің біріктіруші рөлі, «бірлігіміз – әралуандықта» идеясы, ұлттың ұдайы жаңғыруы, сондай-ақ интермәдениеттілік саясаты қағидаттары негізінде қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысуын қамтамасыз ету [6]. Қазақстан халқы Ассамблеясы өз қызметін келесідей қағидаттардың негізінде жүзеге асырады:

- адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдығы;
- халық пен мемлекет мүдделерінің басымдығы;
- тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге кезқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге мән-жайлар бойынша қандай да бір кемсітушілікке жол бермеу.

Жалпы, аталмыш тұжырымдамадан қандай нәтижелер күтіледі деген сұрақ туындайтын болса, онда біз келесілерді нақты айта аламыз. Олар: достық үйлері, этномәдени бірлестіктер, Ассамблеяның қоғамдық құрылымдары базасында этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты ықпалдастырудың және қолдаудың тиімді қоғамдық тетіктерінің жұмыс істеуі; этносаралық қатынастар саласында, оның ішінде медиация, волонтерлік және қайырымдылық саласында мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен азаматтық қоғам институттарының тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етудің жаңа тәсілдерін жүзеге асыру және осы сияқты өзге де нәтижелерді айқындасақ болады.

Мемлекеттік басқару тұрғысынан Қазақстан халқы Ассамблеясы, әсіресе этникалық және әлеуметтік топтарға қатысты мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсарту бойынша белсенді жұмыс істеуде. Ол мемлекеттік органдар мен азаматтар

арасында делдал ретінде қызмет етеді, халық пен билік арасындағы сенім деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Ассамблеяның мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тетігі этникалық азшылықтардың мүдделерін жақсырақ ескеруге, сондай-ақ әлеуметтік интеграцияға ықпал ететін мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуге мүмкіндік береді. Мысалы, соңғы жылдары Қазақстанның шалғай өңірлерінде тұратын этникалық топтарды жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау жөніндегі бағдарламалар белсенді дамып келеді.

ҚХА тек этникалық және мәдени топтарға қатысты ішкі мәселелерді шешуде ғана емес, сонымен қатар, әлемдік деңгейде еліміздің сыртқы саясатының маңызды құралы болып табылады. Себебі, ол – атқаратын функциялары, құрылымы мен мазмұны бойынша әлемде баламасы жоқ ұйым.

Ассамблеяның тәжірибесін бүгінде әлемдік қауымдастық қабылдайды және шынайы қызығушылық тудырады. Еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы бүгінде халық өкілдігінің саяси емес институтының сапалы жаңа деңгейі болып табылады және тиісінше оның илеологиялық, ғылыми, білім беру және тәрбие функциялары айтарлықтай артып келеді. Тәуелсіздіктің отыз жылында Қазақстан бүкіл әлемге әртүрлі мәдениеттер тасымалдаушыларының, түрлі этностар мен конфессиялар өкілдерінің жемісті өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігін табысты көрсетіп келеді. Соңғы онжылдықтарда Қазақстан ҚХА-ның халықаралық ықпалының кеңеюіне байланысты мультикультурализм, толеранттылық және бейбіт қатар өмір сүру идеяларын белсенді түрде ілгерілетуде.

Қазақстан халқы Ассамблеясы этносаралық келісім, бейбітшілік және қауіпсіздік мәселелеріне арналған халықаралық форумдарға белсенді қатысады. Ең көрнекті оқиғалардың бірі – ҚХА-ның 2008 жылы Венада өткен мәдениетаралық және дінаралық диалог мәселелері жөніндегі жаһандық саммитке қатысуы болды. Біріккен Ұлттар ұйымының (БҰҰ) қолдауымен ұйымдастырылған саммитте Ассамблея Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан мәдениетаралық диалог модельдері туралы баяндама жасады, бұл халықаралық деңгейде жоғары бағаланды.

Сонымен қатар, ҚХА БҰҰ, Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы, Еуропа Кеңесі және Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы сияқты ұйымдар ұйымдастыратын халықаралық іс-шараларға белсенді қатысады. Мәселен, 2010 жылы Қазақстан ҚХА-ның қолдауымен БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің мүшесі болып сайланды, бұл Қазақстанның Адам құқықтары саласындағы күш-жігерін және этносаралық келісімді халықаралық мойындауының айғағы болды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы жұмысының маңызды бағыттарының бірі диалогты дамытуға және Қазақстанның халықаралық беделін нығайтуға бағытталған түрлі халықаралық ұйымдармен және елдермен келісімдер жасасу болып табылады.

Ассамблея мәдени әртүрлілікті қолдау мен дамытуға, материалдық емес мәдени мұраны сақтауға және мәдениетаралық диалогты ынталандыруға бағытталған бірнеше негізгі келісімдерге қол қою арқылы ЮНЕСКО-мен белсенді түрде ынтымақтасады. Ассамблея Орталық Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуға ықпал ететін өңірлік келісімдерге қол қоя отырып, көрші елдермен ынтымақтастықты белсенді дамытуда. Ең маңызды келісімдердің бірі 2019 жылы Өзбекстанмен жасалды, оның аясында осы елдерде тұратын этникалық азшылықтар үшін бірлескен мәдени және білім беру бағдарламалары жасалды. Мұндай ынтымақтастық Қазақстанға этникалық келісім мен әлеуметтік даму мәселелерінде өңірлік көшбасшы ретіндегі өз рөлін көрсетуге мүмкіндік береді.

ҚХА Қазақстанның бейбіт қатар өмір сүруге және мәдениеттер арасындағы диалогқа бағдарланған мемлекет ретіндегі халықаралық беделін нығайтуда маңызды рөл атқарды. Оның әлемдік аренадағы қызметі, халықаралық форумдарға қатысуы, жаһандық және өңірлік әріптестермен стратегиялық келісімдер жасасуы Қазақстанның халықаралық саяси және мәдени өмірдің сенімді және прогрессивті қатысушысы ретіндегі мәртебесін

нығайтады. Болашақта Ассамблеяның халықаралық бастамалардағы одан әрі белсенділігі бейбіт диалогты, жаһандық аренадағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті дамытудың негізгі факторы болуы мүмкін.

**Ассамблея жұмысының тиімділігін арттыру бойынша ұсыныс.** Ендігі кезекте, ҚХА-ның өз қызметін атқару нәтижелерінің тиімділігін біршама арттырудың жолдарын қарастырып, ұсынылатын бағыттарды талдап көрейік. Алайда, оның тиімділігін арттыру үшін бар сын-қатерлер мен проблемаларды ескеру, сондай-ақ халықаралық тәжірибеге және этникалық топтарды интеграциялаудың заманауи теориялық тәсілдеріне негізделген инновациялық тәсілдерді енгізу қажет. Бұл бөлімде этникалық және әлеуметтік саясатты іске асыру контекстінде ҚХА жұмысының тиімділігін арттыра алатын бірнеше негізгі бағыттарды ұсынбақшымын.

*Біріншіден,* Ассамблеяның саяси тәуелсіздігін нығайту және өкілеттіктерін кеңейту. Қазіргі уақытта ҚХА негізінен консультативтік-кеңесші орган ретінде жұмыс істейтіндігі туралы жоғарыда атап көрсеткен едім, бұл оның мемлекет деңгейінде қабылданатын негізгі шешімдерге ықпал ету мүмкіндігін шектейді. Ассамблеяға мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру процесіне, әсіресе этникалық саясатқа, адам құқықтарына және әлеуметтік интеграцияға қатысты мәселелерге белсенді қатысуға мүмкіндік беретін нақты заңнамалық өкілеттіктер беру мүмкіндігін қарастыруды ұсынар едім. Мұндай консультативтік органдардың заң шығару процесіне сәтті қатысуының мысалы ретінде Ұлттық Ассамблея және басқа да осындай құрылымдар этникалық азшылықтардың құқықтары мен әлеуметтік келісімге қатысты заңнамалық актілерді талқылауға және қабылдауға белсенді қатысатын Оңтүстік Корея моделін атауға болады. Қазақстанда мұндай тәсіл Ассамблеяға саяси және әлеуметтік процестерге тиімді ықпал ете алатын неғұрлым ықпалды орган болуға көмектесе алады.

*Екіншіден,* Ассамблея жұмысының ашықтығын дамыту керек деп ойлаймын. Атап айтқанда, этникалық және мәдени қатынастарға қатысты маңызды мәселелер бойынша азаматтық қоғаммен қоғамдық талқылау және кеңес беру тетіктерін құруға болады. Бұл халықтың шешім қабылдау процесіне көбірек тартылуын қамтамасыз етеді, азаматтардың Ассамблея жұмысына деген сенімін арттырады және оның қоғамдық пікірге әсерін жақсартады. Ең бастысы – бұл ұсыныс қоғамның ҚХА-ға белсенді ұйым ретіндегі сенімін арттырады еді.

*Үшіншіден,* білім беру және мәдени саясатты қалыптастырудағы Ассамблеяның рөлін арттыруға байланысты шараларды жүргізу керек деп санаймын. Бұған азаматтардың әртүрлі этникалық топтардың мәдени ерекшеліктері мен тарихы туралы хабардарлығын арттыруға бағытталған білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ көпұлтты қоғамда төзімділік пен құрметке тәрбиелеуге бағытталған бағдарламаларды құру кіреді. Көпмәдениеттілік бойынша белсенді жұмыс істейтін Ұлттық кеңес канадалық шетелдік тәжірибенің жарқын көрінісі. Канаданың көпұлтты қауымдастықтармен тәжірибесі мәдени және білім беру бастамаларын әзірлеу мен енгізудегі ҚХА рөлін кеңейту үшін пайдалы болуы мүмкін.

*Төртіншіден,* мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылды нығайту қажеттілігі туады. Ассамблея, мемлекеттік құрылымдар және қоғамдық ұйымдар арасындағы ведомствоаралық өзара іс-қимыл мен ынтымақтастық тетіктерін құру осы саладағы мәселелерді шешуде үйлестіру мен синергетикалық әсерді жақсартуға көмектеседі.

*Соңғы ұсыныс* – инновациялық технологиялар мен платформаларды пайдалану. Цифрландыру жағдайында Ассамблеяның өз жұмысының тиімділігін арттыру үшін заманауи ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалануы маңызды. Азаматтармен қарым-қатынас жасау, сауалнамалар мен талқылаулар жүргізу үшін цифрлық платформалар құру халықты шешім қабылдауға тарту процестерін едәуір жақсарты алады. Халықпен өзара әрекеттесуді жақсарту үшін технологияны тиімді пайдаланудың мысалы ретінде цифрлық платформалар азаматтармен кеңесу және



маңызды әлеуметтік және мәдени мәселелер бойынша ашық талқылаулар жүргізу үшін қолданылатын Сингапур тәжірибесі болып табылады. Қазақстандағы осындай тәсіл азаматтардың Ассамблея қызметіне қатысуын арттырып, қабылданатын шешімдердің сапасын жақсарта алады деп пайымдаймын.

**Қорытындылай келе,** Қазақстан халқы Ассамблеясының тиімділігінің ағымдағы деңгейін зерттеу бұл институттың этносаралық келісімді, әлеуметтік тұрақтылықты және түрлі этностардың елдің саяси және қоғамдық өміріне интеграциялануын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратындығына көз жеткіздік. Ассамблея әлеуметтік бейбітшілікті нығайтуға, этносаралық қақтығыстардың алдын алуға және Қазақстанның көпұлтты қоғамы жағдайында маңызды аспект болып табылатын әртүрлі этностар арасындағы құрмет пен сенім ахуалын қалыптастыруға ықпал етеді. Алайда, Ассамблеяның көптеген жетістіктеріне қарамастан, оның қызметі қазіргі уақытта кеңірек және жан-жақты мәселелерді шешуде нақты тиімділігін төмендететін бірқатар шектеулерге тап болды. Ең алдымен, Ассамблеяның *саяси дербестігінің жеткіліксіздігі мәселесі* өзекті болып қала береді. Қазіргі уақытта оның қызметі көбінесе консультативтік органның шеңберімен шектеледі, бұл жоғары деңгейдегі саяси және заңнамалық шешімдер қабылдауға әсер ету дәрежесін төмендетеді. Яғни, Ассамблеяның мемлекеттік саясатты қалыптастыру процесіне белсенді қатысуға және этникалық саясат пен әлеуметтік интеграцияны дамытуға қатысты стратегиялық шешімдерді әзірлеуге бағытталған өкілеттіктерді іске асыру мүмкіндіктерін шектейді.

Сонымен қатар, Ассамблеяның басқа мемлекеттік институттармен және азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіру қажеттілігі маңызды аспект болып табылады. Ассамблея жұмысын ұйымдастырудың қолданыстағы тәсілдері көбінесе басқа билік органдарымен үйлестіру мен өзара іс-қимылдың тиісті деңгейін қамтамасыз етпейді, бұл оның әлеуметтік саясаттың, білім берудің және этносаралық қатынастардың негізгі мәселелерін шешуге тиімді ықпал ету қабілетін шектейді.

Осылайша, Қазақстан халқы Ассамблеясы елдегі этносаралық келісім мен әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға ықпал ететін маңызды және тиімді институт болып қала береді. Оның қызметі мемлекеттік қызмет және басқару жүйесімен тікелей байланысты, бұл Ассамблеяға әлеуметтік және мәдени интеграция мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға айтарлықтай әсер етуге мүмкіндік береді. ҚХА жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында оны жергілікті билік органдарымен үйлестіруді жақсарту, Ассамблеяның тәуелсіздігін күшейту және саяси процеске неғұрлым белсенді қатысу үшін өкілеттіктерді кеңейту қажет деп ойлаймын.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

9. Қазақстандық қоғамның даму құндылықтары: мақалалар жинағы. – Петропавловск: филиал АО «НЦПК «Өрлеу» «ИПК ПР по СКО», 2021. – 146 б.
10. Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 20 қазандағы N 70-IV Заңы.
11. Историческая значимость Ассамблеи народа Казахстана в межатнической культурной интеграции: Ғылыми монография. – Алматы: «Әдебиет Әлемі», 2017. – 456 б.
12. Қазақстан Республикасының Конституциясы – 1995.
13. «Жаңғыру жолы» республикалық жастар қозғалысы [Электронды ресурс]. – 2018. – URL: [https://kaz.inform.kz/news/elimizde-zhanyru-zholy-respublikalyk-zhastar-kozgalysy-kuryldy\\_a3185570/](https://kaz.inform.kz/news/elimizde-zhanyru-zholy-respublikalyk-zhastar-kozgalysy-kuryldy_a3185570/) (алынған күні: 20.11.2024).
14. Қазақстан халқы Ассамблеясының 2022-2026 жылдарға арналған даму тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 15 қыркүйектегі № 1014 Жарлығы.

Автор туралы мәліметтер

\*Қасымова Жанел Талғатқызы – «Мемлекеттік қызмет және басқару» мамандығының 4 курс студенті, Каспий Қоғамдық университеті, e-mail: kzanel382@gmail.com

\*\*Тураров Даурен Рыскулович – Экономика ғылымдарының кандидаты, Каспий Қоғамдық университеті, e-mail: Dauren.83@mail.ru

#### **Сведения об авторе**

\*Қасымова Жанел Талғатқызы – студентка 4 курса специальности «Государственная служба и управление», Каспийский общественный университет, e-mail: kzanel382@gmail.com

\*\*Тураров Даурен Рыскулович – Кандидат экономических наук, Каспийский общественный университет, e-mail: Dauren.83@mail.ru

#### **Information about the author**

\*Kasymova Zhanel Talgatkyzy – 4th year student of speciality «Public Service and Management», Caspian Public University, e-mail: kzanel382@gmail.com

\*\*Turarov Dauren Ryskulovich – PhD in Economics, Caspian Public University, e-mail: Dauren.83@mail.ru

### **ӘОЖ 331.214**

#### **КӘСІПОРЫНДАҒЫ ЕҢБЕКАҚЫНЫҢ ЕСЕБІ МЕН ТАЛДАУЫ**

**Құмар А.Е.**<sup>1</sup>

Ғылыми жетекшісі - **Мархаева Б.А.**<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Каспий Қоғамдық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа.** Мақалада кәсіпорындағы еңбекақыны есепке алу және талдау ерекшеліктері қарастырылған. Қызметкерлерді ынталандыру жүйесінің негізгі элементі және еңбек өнімділігінің көрсеткіші ретінде еңбекақының рөлі ашылды. Еңбекақы төлеудің негізгі аспектілері, соның ішінде заң талаптарын сақтау және бухгалтерлік есепті жүргізу сипатталған. Еңбекақы құрылымына, нысандары мен түрлеріне, сондай-ақ олардың өнімнің өзіндік құнына әсеріне ерекше назар аударылады. Еңбекақыны есептеу және есепке алу тәртібін реттейтін нормативтік құжаттардың ережелері қарастырылған, сондай-ақ оларды қазіргі жағдайда сақтаудың маңыздылығы атап көрсетілген.

**Түйін сөздер:** еңбекақы, еңбекақы төлеу нысандары, еңбекақының есебі, төменгі еңбекақы мөлшері

#### **УЧЕТ И АНАЛИЗ ЗАРАБОТНОЙ ПЛАТЫ НА ПРЕДПРИЯТИИ**

**Құмар А.Е.**<sup>1</sup>

Научный руководитель - **Мархаева Б.А.**<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Каспийский Общественный Университет, г. Алматы, Республика Казахстан

**Аннотация.** В статье рассматриваются особенности учета и анализа заработной платы на предприятии. Раскрыта роль заработной платы как ключевого элемента системы мотивации персонала и показателя производительности труда. Описаны основные аспекты начисления и выплаты заработной платы, включая соблюдение требований законодательства и ведение бухгалтерской отчетности. Особое внимание уделено структуре заработной платы, формам и видам оплаты труда, а также их влиянию на себестоимость продукции. Представлены нормативные документы, регулирующие

порядок расчета и учета заработной платы, а также акцентируется важность их соблюдения в современных условиях.

**Ключевые слова:** заработная плата, формы оплаты труда, учет заработной платы, размер минимальной заработной платы

## ACCOUNTING AND ANALYSIS OF WAGES AT THE ENTERPRISE

**Kumar A.E**<sup>1</sup>.

Scientific supervisor **Markhayeva B.A.**<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Caspian Public University, Almaty, Republic of Kazakhstan


**Summary.** The article discusses the features of accounting and analysis of wages at enterprises. The role of wages as a key element of the personnel motivation system and an indicator of labor productivity is revealed. The main aspects of payroll accrual and payment are described, including compliance with legal requirements and accounting records. Special attention is paid to the structure of wages, forms and types of remuneration, as well as their impact on the cost of production. The normative documents regulating the procedure for calculating and accounting wages are presented, and the importance of their observance in modern conditions is emphasized.

**Keywords:** wages, forms of remuneration, accounting of wages, minimum wage

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, қызметкерлердің еңбекақысы - ол жұмысшының біліктілігіне, жұмыстың күрделілігі мен санына байланысты өтемақы төлемдері мен қосымша төлемдері деп түсіндіріледі [1].

Еңбекақы еңбек нарығындағы бағаны білдіреді, ол әлеуетті қызметкер жұмыс берушіден белгілі бір тапсырманы орындау үшін алғысы келетін сыйақыны көрсетеді. Сонымен қатар, еңбек өндіріс факторларының бірі болып табылады және өз иесіне белгілі бір табыс әкелуі керек. Әдетте, еңбекақы ақшалай түрде төленеді, бірақ ерекше жағдайларда ол заттай (азық-түлік т.с.с тұтыну тауарлары), бағалы қағаздар немесе басқа да түрде төленуі мүмкін.

Еңбекке ақы төлеу жүйесінің негізгі екі нысаны бар. Мерзімді еңбекақы жұмыс істеген уақыт мөлшері үшін төленеді, ал кесімді еңбекақы өндірілген өнімнің саны мен сапасына сәйкес орындалған жұмыс үшін төленеді. Сонымен қатар, еңбекақының 3 элементін ажыратады (1-сурет).



Сурет-1. Еңбекақының элементтері [2]

Негізгі еңбекақы жұмыс істеген сағаттары үшін төленеді. Әлеуметтік төлемдерге жол жүру ақысы, жолдама ақысы, аналар мен ардагерлерге т.с.с. қосымша төлемдер жатады. Қосымша еңбекақы – ол өндірісте жұмыс істемеген уақыт үшін төлемдер.

Еңбекақы бойынша қызметкерлермен есеп айырысу кез-келген кәсіпорындағы бухгалтерлік есептің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Еңбекақы төлеу кәсіпорын шығындарының едәуір бөлігін алады, соның негізінде өнімнің өзіндік құны анықталады.

Қызметкерлермен еңбекақы бойынша есеп айырысуларды есепке алу Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Салық кодексі, Әлеуметтік кодексі, сондай-ақ бухгалтерлік есепті жүргізу қағидалары және басқа да осы саланы реттейтін нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі [1,3,4].

Қызметкерлермен есеп айырысу есебінің негізгі міндеттері төмендегілерді қамтиды:

- еңбекақыны және одан ұстап қалатын ұсталымдарды уақтылы төлеу, демалыс, жәрдемақы есептеу үшін орташа еңбекақы есептеу;
- уақытша еңбекке жарамсыздық;
- іссапар шығындары;
- әлеуметтік сипаттағы төлемдерді жүзеге асыру;
- еңбек және салық заңнамасын сақтау;
- есепті құжаттаманы уақтылы ұсыну [5,6].

Еңбекақыны есептеуде ең төменгі еңбекақының белгіленген мөлшері маңызды рөл атқарады. Жыл сайын бұл көрсеткіш өзгеріп отырады. Мысалы, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі еңбекақы 85000 теңге мөлшерінде белгіленді.

Еңбекақы төлеу жөніндегі қызметкерлермен есеп айырысулардың синтетикалық есебі 3350 «Еңбекақы төлеу бойынша қысқа мерзімді берешек» шотында жүргізіледі. Шот пассивті болып табылады, өйткені ол кәсіпорынның қызметкер алдындағы кредиторлық берешегін құруға және өтеуге байланысты операцияларды көрсетеді. Төмендегі кестеде кәсіпорында еңбекке ақы төлеу бойынша орын алатын типтік операциялардың шоттар корреспонденциясы көрсетілген (кесте 1).

Кесте - 1. Еңбекақы бойынша есеп айырысулардың типтік операцияларының шоттар корреспонденциясы [5,6].

Шаруашылық операцияның мазмұны	Шот корреспонденциясы	
	Д-т	К-т
Қызметкерлерге еңбекақы және басқа да кірістер есептелді:		
- әкімшілік-басқару қызметкеріне	7210	3350
- сату салалары	7110	3350
- негізгі өндіріс қызметкерлеріне (оның ішінде қызмет көрсетумен/жұмыстарды орындаумен айналысатын)	8110	3350
- жартылай фабрикаттар өндірісін жүзеге асыратын қызметкерлерге	8210	3350
- қосалқы өндіріс қызметкерлеріне	8310	3350
- өндіріске қызмет көрсетуді жүзеге асыратын қызметкерлерге	8410	3350
-кәсіпорынның өз мұқтажы үшін объектілер салумен айналысатын жұмыскерлерге (негізгі құралдар, инвестициялық жылжымайтын мүлік)	2930	3350
Қызметкерлердің кірістерінен жеке табыс салығы ұсталды	3350	3120
Қызметкерлердің кірістерінен міндетті зейнетақы жарнасы ұсталды	3350	3220

Жаңадан келген бухгалтер қызметкерлермен еңбекақы бойынша есеп айырысу құжаттамасын түсінуі керек.

Еңбекақы төлеу бойынша қызметкермен есеп айырысу бойынша бастапқы құжаттар:

- жұмысқа қабылдау туралы бұйрық;
- қызметкердің жеке карточкасы;

- штат кестесі;
- демалыс беру туралы бұйрық;
- еңбек шартын тоқтату туралы бұйрық;
- қызметкерді көтермелеу туралы бұйрық;
- жұмыс уақытын пайдалануды есепке алу табелі және еңбекақыны есептеу табелі;
- есеп айырысу-төлем ведомосы;
- «дербес шот» және басқалар.

Еңбекақы төлеу бойынша есептеулердің талдамалық есебі кәсіпорынның әрбір қызметкері бойынша жүргізіледі. Әрбір қызметкерге жеке шот, жеке тұлғаның жиынтық табысын есепке алудың салық карточкасы, есеп айырысу және есеп айырысу-төлем ведомостары ашылады.

Кәсіпорындағы еңбекке ақы төлеу жүйесін талдау барысында келесілерге де назар аударылады.

Жұмыс істейтін адамдар үшін демалыс уақыты қызметкердің қызметтік міндеттерін орындаудан босатылуы мүмкін мерзім ретінде анықталады. Мұндай демалыс кезеңінде адам орналасқан жеріне қарамастан жеке істермен айналысуға құқылы. Бұл ерекшелік демалыс уақытының түрлеріне жұмыс берушінің қызметкерге берген құқықтары нәтижесінде туындайтын уақыт аралықтары кіретіндігіне байланысты.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 80-бабына сәйкес тынығу уақытының түрлеріне мыналар жатады:

- 1) жұмыс күні (жұмыс ауысымы) ішіндегі үзілістер:
  - тынығуға және тамақтануға арналған үзіліс;
  - ауысымшылық және арнайы үзілістер;
- 2) күнделікті (ауысымаралық) тынығу;
- 3) демалыс күндері (вахтааралық тынығу);
- 4) мереке күндері;
- 5) демалыстар болып табылады [1].

Еңбек заңнамасы қызметкерге еңбек міндеттерін орындау кезінде үзіліс берудің кең мүмкіндіктерін қарастырады.

Көбінесе көптеген жұмыс берушілер бес күндік жұмыс негізінде дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндерді жұмыс күні ретінде, ал сенбі және жексенбі демалыс күндері деп ұсынады. Бірақ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі бұл екі күнді демалыс ретінде бекітпейді. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 84-бабына сәйкес 5 күндік жұмыс аптасында қызметкерлерге 2 демалыс бөлінді, ал міндетті демалыс күн - жексенбі саналады. Бес күндік немесе төрт күндік жұмыс аптасы кезіндегі екінші немесе үшінші демалыс күні ұжымдық шартта немесе еңбек тәртіптемесі қағидаларында белгіленеді, яғни екінші демалыс дүйсенбі болуы мүмкін [1].

Үздіксіз өндірістерде немесе өндірістік-техникалық жағдайлар бойынша немесе халыққа ұдайы үздіксіз қызмет көрсету қажеттілігі салдарынан демалыс күндері жұмысты тоқтату мүмкін болмайтын өндірістерде істейтін, сондай-ақ вахталық әдіспен жұмыс істейтін жұмыскерлерге демалыс күндері ауысымдық кестелерге сәйкес аптаның әр күндері кезекпен беріледі.

Егер жұмыс беруші алты күндік жұмыс аптасында болса, онда бір ғана демалыс күні бар. Сенбіден дүйсенбіге дейін «классикалық» демалыс күндері жұмыс процестерін тоқтата тұру мүмкін болмаған жағдайда, қызметкерлер жұмыс берушінің кестесінде және ішкі құжаттарында көзделген түрлі күндерде апта сайынғы демалысты алуға құқылы. Бұл жағдайда мұндай демалудың үздіксіз ұзақтығы 40 сағаттан аспауы керек.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 87-бабы қызметкерлерге кезекті демалыс беру кезектілігін белгілейді [1]. Бұл мәселе еңбек шартының екі тарапына бірдей дәрежеде маңызды. Алайда, жұмыс беруші мен қызметкер бұл жағдайда қарама-қарсы полостерде. Бір жағынан, жұмыс беруші:

Инновационный менеджмент использует различные методы и инструменты, которые помогают эффективно управлять инновациями в организации. Одним из таких методов является мозговой штурм, который представляет собой коллективное обсуждение и предложение различных решений, стимулируя творческое мышление и генерируя множество идей за короткое время. Для оценки сильных и слабых сторон компании, а также выявления возможностей и угроз используется SWOT-анализ. Этот метод помогает понять, какие инновации будут наиболее полезными для компании, и какие риски нужно учитывать. Метод Делфи помогает в прогнозировании, когда группа экспертов анонимно отвечает на вопросы, после чего их прогнозы анализируются и обобщаются для получения более точных результатов.

Дизайн-мышление - это метод, фокусирующийся на понимании потребностей клиентов и создании инновационных решений, удовлетворяющих эти потребности. Он включает в себя несколько этапов, таких как эмпатия, определение проблемы, генерация идей, прототипирование и тестирование. Канва бизнес-модели помогает визуализировать и разработать бизнес-модель компании, разделенную на девять блоков: ключевые партнеры, виды деятельности, ресурсы, ценностное предложение, отношения с клиентами, каналы сбыта, сегменты клиентов, структура затрат и источники доходов. Метод шести шляп используется для рассмотрения проблемы с разных точек зрения, где каждая шляпа представляет определенный способ мышления: факты, эмоции, критика, оптимизм, креативность и управление. Этот метод помогает создать более сбалансированное и всестороннее представление о проблеме. Технологическая дорожная карта - это инструмент, который помогает планировать развитие технологий в компании, включая определение целей, анализ текущего состояния, разработку плана действий и мониторинг прогресса.

Инновационный менеджмент стал основой для значительных успехов многих компаний по всему миру. Примером успешного внедрения инновационного менеджмента является Apple Inc., которая создала такие революционные продукты, как iPhone, iPad и MacBook, что позволило компании установить новые стандарты качества и функциональности в области потребительской электроники. Компания Tesla Inc. благодаря инновационному подходу к разработке и производству электромобилей создала высокоэффективные модели с длительным запасом хода и передовыми технологиями автономного вождения, установив новые ориентиры для автомобильной промышленности. Google LLC использует инновационный менеджмент для разработки продуктов и услуг, таких как поисковая система Google, операционная система Android и облачная платформа Google Cloud, что укрепило позиции компании как лидера в области интернет-технологий и облачных сервисов. Samsung Electronics внедрила инновационный менеджмент для создания передовых электронных устройств, таких как смартфоны Galaxy, телевизоры с технологией QLED и бытовую технику с искусственным интеллектом, что укрепило позиции компании на мировом рынке потребительской электроники. Procter & Gamble (P&G) применяет инновационные методы исследований и разработки для создания успешных продуктов в области потребительских товаров, таких как подгузники Pampers, зубная паста Crest и моющие средства Tide. Toyota Motor Corporation внедрила инновационный менеджмент для разработки экологически чистых автомобилей с гибридными и водородными двигателями, такими как Prius и Mirai, которые стали лидерами на рынке экологически чистых транспортных средств.

Инновационный менеджмент играет ключевую роль в успехе Kaspi.kz. Компания активно интегрирует свои сервисы с платформами, такими как AliPay+, что демонстрирует высокий уровень цифровизации. Создание экосистемы, позволяющей пользователям получать доступ ко множеству услуг в одном приложении, является важным достижением. Kaspi.kz также сосредоточена на разработке инновационных решений для улучшения пользовательского опыта и активно использует искусственный интеллект и машинное обучение для оптимизации процессов. Это привело к значительному росту клиентской базы и укреплению позиций компании на рынке финансовых технологий в Казахстане. Инновационные решения также способствовали увеличению доходов и финансовой устойчивости компании, позволив ей успешно конкурировать с международными компаниями и предлагать уникальные и удобные решения для клиентов. Пример Kaspi.kz показывает, как инновационный менеджмент может сыграть решающую роль в укреплении позиций компании на рынке и обеспечении долгосрочного развития.

Инновационный менеджмент является основным фактором, обеспечивающим устойчивое развитие и конкурентоспособность предприятий в условиях динамичных изменений на рынках и технологий. В данной статье мы рассмотрели ключевые аспекты



инновационного менеджмента, его роль в деятельности компании, методы и инструменты, способствующие эффективному управлению инновациями, а также примеры успешного применения инновационного менеджмента на практике.

**Основные выводы:**

Инновационный менеджмент помогает компаниям адаптироваться к быстро меняющимся условиям рынка и технологическим изменениям. Эффективное управление инновациями включает несколько ключевых этапов: генерация идей, оценка и отбор, разработка и планирование, внедрение, оценка и контроль, а также распространение и масштабирование. Методы и инструменты инновационного менеджмента, такие как мозговой штурм, SWOT-анализ, метод Делфи, дизайн-мышление, канва бизнес-модели, метод шести шляп и технологическая дорожная карта, помогают структурировать процесс и обеспечивают успешное внедрение инноваций. Примеры успешных компаний, таких как Apple, Tesla, Google, Samsung, Procter & Gamble и Toyota, наглядно демонстрируют, как эффективный инновационный менеджмент может привести к значительным успехам и укреплению позиций на рынке. Пример казахстанской компании Kaspi.kz показывает, как успешное внедрение инновационного менеджмента помогает компании стать лидером на рынке финансовых технологий в Казахстане.

Инновационный менеджмент представляет собой важный инструмент для достижения долгосрочного успеха и устойчивого развития предприятия. Компании, активно внедряющие инновации и эффективно управляющие ими, обладают значительными преимуществами в условиях жесткой конкуренции и стремительных изменений в мировой экономике и технологиях.

### **Список использованной литературы**

1. Друкер П. Эффективный управляющий. Москва: Вильямс, 2007. - 272 с.
2. Осборн, Э., Плэстридж Ч. Инновации и развитие. Москва: Альпина Паблишер, 2019. - 336 с.
3. Роджерс Э. М. Диффузия инноваций. Москва: Инфра-М, 2009. - 576 с.
4. Скибицкий Е.В. Инновационный менеджмент: учебное пособие. Москва: Юрайт, 2020. - 432 с.
5. Kaspi.kz. Инновации и развитие суперприложений [Электронный ресурс].2024. URL: <https://kaspi.kz> (дата обращения: 12.11.2024).

### **Сведение об авторах**

Супиян Ерасыл Нурлан-улы Студент, Каспийский Общественный Университет, e-mail: simrfive@gmail.com

Газанов Алан Константинович Студент, Каспийский Общественный Университет, e-mail: gazanovalan03@gmail.com

Майдыров Салават Габдулович Руководитель научной работы, К.Э.Н, Каспийский Общественный Университет, e-mail: Lev530@bk.ru

## ҰЙЫМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІН ТАЛДАУ

Сұлтанбай А.Б.<sup>1</sup>, Кумарханова Н.Н.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> «Есеп және аудит» мамандығының 4-ші курс студенті, Каспий қоғамдық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

<sup>2</sup> «Экономика және басқару» кафедрасының оқытушысы, э.ғ.м., Каспий қоғамдық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

### Аңдатпа

Кәсіпорындардың қызметі алынатын экономикалық және қаржылық ақпаратқа байланысты. Ақпараттың толықтығы, сенімділігі мен ашықтығы дамуға үлкен әсер етеді. Мұндай ақпараттың негізгі көзі қаржылық есеп беру болып табылады. Бұл есептерді талдау негізгі құралдардың бірі болып табылады, онсыз кәсіпорынның қаржылық жағдайын нығайтуға бағытталған басқару шешімдерін қабылдау мүмкін емес.

**Кілтті сөздер:** Бухгалтерлік есеп, қаржылық жағдай, қаржылық көрсеткіштерді талдау, қаржылық нәтижелер туралы есеп.

### Аннотация

Деятельность предприятий зависит от получаемой экономической и финансовой информации. Большое влияние на развитие оказывает полнота, достоверность и прозрачность информации. Основным источником такой информации — это бухгалтерская финансовая отчетность. Анализ данной отчетности — это один из главных инструментов, без которого невозможно принять управленческие решения, направленные на укрепление финансового положения предприятия.

**Ключевые слова:** Бухгалтерская отчетность, финансовое положение, анализ финансовых показателей, отчет о финансовых результатах.

### Abstract

The activities of enterprises depend on the economic and financial information received. The completeness, reliability and transparency of information have a great influence on development. The main source of such information is accounting financial statements. Analysis of these statements is one of the main tools, without which it is impossible to make management decisions aimed at strengthening the financial position of the enterprise.

**Key words:** Accounting statements, financial position, analysis of financial indicators, financial performance report.

Экономикалық процестердің дамуы бүгінгі таңда кәсіпорындар мен ұйымдардың өсу көрсеткіштерін көрсететін маңызды және өзекті критерийлердің бірі болып табылады.

Қаржылық және статистикалық есептілік тиімді және стратегиялық басқару үшін қажет.

Негізгі қызмет көрсеткіштерін көрсететін қаржылық есептілікті енгізу Қазақстанда тіркелген барлық ұйымдар мен кәсіпорындар үшін міндетті норматив болып табылады.

**Қаржылық есептілік** – бұл есеп процесінің соңғы кезеңі, ол есептік кезең үшін экономикалық субъектінің қаржылық жағдайы, қаржылық нәтижесі және ақшалай қаражаттарының қозғалысы туралы ақпаратты ұсынады.

**Бухгалтерлік баланс жүргізетін нысандар:**

**1. Кәсіпорындар мен ұйымдар:**

- Мемлекеттік кәсіпорындар;
- Жеке меншік нысанындағы ұйымдар;
- Бірлескен кәсіпорындар (шетелдік және қазақстандық капитал қатысуымен).

## **2. Қаржы мекемелері:**

- Банктер;
- Сақтандыру компаниялары;
- Инвестициялық қорлар.

## **3. Шағын және орта бизнес субъектілері:**

- Жеке кәсіпкерлер;
- Шағын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер (ЖШС);
- Фермерлік және шаруа қожалықтары.

## **4. Коммерциялық емес ұйымдар:**

- Қоғамдық қорлар;
- Үкіметтік емес ұйымдар.

## **5. Бюджеттік мекемелер:**

- Білім беру мекемелері;
- Денсаулық сақтау ұйымдары;
- Мемлекеттік басқару органдары.

Бұл нысандар қаржылық есептілікті заң талаптарына сәйкес жүргізіп, мемлекеттік органдарға ұсынады.

Бухгалтерлік есептің басты және негізгі критерийі – кәсіпорындардың есептілігі. Ол ұйымның қаржылық және мүліктік жағдайы туралы ақпаратты жинақтап, белгілі бір уақыт ішіндегі қызметінің нәтижелерін көрсетеді. Бухгалтерлік есептілік тоқсандар және жыл бойынша қалыптастырылады.

### **Қаржылық есептілікті құру тәртібі:**

- Баланс көрсеткіштерінің құрылуы;
- Қаржылық нәтижелер туралы есеп беруді құру;
- Ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті құру;
- Капиталдағы өзгерістер туралы есепті құру;
- Түсіндірме жазба.

Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» заңында бухгалтерлік есептілікке қойылатын негізгі талаптар 15-бапта көрсетілген. Жалпы талаптарға — шынайылық пен толықтық, маңыздылық пен бейтараптық, сондай-ақ салыстырмалылық жатады. Ең басты талап — есеп саясатын есептік жылдың ішінде ұстану.

Қаржылық есептілік жүргізу барысында қателіктер жиі кездесуі мүмкін. Бұған есептілікті дайындау тәртібін бұзу және есеп саясатын дұрыс қолданбау жатады. Қателіктер Қазақстан Республикасының заңнамасын дұрыс қолданбаудан, есептеулердегі қателіктерден, компания тұлғаларының адал емес әрекеттерінен туындайды.

Елеулі қате – қаржылық есеп беруді пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер ететін қате. Кәсіпорынның қаржылық ресурстарын басқару мәселелерін шешу үшін кәсіпорынның жағдайына қаржылық-экономикалық талдау жүргізіледі. Оның әдістемесі арнайы құралдар мен әдістерден тұрады.

### **Қаржылық талдау әдістерінің классификациясы:**

#### **1. Деректерді өңдеу әдістері бойынша:**

- Салыстырмалы талдау әдісі;
- Трендтік талдау әдісі;
- Факторлық талдау әдісі;
- Коэффициенттік талдау әдісі;
- Горизонтальдық талдау;
- Вертикальдық талдау.

#### **2. Мазмұны бойынша:**

- Қаржылық жағдайды талдау;
- Қаржылық нәтижелерді талдау;
- Капитал құрылымын талдау;
- Қаржылық тәуекелдерді талдау.

### **3. Пайдаланылатын ақпарат көздеріне байланысты:**

- Сыртқы талдау;
- Ішкі талдау.

### **4. Мақсатына байланысты:**

- Диагностикалық талдау;
- Болжамдық талдау;
- Нормативтік талдау;
- Стратегиялық талдау.

### **5. Құралдар мен әдістердің түрлері бойынша:**

- Статистикалық әдістер;
- Математикалық модельдеу;
- SWOT талдау;
- Ағымдық (оперативті) талдау.

Қаржылық көрсеткіштерді талдау үшін оның әдістерінің бірі – коэффициенттік талдау қолданылады, ол қаржылық қызметтің әртүрлі аспектілерін қамтиды. Көбінесе келесі талдау түрлері жүргізіледі:

1. **Ағымдағы қызметті талдау.** Бұл негізгі ағымдағы қызметтің тиімділігін көрсетеді. Негізгі көрсеткіштер – қор қайтарымы, қорлар мен есеп айырысулардағы айналым коэффициенттері.

2. **Өтімділікті талдау.** Ол ағымдағы міндеттемелерді орындау қабілетін анықтайды. Бұл талдау кәсіпорынның айналым қаражаттарымен қамтамасыз етілуін анықтау үшін жүргізіледі.

3. **Қаржылық тұрақтылықты талдау.** Ол белгілі бір уақыт аралығында (кезенде) кәсіпорынның ресурстарды қаншалықты тиімді басқарғанын түсінуге мүмкіндік береді.

4. **Рентабельділікті талдау.** Бұл кәсіпорынның оның дамуына салынған қаражаттан қанша пайда алатынын көрсетеді. Негізгі көрсеткіштер – аванстық және жеке капиталдың рентабельділігі. Кәсіпорынның пайдасына әсер ететін факторларды анықтау үшін жеке капиталдың рентабельділік көрсеткіші (ROE) есептеледі, ол нарықтық құнды сипаттайды. Мұны анықтау үшін факторлық модель қолданылады, онда әртүрлі факторлар саны болуы мүмкін.

5. **Капитал нарығындағы жағдай мен қызметті талдау.** Бұл бағалы қағаздар биржаларында тіркелген және өз акцияларын сол жерде сататын компаниялар үшін қолданылады.

Қаржылық қызметті талдау келесі принциптерге сәйкес реттеледі: жүйелілік, ақпараттық базаның біртұтастығы, маңыздылық және нәтижелердің салыстырмалылығы.

"Баян Сұлу" АҚ (BSUL) - Қазақстанның Қостанай қаласында кондитер өнімдерін шығаратын кәсіпорын. 1974 жылы желтоқсанда Қостанай кондитер фабрикасы болып ашылып, 1993 жылы қыркүйекте «Баян Сұлу» АҚ болып қайта құрылды.

1-кесте – "Баян Сұлу" АҚ (BSUL) қаржылық көрсеткіштері

Көрсеткіш	01.10.24 жағдай бойынша	01.07.24 жағдай бойынша
Жарғылық капитал	14 997 460,00 мың теңге	9 617 569,00 мың теңге
Меншікті капитал	35 280 913,00 мың теңге	29 757 053,00 мың теңге
Жиынтық активтері	52 243 476,00 мың теңге	51 787 751,00 мың теңге
Жиынтық міндеттемелері	16 962 563,00 мың теңге	22 030 698,00 мың теңге
Сатылым көлемі	33 803 443 мың теңге	22 086 549 мың теңге
Жалпы табыс	8 269 352,00 мың теңге	5 579 632,00 мың теңге

Таза пайда	594 212,00 мың теңге	450 243,00 мың теңге
Жай акцияның теңгерімдік құны	444,00 теңге	638,00 теңге
ROA	1,14%	0,87%
ROE	1,68%	1,51%
ROS	1,76%	2,04%

07.01.2024 ж. және 10.01.2024 жылдардағы деректер негізінде "Баян Сұлу" АҚ (BSUL) қаржылық талдауы:

**1. Компанияның тұрақтылығы:**

- Компанияның меншікті капиталы активтерінің 67%-ын құрайды, ал міндеттемелер үлесі тек 33%. Бұл компанияның қаржылық жағдайының тұрақты екенін көрсетеді.

- Міндеттемелер көлемі 22%-ға азайған, бұл қарыз тәуекелін төмендетеді.

**2. Пайда мен тиімділік:**

- Сатылымдар: 53%-ға өсті (22 млрд-тан 33 млрд теңгеге дейін).

- Таза пайда: 32%-ға артқан (450 млн-нан 594 млн теңгеге дейін).

- Активтер мен меншікті капитал тиімділігі (ROA және ROE) жақсарды, яғни компания активтерін де, акционерлердің қаражатын да жақсырақ пайдалана бастады.

**3. Мәселелер:**

- Сатылымнан пайда (ROS) аздап төмендеді (2.04%-дан 1.76%-ға). Бұл шығындардың ұлғайғанын білдіреді.

- Акцияның теңгерімдік құны 30%-ға түсіп кетті, бұл акционерлер үшін жағымсыз белгі.

**4. Жалпы қорытынды:**

Компанияның қаржылық жағдайы жақсы жаққа өзгеруде: табысы өсіп, қарызы азайған. Бірақ шығындарды қатаң бақылап, акционерлердің мүддесін ескеру қажет.

Осылайша, бухгалтерлік қаржылық есептілікті талдау – кәсіпорынның қаржылық жүйесін басқарудың маңызды элементі болып табылады. Ол кәсіпорын құрылымын, қолда бар ресурстарды пайдалануын және инвесторлардан қаражат тартудың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

6. Қаржылық талдау негіздері : учебное пособие / С. С. Қожабеков, С. А. Тлеубаева. - Алматы : TechSmith, 2021. - Б. ц.

7. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау : оқу құралы / К.Ш.Дүйсенбаев, Э.Т.Төлегенов, Ж.Г.Жұмағалиева ; ҚР білім және ғылым министрлігі. - Алматы : Экономика, 2001. - Б. ц.

8. Дурнова, К. А. Формирование финансовой отчетности и анализ её основных показателей / К. А. Дурнова, М. А. Куликова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2022. — № 42 (437). — С. 288-290. — URL: <https://moluch.ru/archive/437/95537/>

9. Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы — URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000234\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000234_)

10. "Баян Сұлу" АҚ (BSUL) қаржылық көрсеткіштер — URL: <https://kase.kz/kz/issuers/BSUL/>

**Авторлар туралы мәліметтер**

\*Сұлтанбай Анель Бахытбайқызы - Каспий Қоғамдық университетінің «Есеп және аудит» мамандығының 4-ші курс студенті, e-mail: [aioeuy.aioeuy@gmail.com](mailto:aioeuy.aioeuy@gmail.com)

**\*\*Кумарханова Нургуль Нурмышовна** - Каспий Қоғамдық университетінің «Экономика және басқару» кафедрасының оқытушысы, экономика ғылымдарының магистры, e-mail: [Nuke\\_1971@mail.ru](mailto:Nuke_1971@mail.ru)

**Сведения об авторах**

**\*Султанбай Анель Бахытбайқызы** - студент 4 курса Каспийского общественного университета по специальности «Учет и аудит», e-mail: [aioeuy.aioeuy@gmail.com](mailto:aioeuy.aioeuy@gmail.com)

**\*\*Кумарханова Нургуль Нурмышовна** - преподаватель кафедры «Экономика и управления» Каспийского общественного университета, магистр экономических наук, e-mail: [Nuke\\_1971@mail.ru](mailto:Nuke_1971@mail.ru)

**Information about the authors**

**\*Sultanbay Anel Bahytbaikyzy** -4th year student of the Caspian Public University, specialty "Accounting and Auditing", e-mail: [aioeuy.aioeuy@gmail.com](mailto:aioeuy.aioeuy@gmail.com)

**\*\*Kumarhanova Nurgul Nurmyshovna** -Lecturer of the department of Economics and Management of the Caspian Public University, Master of economic sciences, e-mail: [Nuke\\_1971@mail.ru](mailto:Nuke_1971@mail.ru)

ӘОЖ 331.214

**КӘСІПОРЫННЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ ТАЛДАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Тілеужанқызы А.<sup>1</sup>, Мархаева Б.А.<sup>2</sup>**

<sup>1,2</sup> Каспий Қоғамдық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

**Андатпа.** Мақалада кәсіпорындағы негізгі құралдардың жағдайын, олардың пайдалану тиімділігін және жаңарту қажеттілігін бағалауға бағытталған ақпарат қамтылған. Талдау нәтижелері кәсіпорынның өндірістік қуатын арттыру, инвестициялық саясатты анықтау үшін маңызды шешімдер қабылдауға бағыт болады. Негізгі құралдардың пайдалану деңгейін арттырып, кәсіпорынның ұзақ мерзімді табыстылығын қамтамасыз ету арқылы тиімді басқарудың маңыздылығы атап көрсетілген.

**Түйін сөздер:** негізгі құралдар, жіктелуі, тиімділік көрсеткіштері, қор қайтарымы, қор сыйымдылығы.

**ОСОБЕННОСТИ АНАЛИЗА ОСНОВНЫХ СРЕДСТВ ПРЕДПРИЯТИЯ**

**Тлеужанқызы А.<sup>1</sup>, Мархаева Б.А.<sup>2</sup>**

<sup>1, 2</sup> Каспийский Общественный университет, г. Алматы, Республика Казахстан

**Аннотация.** Статья содержит информацию, направленную на оценку состояния основных инструментов на предприятии, эффективности их использования и необходимости обновления. Результаты анализа станут ориентиром для принятия важных решений по увеличению производственной мощности предприятия и определению инвестиционной политики. Подчеркивается важность эффективного управления путем повышения уровня использования основных фондов и обеспечения долгосрочной рентабельности предприятия.

**Ключевые слова:** основные средства, классификация, показатели эффективности, фондоотдача, фондоемкость.

**FEATURES OF ANALYSIS OF FIXED ASSETS OF THE ENTERPRISE**

**Tleuzhankyzy A.<sup>1</sup>, Markhaeva B.A.<sup>2</sup>**

<sup>1,2</sup> Caspian Public University, Almaty, Republic of Kazakhstan

**Summary.** The article contains information aimed at assessing the state of the main tools at the enterprise, the efficiency of their use and the need for updating. The results of the analysis will become a guide for making important decisions on increasing the production capacity of the enterprise and determining the investment policy. The importance of effective management by increasing the level of use of fixed assets and ensuring the long-term profitability of the enterprise is emphasized.

**Keywords:** fixed assets, classification, performance indicators, return on assets, capital intensity.

Кәсіпорында пайдаланылатын және бухгалтерлік есепте есептелінуге жататын негізгі құралдар деп - өндірісте ұзақ уақыт бойы (бір жылдан артық уақыт) пайдаланылатын, өзінің бастапқы заттай нысанын (пішінін, түрін) сақтай отырып, құнын шығарылған өнімге, орындалған жұмысқа, көрсетілген қызметке біртіндеп бөлініп- бөлініп есептелген амортизациялық аударым мөлшерінде ауыстыратын еңбек құралдарын, яғни материалдық активтерді айтады. Кәсіпорында негізгі құралдардың есебі ХҚЕС 16 “Негізгі құралдар” стандартына сәйкес жүргізіледі.

Негізгі құралдар көптеген өндіріс құралдары бойынша пайдаланылады, қасиеті мен нысанын сақтай отырып, жанама түрде тозады, өзінің құнын жаңадан жасалған өнімге біртіндеп көшіреді. Негізгі құралдар бұл өнім (жұмыс, қызмет) өндіруде немесе кәсіпорынды басқаруда еңбек құралы ретінде қолданылатын мүліктің бір бөлігі болып табылады [1].

Негізгі құралдарға кәсіпорынның қозғалмайтын мүлік, жер учаскелері, үйлер мен ғимараттар, өткізгіш тетіктер, машиналар мен жабдықтар, өлшеуіш және реттеуіш аспаптары, есептеуіш машиналар мен техникалары және олардың бағдарламалық құралдары, көлік тасымалдау құралдары, аспаптар, өндірістік және шаруашылық құрал-саймандары, өнім және жұмыс малдары, көп жылдық көшеттер, шаруашылықтың ішкі жолы тағы да басқаларын жатқызамыз.

Өндіріс үдерісіне қатысу сипатына қарай негізгі құралдар былайша бөлінеді: өндірістік бұл өндірістік үдеріске тікелей қатысатын немесе өндірістің негізін құрайтын негізгі құралдар. Олардың шамасы мен техникалық күйіне шаруашылық субъектісінің, жалпы елдегі салалардың экономикалық қуаты тәуелді.

Олардың құрамына өндірістік үйлер мен ғимараттар, машиналар мен жабдықтар, өлшеуші мен реттеуші аспаптар және құрылғылар, көлік құралдары, өндірістік және шаруашылық құрал-саймандар, керек-жарақтар, жұмысқа пайдаланылатын және өнім беретін малдар, көп жылдық өсімдіктер енеді [2].

Қор қайтарымдылығы, яғни негізгі құралдардың бірлігіне натуралды және ақшалай өлшеуіштермен, өнім өндіру негізгі өндірістік қорлардың тиімді пайдаланылуын сипаттайтын, жалпылаушы экономикалық көрсеткіш болып табылады.

Өндірістік емес бұл тұтыну мақсатындағы негізгі құралдар. Олар өндіріс үдерісіне қатыспайды, ол ұжымның мәдени тұрмыстық қажеттілігін қамтамасыз етуге арналған (үйлер, ғимараттар, керек-жарақтар, денсаулық сақтау, спорт).

Кәсіпорын қызметін талдауда негізгі құралды талдауға ерекше мән беріледі. Өнеркәсіптік кәсіпорындарда өнім өндірісі көлемін арттырудың маңызды факторларының бірі болып оны қажетті мөлшерде және ассортиментте негізгі құралдармен қамтамасыз ету және оларды тиімді пайдалану болып табылады [2,4].

Негізгі құралдарды талдау міндеттеріне келесілер жатады:

- кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің негізгі құралдармен қамтамасыз етілуін және жалпы мен жеке көрсеткіштер бойынша олардың пайдалану деңгейін анықтау;
- олардың деңгейінің өзгеру себептерін айқындау;
- негізгі құралдарды пайдалану дәрежесіне өнім өндіру көлемінің және басқа да көрсеткіштердің сезімталдығын бағалау;
- кәсіпорынның және жабдықтың өндірістік қуаттылығының пайдалану дәрежесін зерттеу;
- негізгі құралдарды пайдалану тиімділігін арттыру резервтерін анықтау.

Негізгі құралдар баланста қалдық құны бойынша сипатталады. Бірақ та қазіргі кезде қаржылық есептіліктің халық- аралық стандарттарына сәйкес негізгі құралдар баланстың қосымшасында көрсетіледі. Бұл құжатта негізгі құралдар әділ құнымен сипатталады.

Әділ құн - бір-бірінен жақсы хабардар, бір-бірінен тәуелсіз және келісімді ерікті түрде жүргізетін тараптардың арасындағы міндеттемелерді өтеу немесе активтерді иелену үшін жеткілікті болатын ақша қаражатының шамасы [4].

Негізгі құралдарды талдау кебінесе олардың көлемін, динамика мен құрылымын зерттеуден басталады.

Кесте - 1. Кәсіпорынның негізгі құралдарының құрамы мен құрылымын талдау.

№	Негізгі құралдар тобы	Есепті жыл басы		Есепті жыл аяғы		Ауытқуы	
		Сомасы, мың теңге	Үл.салмағы, %	Сомасы, мың теңге	Үл.салмағы, %	Сомасы, мың теңге	Үл.салмағы, %
1.	Жер	2830	2,4	735	0,7	-2095	-1,7
2.	Құрылғылар	7664	6,5	4203	4,0	-3461	-2,5
3.	Машиналар мен Жабдықтар	1061	0,9	315	0,3	-746	-0,6
4.	Көлік құралдары	84306	71,5	91719	87,3	+7413	+15,8
5.	Өзге де негізгі құралдар	22049	18,7	8089	7,7	-13960	-11,0
6.	Барлығы	117910	100	105061	100	-12849	-

Жүргізілген есептеулерден келе, зерттелініп отырған кәсіпорында негізгі құралдардың сомасы жыл басымен салыстырғанда 12848 мың теңгеге азайған. Негізгі құралдар сомасының азаюына келесі құрамдас элементтер құнының төмендеуі әсер еткен, атап айтқанда: құрылғылардың 3461 мың теңгеге, машиналар мен жабдықтардың 746 мың теңгеге, өзге де негізгі құралдардың 13959 мың теңгеге төмендегені анықталған.

Ал негізгі құралдардың құрамына қарайтын болсақ, ең жоғарғы үлес салмақты көлік құралдары алып отыр. Көлік құралдарының үлес салмағы есепті кезең басында 71,5% құраса, есепті жыл аяғында 87,3%-ды құрады, яғни салыстырмалы түрде 15,8%-ға артқан. Соның салдарынан қалған көрсеткіштердің үлес салмағының азайғандығы байқалады, яғни жердің 1,7%-ға, құрылғылардың - 2,5%-ға, машиналар мен жабдықтардың - 0,6%-ға, өзге де негізгі құралдардың - 11,0%-ға үлес салмақтары.

Негізгі құралдардың пайдалану тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштерге келесі көрсеткіштерді жатқызуға болады:

- Қор қайтарымдылығы. Негізгі құралдардың еңбек өнімділігін сипаттайды. Ол негізгі құралдардың 1000 теңгесіне қанша табыс келетінін көрсетеді. Келетін табыс көп болған сайын, компанияның рентабельділігі соншалықты жоғары болады.

$$\text{Қор қайтарымдылығы} = \frac{\text{Өнімді өткізуден түскен табыс}}{\text{Негізгі құралдардың орташа жылдық құны}}$$

- Қор сыйымдылығы. Қор қайтарымдылығының кері көрсеткіші болып табылады. Ол сатудың немесе өнімді өткізуден түскен табыстың 1000 теңгесіне қанша негізгі құрал келетінін көрсетеді:

$$\text{Қор сыйымдылығы} = \frac{\text{Негізгі құралдардың орташа жылдық құны}}{\text{Өнімді өткізуден түскен табыс}}$$



- Қор қарулығы. Еңбек деңгейін, механизациялануын және автоматтандырылуын сипаттайды. Ол бір жұмысшыға ақшалай өлшеммен қанша негізгі құрал келетінін көрсетеді.

$$\text{Қор қарулығы} = \frac{\text{Негізгі құралдардың орташа жылдық құны}}{\text{Жұмысшылардың орташа тізімлік саны}}$$

Мына жағдайларда компания өзінің негізгі құралдарын тиімді пайдаланады деп есептеледі, егер келесі шарттар сақталатын болса: Қор қайтарымдылығы > Қор сыйымдылығы [3].

Әрі қарай біздің зерттеу жүргізіліп отырған кәсіпорынның мәліметтері негізінде негізгі құралдары пайдалану тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштерге есептеу жүргізу үшін келесі талдамалық кесте құрылады.

Кесте 2 - Кәсіпорынның негізгі құралдарын пайдалану тиімділігін талдау.

№	Көрсеткіштер	Өткен жыл	Есепті жыл	Ауытқуы
1.	Өнімді өткізуден түскен табыс, мың теңге	517119	502996	-14123
2.	Таза табыс, мың теңге	-32491	2110	+34601
3.	Негізгі құралдардың орташа жылдық құны, мың теңге	111486	98728	-12758
4.	Жұмысшылардың орташа тізімлік саны, адам	250	223	-27
5.	Қор қайтарымдылығы	4,64	5,09	+0,45
6.	Қор сыйымдылығы	0,22	0,20	-0,02
7.	Қор қарулығы	445,9	442,7	-3,2

Кестедегі жасалынған есептеулерден келе, берілген кәсіпорын өзінің негізгі құралдарын тиімді пайдаланады деген қорытынды жасауға болады. Ол туралы қор қайтарымдылығы көрсеткіш мәнінің өсуі, нақтырақ айтсақ 45%-ға ұлғайған. Бұл дегеніміз бұл кәсіпорында қызметтерді көрсету процесіне барлық негізгі құралдар қатысады. Оны қор қайтарымдылығының өсуі және қор сыйымдылығының азаюынан көруге болады. Келесі жылы берілген кәсіпорын өзінің негізгі құралдары арқылы өндірістік әлеуетін арттыра алады [3].

Негізгі құралдарды тиімді басқару кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын, өндірістік қуатын және бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің маңызды бөлігі болып табылады. Алайда бұл процесте көптеген мәселелер туындауы мүмкін.

- Негізгі құралдардың тозуы мен ескіруі.

Мәселе: Кәсіпорындағы құралдардың физикалық тозуы және моральдық ескіруі олардың өнімділігін төмендетеді.

Себебі: Жаңарту бағдарламасының жеткіліксіз қаржыландырылуы, инновациялық технологияларға инвестицияның болмауы.

Шешім: Жаңғырту мен күрделі жөндеу жоспарын құру, заманауи жабдықтар сатып алу.

- Құралдарды толық пайдаланбау.

Мәселе: Негізгі құралдардың бір бөлігінің жүктеме деңгейінің төмен болуы немесе толық пайдаланылмауы.

Себебі: Өндіріс жоспарының тиімсіздігі немесе ресурстарды дұрыс бөлмеу.

Шешім: Жүктемені талдау және өндіріс тиімділігін арттыру үшін құралдарды қайта орналастыру.

- Қаржыландыру тапшылығы.

Мәселе: Негізгі құралдарды жөндеу, жаңарту немесе жаңа құралдар сатып алу үшін жеткілікті қаржылық ресурстардың болмауы.

Себебі: Кәсіпорынның кірісінің төмендігі немесе дұрыс қаржылық жоспарламау.

Шешім: Инвестиция тарту, лизинг немесе несие алу мүмкіндіктерін пайдалану.

- Есеп пен бақылаудың әлсіздігі.

Мәселе: Негізгі құралдардың нақты жағдайы мен қозғалысын бақылаудың жеткіліксіздігі.

Себебі: Басқару жүйесінің ескіруі немесе тиімсіздігі.

Шешім: Негізгі құралдарды есепке алу мен бақылауды автоматтандыру [4].

Негізгі құралдарды тиімді басқару үшін заманауи технологиялар мен әдістерді қолдану, қаржылық ресурстарды тиімді бөлу және нақты жоспарлау қажет. Бұл кәсіпорынның тұрақты дамуын және өндірістің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындар үшін негізгі құралдарды тиімді пайдалану – өндірістің тұрақтылығын, экономикалық өсуін және нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің негізі. Оларды есепке алу жүйесін жетілдіру кәсіпорындарға өзінің материалдық базасын нығайтып, заманауи талаптарға сай болуға мүмкіндік береді.

Негізгі құралдарды жаңарту, технологиялық жаңашылдықтарды енгізу және тиімді басқару кәсіпорындардың ұзақ мерзімді перспективадағы табысты дамуына ықпал ететін маңызды факторлар болып табылады.

### ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Оралбаева Ж.З., Арыстамбаева А.З. Экономикалық талдау негіздері: оқу құралы. – Алматы, Қазақ Университеті, 2014. – 134 б.
2. Аманова, Г.Д., Садуақасова, К.Ж. Экономикалық талдау : Оқу құралы. . - Алматы: Эпиграф, 2020. - 280 б. - ISBN 978-601-342-284-8. <http://rmebrk.kz/book/1175114>
3. Экономикалық талдау: оқулық / Андыбаева Г.Т. - Алматы 2016. - 104 б.
4. Садыханова Г.А. Кәсіпорын қызметін экономикалық талдау: оқу құралы. – Алматы, Қазақ Университеті, 2018. – 129 б.

#### Сведения об авторах

\*Тілеужанқызы Аружан, студент, Каспийский Общественный Университет, e-mail: aru\_review@mail.ru

\*\*Мархаева Баянслу Ахилбековна, д.э.н., профессор Каспийского общественного университета, e-mail: [markhaeva@mail.ru](mailto:markhaeva@mail.ru), +77028299440

#### Авторлар туралы мәліметтер

\*Тілеужанқызы Аружан, студент, Каспий Қоғамдық университеті, e-mail: aru\_review@mail.ru

\*\*Мархаева Баянслу Ахилбековна, э.ғ.д., Каспий қоғамдық университетінің профессоры, e-mail: [markhaeva@mail.ru](mailto:markhaeva@mail.ru), +77028299440

#### Information about the authors

\*Tleuzhankyzy Aruzhan, student, Caspian Public University, e-mail: aru\_review@mail.ru

\*\*Markhaeyva Bayanslu, doctor of economic sciences, professor of Caspian University, e-mail: [markhaeva@mail.ru](mailto:markhaeva@mail.ru), +77028299440

### ӘОЖ 338.27

## МАРКЕТИНГ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ҚҰРУ, СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАР МЕН ОПЕРАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫ ӨЗІРЛЕУ ӘДІСТЕРІ

Төлепберген А.Р.<sup>1</sup>, Каримова М.Д.<sup>2</sup>

<sup>1, 2</sup> Каспий қоғамдық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

**Андатпа.** Мақалада маркетинг бағдарламасын құру мен жоспарлаудың негізгі аспектілері, сондай-ақ **стратегиялық жоспар** мен **операциялық бағдарламаны** әзірлеу тәсілдері қарастырылады. **Маркетингтік жоспарлау** ұйымның ұзақ мерзімді мақсаттарына жету жолдарын айқындап, нарықтық жағдайды зерттеуге және тиімді стратегияларды әзірлеуге негізделеді. **Стратегиялық жоспарлау** барысында **SWOT талдау, нарықты сегменттеу, позициялау, және PEST талдау** әдістері қолданылады.

Мақалада маркетинг бағдарламасының тиімділігін арттыру үшін пайдаланылатын негізгі әдістер, соның ішінде **мақсатты аудиторияны анықтау, ресурстарды тиімді басқару, және алынған нәтижелерді бағалау** талданған. Жақсы ойластырылған және сапалы іске асырылған маркетинг бағдарламасы компанияға **нарықтағы үлесін арттыруға, қаржылық тұрақтылығын нығайтуға, және тұтынушылармен сенімді байланыс орнатуға** көмектеседі.

**Кілтті сөздер:** стратегиялық жоспар, операциялық бағдарламаны, маркетингтік жоспарлау, стратегиялық жоспарлау, SWOT талдау, нарықты сегменттеу, позициялау, PEST талдау, мақсатты аудиторияны анықтау, ресурстарды тиімді басқару.

**Аннотация.** В статье рассматриваются ключевые аспекты планирования и создания маркетинговой программы, а также методы разработки стратегического плана и операционной программы. Маркетинговое планирование направлено на достижение долгосрочных целей организации, анализ рыночной ситуации и разработку эффективных стратегий. При разработке стратегического плана используются такие методы, как SWOT-анализ, сегментирование рынка, позиционирование и PEST-анализ.

В статье подробно рассматриваются методы повышения эффективности маркетинговой программы, включая определение целевой аудитории, рациональное управление ресурсами и оценку достигнутых результатов. Продуманная и качественно реализованная маркетинговая программа помогает компании увеличить долю на рынке, укрепить финансовую стабильность и выстроить долгосрочные отношения с клиентами.

**Ключевые слова:** стратегического плана, операционной программы, маркетинговое планирование, стратегического плана, SWOT-анализ, сегментирование рынка, PEST-анализ, определение целевой аудитории, рациональное управление ресурсами.

**Annotation.** This article explores the key aspects of planning and creating a marketing program, along with methods for developing a strategic plan and an operational program. Marketing planning focuses on achieving the organization's long-term goals, analyzing market conditions, and developing effective strategies. The development of a strategic plan involves methods such as SWOT analysis, market segmentation, positioning, and PEST analysis.

The article highlights methods to enhance the effectiveness of a marketing program, including identifying the target audience, efficient resource management, and evaluating achieved results. A well-designed and effectively implemented marketing program helps a company increase market share, strengthen financial stability, and build long-term relationships with customers.

**Key words:** strategic plan, operational program, marketing planning, strategic plan, SWOT analysis, market segmentation, PEST analysis, target audience identification, efficient resource management.

### **Кіріспе**

Маркетинг бағдарламаларын жоспарлау мен құру кәсіпорындардың нарықтағы тұрақтылығы мен табыстылығын қамтамасыз ететін маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Стратегиялық және операциялық жоспарлар компанияның болашақтағы әрекеттерін бағыттап, ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Қазақстан

нарығының ерекшеліктері мен экономикалық жағдайы маркетингтік жоспарларды түзету және оңтайландыруды қажет етеді. Осы мақалада маркетингтік бағдарламаларды жоспарлау және әзірлеу әдістері, соның ішінде стратегиялық және операциялық бағдарламалардың қадамдары қарастырылады.

### **Стратегиялық жоспарлау**

Стратегиялық жоспарлаудың басты мақсаты – ұйымның болашақтағы бағыттарын анықтап, оның қол жеткізуі тиіс мақсаттарын нақты қою. Бұл процесс барлық бөлімшелер мен қызметкерлердің үйлесімді әрекет етуіне жағдай жасайды. Стратегиялық жоспарлаудың маңызды элементтері болып ұйымның ішкі және сыртқы жағдайларын талдау, мақсаттарды қою, және оларды іске асыру үшін іс-әрекеттер жоспарын әзірлеу саналады.

Стратегиялық жоспарлау кәсіпорынның ұзақ мерзімді мақсаттарына жету жолдарын анықтауға көмектеседі. Қазақстан нарығында бұл үрдіс күрделі, себебі ол түрлі сыртқы және ішкі факторларға байланысты өзгеріп отырады. Сондықтан стратегиялық жоспардың тиімділігі үшін нарықтың өзгерістерін бақылап, ұзақ мерзімді перспективаларға негізделген шешімдер қабылдау қажет.

Стратегиялық жоспарлау процесінің кезеңдері- Стратегиялық жоспарлау бірнеше кезеңдерден тұрады, олар бір-бірімен тығыз байланысты және әрқайсысының өз рөлі бар.

1. Мақсат қою – Стратегиялық жоспарлаудың бірінші кезеңі болып табылады. Бұл кезеңде компанияның жалпы мақсаттары мен міндеттері анықталады.

2. Анализ жүргізу – SWOT, PEST және басқа да талдау әдістері арқылы компанияның ішкі және сыртқы жағдайы зерттеледі.

3. Стратегияларды әзірлеу – Бұл кезеңде компанияның нақты мақсаттарға жету үшін қолданатын әдістері мен тактикалары белгіленеді.

4. Іс-әрекеттер жоспарын әзірлеу – Стратегиялық жоспарды жүзеге асыру үшін нақты қадамдар мен іс-шаралар анықталады.

5. Нәтижелерді бақылау – Жоспардың орындалу процесі қадағаланып, қажет болған жағдайда түзетулер енгізіледі.

SWOT талдауы- SWOT талдауы арқылы компания өз күшті және әлсіз жақтарын, сондай-ақ нарықтағы мүмкіндіктер мен қауіптерді анықтай алады. Бұл талдау стратегиялық шешімдер қабылдауға бағыт береді.

SWOT талдауының құрамдас бөліктері:

1. Күшті тұстар (Strengths). Бұл ұйымның сыртқы ортаға қарағанда артықшылықтары мен мүмкіндіктерін білдіреді. Күшті тұстарға компанияның бәсекеге қабілеттілігі, нарықтағы орны, кәсіби мамандардың болуы, техникалық ресурстар, қаржылық жағдайы және басқа да артықшылықтар жатады. Мысалы, компанияның белгілі бір салада күшті бренд болуы, жоғары сапалы өнімдер шығаруы немесе білікті қызметкерлерге ие болуы оның күшті тұстары болып табылады.

2. Әлсіз тұстар (Weaknesses). Әлсіз тұстар — бұл ұйымның ішкі кемшіліктері мен шектеулері, олар оның дамуына кедергі келтіруі мүмкін. Бұл қызметкерлердің кәсіби дағдыларын дамытудағы мәселелер, қаржылық ресурстардың тапшылығы, басқару процестеріндегі тиімділіксіздік немесе өнім сапасының төмендігі болуы мүмкін. Әлсіз тұстарды анықтау ұйымға өз қызметін жетілдіруге мүмкіндік береді.

3. Мүмкіндіктер (Opportunities). Мүмкіндіктер — бұл ұйымның даму үшін пайдалана алатын сыртқы жағдайлар мен трендтерді білдіреді. Бұл жаңа нарықтарға шығу, технологиялық жаңалықтарды енгізу, тұтынушылардың жаңа сұраныстарына бейімделу немесе сыртқы серіктестіктермен байланыс орнату мүмкіндіктері болуы мүмкін. Мүмкіндіктерді анықтау ұйымның болашақта табысқа жету жолдарын ашады.

4. Қауіптер (Threats). Қауіптер — бұл ұйымның сыртқы ортадан келетін қауіптер мен қиындықтарды білдіреді. Олар нарықтағы бәсекелестіктің күшеюі, экономикалық дағдарыс, заңнамалық өзгерістер, жаңа технологиялардың пайда болуы немесе

тұтынушылардың сұранысының өзгеруі болуы мүмкін. Қауіптерді алдын ала болжап, оларға қарсы шаралар қабылдау ұйымның тұрақтылығын сақтауға көмектеседі.

**Қазақстандағы мысал:**

"Алматы Нан" компаниясы SWOT талдауы арқылы бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында өзінің күшті жақтарын атап өтті, олар – өнім сапасы мен кең тарату жүйесі. Әлсіз жақтары ретінде компания шикізат бағасының өсуін және нарықтағы жоғары бәсекелестікті атады. Сонымен қатар, компания нарықтағы мүмкіндіктерді – өнім түрлерін кеңейтуді және халықаралық нарыққа шығуды көреді.

1-кесте. SWOT талдауы - "Алматы Нан" компаниясы

Факторлар	Мүмкіндіктер	Қауіптер
<b>Күшті жақтар</b>	Тұрақты сапа, үлкен өндірістік қуаттылық	Бәсекелестердің артуы
<b>Әлсіз жақтар</b>	Жоғары шикізат бағасы, қымбат жабдықтар	Экономикалық дағдарыс, импорттық бәсекелестік

PEST талдауы- PEST талдауы сыртқы ортаның өзгерістерін бақылау үшін қажет. Бұл әдіс саяси, экономикалық, әлеуметтік және технологиялық факторларды зерттеуге негізделеді. Қазақстанда PEST талдауы арқылы компаниялар сыртқы ортадағы өзгерістерге бейімделе алады. Қазақстандағы мысал:"ҚазМұнайГаз" компаниясы PEST талдауын пайдалана отырып, экологиялық саясаттың қатаңдауын және мұнай-газ секторындағы жаңа технологиялардың енгізілуін ескере отырып, болашақтағы стратегиялық жоспарларын анықтады. Сонымен қатар, экономикалық факторлар мен халықаралық нарықтағы өзгерістер де компанияның стратегиясын қалыптастыруда басты рөл атқарады. Нарық сегменттеу-Нарық сегменттеу компанияға мақсатты аудиторияны тиімді таңдау мен олар үшін арнайы ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді. Қазақстан нарығында нарық сегменттерін дұрыс анықтау маңызды, себебі әр сегменттің қажеттіліктері мен мінез-құлқы әртүрлі. **Қазақстандағы мысал:"Хоум Кредит Банк"** компаниясы өзінің маркетингтік стратегиясында нарықты бірнеше сегментке бөлді. Жастарға арналған микрокредиттер мен зейнеткерлер үшін арнайы ұсыныстар жасау арқылы банк өз өнімдерінің сұранысын арттырды.

2-кесте. Нарық сегменттері - "Хоум Кредит Банк"

Сегмент	Сипаттамасы	Стратегиялар
<b>Жастар</b>	Жаңа қызметтерге қызығушылық, қаржылық тұрақтылықтың болмауы	Микрокредиттер мен төмен пайыздық ставкалар
<b>Зейнеткерлер</b>	Тұрақты табыс, жоғары қауіпсіздікке ұмтылу	рзан несиелер, жеңілдіктер

**Операциялық бағдарламаны әзірлеу**

Операциялық бағдарлама кәсіпорынның стратегиялық мақсаттарына жету үшін нақты іс-шаралар мен ресурстарды тиімді пайдалану жоспарын ұсынады. Бұл кезеңде барлық әрекеттердің орындалу мерзімі, қажетті ресурстар және жауапты тұлғалар анықталады.Маркетингтік микс (4P)– бұл өнім, баға, тарату және жарнама элементтерін тиімді үйлестірудің жолы. Қазақстанда бұл элементтердің әрқайсысын дұрыс пайдалану маркетингтік стратегияның негізі болып табылады. Қазақстандағы мысал:"Ляля" косметикалық брендті өзінің маркетингтік стратегиясында өнім сапасына баса назар аударып, арнайы жеңілдіктер мен жарнама акцияларын қолданды. Бұл тәсіл компанияға өз өнімдерін нарыққа танытуға мүмкіндік берді.

3-кесте. Маркетингтік микс элементтері - "Ляля" косметикасы

Элемент	Мақсаты	Құралдары
Өнім	Жаңа косметикалық өнімдер шығару	Өнім сапасын бақылау, жаңа технологиялар енгізу
Баға	Бағаны тиімді орнату	Акциялар, жеңілдіктер
Тарату	Өнімді кеңінен тарату	Интернет арқылы сату, дүкендер желісі
Жарнама	Брендтің танымалдылығын арттыру	Әлеуметтік желілерде жарнама

Ресурстарды басқару — бұл ресурстарды тиімді және ұтымды пайдалану мақсатында жоспарлау, ұйымдастыру, бөлу және бақылау жүйелі процесі. Әр салада, экономика, өндіріс, ауыл шаруашылығы немесе мемлекеттік басқару сияқты кез келген салада ресурстарды басқару жұмыс нәтижелерін жақсартуға, шығындарды азайтуға және пайда табуға бағытталған маңызды құрал болып табылады. Ресурстардың негізгі түрлері адам, қаржы, материалдық және ақпараттық ресурстар болып табылады, олардың әрқайсысы өзіне тән басқару тәсілдеріне мұқтаж. Ресурстарды басқару стратегиялары ұйымның ерекшеліктеріне қарай әр түрлі болуы мүмкін:

1. Ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру. Бұл стратегия шығындарды минимизациялау және қол жетімді ресурстарды барынша тиімді пайдалану мақсатында жүзеге асырылады. Мұнда ұйым ішіндегі барлық процестерді талдай отырып, тиімсіз әрекеттер анықталып, оларды жою жолдары қарастырылады.

2. Диверсификация. Бұл стратегия ресурстарды әртүрлі жобалар немесе салалар арасында таратуға бағытталған, бұл тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді. Мысалы, компания әртүрлі салаға инвестиция салып немесе бірнеше жеткізушіні пайдалануға кіріседі, бұл тұрақтылықты қамтамасыз етуге көмектеседі.

3. Жаңа технологиялар мен инновациялар. Жаңа технологиялар мен инновациялық шешімдерді енгізу арқылы процестерді жетілдіру және ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға болады. Қазіргі заманғы ақпараттық жүйелер көптеген процестерді автоматтандыруға мүмкіндік береді, бұл уақыт пен шығындарды азайтуға септігін тигізеді.

4. Тұрақты даму. Соңғы жылдары тұрақты даму қағидаттарына негізделген ресурстарды басқаруға ерекше назар аударылуда. Бұл ресурстарды ұтымды пайдалану, экологиялық және әлеуметтік аспектілерді ескере отырып басқару стратегияларын енгізуді білдіреді. Мұндай стратегиялар қалдықтарды азайту, қайта жаңартылатын ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаға теріс әсерді төмендетуді көздейді.

Жарнама мен PR компанияның имиджін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Қазақстан нарығында жарнамалық құралдарды қолдану брендіңізді көпшілікке танытуға көмектеседі. **Қазақстандағы мысал: "Казкоммерцбанк"** өз PR стратегиясында БАҚ арқылы және әлеуметтік желілерде тұрақты ақпараттық кампаниялар жүргізді. Бұл әрекеттер банкке өз өнімдерін тұтынушылар арасында танымал етуге мүмкіндік берді.

#### 4-кесте. Жарнама және PR стратегиялары - "Казкоммерцбанк"

Стратегиялар	Мақсаттар	Қолданылатын құралдар
<b>Жарнама стратегиялары</b>		
Автосалон покупает два автомобиля:

Машина А: Себестоимость 2 000 000 тг .

Машина В: Себестоимость 2 500 000 тг.

При продаже автомобиля В за 3 000 000 тг:

Себестоимость будет указана как 2 500 000 тг.

Прибыль составит: 500 000 тг (3 000 000 - 2 500 000)

Основные задачи бухгалтерского учета товарных операций включают:

- отражение движения товаров: учет всех операций с товарными запасами, включая их покупку, хранение, продажу и списание.

- контроль за наличием и сохранностью товара: бухгалтер должен проверять наличие товара на складах, а также следить за их состоянием (например, по итогам инвентаризации).

- расчет налоговых обязательств: правильный расчет НДС и других налогов, возникающих при купле-продаже товаров, является важной частью учета.

- составление отчетности: бухгалтер должен формировать и сдавать финансовую отчетность, которая должна точно отражать результаты деятельности компании в разрезе товарных операций [4, с. 41].

Внутренний контроль товарных операций в торговых организациях имеет целью обеспечение надежности, достоверности и полноты учета, а также предотвращение ошибок и мошенничества. В условиях рыночной экономики, где конкуренция и риски увеличиваются, внимание к внутреннему контролю является одним из факторов, обеспечивающих успех бизнеса [4, с. 49].

Система внутреннего контроля должна быть комплексной и охватывать все стадии товарооборота: от закупки товара до его реализации и списания.

Основные элементы системы внутреннего контроля включают:

- документирование операций: каждое движение товара должно быть подтверждено соответствующими документами (накладными, актами приемки и сдачи товара, товарными чеками).

- инвентаризацию товарных запасов: регулярные проверки наличия товаров на складах и в торговых точках. Инвентаризации позволяют выявить недостачи и излишки, что помогает в дальнейшем совершенствовать учет [5, с. 57].

Одним из важных аспектов внутреннего контроля является проверка цен и условий закупок. Важно следить за тем, чтобы закупки товаров осуществлялись по рыночным ценам, и чтобы поставщики выполняли свои обязательства по доставке товаров в срок. Это требует наличия контрактов, согласованных с законодательством РК и внутренними нормативными актами компании [6, с. 50].

Анализ рисков является важной частью системы внутреннего контроля товарных операций. Это может включать:

Прогнозирование возможных потерь, связанных с порчей, кражей или нарушением условий поставок (таблица 1) [7].

Таблица 1 - Пример прогнозирования потерь

Месяц	Товарные потери (%)	Примечание
Январь	1,2%	Порча товара, ошибки учета
Февраль	1,1%	Кражи, недостачи
Март	1,0%	Кражи, порча

Апрель	1,3%	Ошибки учета, недостачи
Май	1,4%	Кражи, порча товара
Июнь	1,2%	Порча, недостачи
Примечание: Составлено автором для примера		

Для прогноза потерь на следующий месяц можно вычислить среднее значение процента потерь:

$$\text{Средний процент потерь} = (1,2 + 1,1 + 1,0 + 1,3 + 1,4 + 1,2) / 6 = 1,17\%$$

Прогнозирование потерь на следующий месяц будет составлять 1,17% от стоимости товарных запасов. Если организация ожидает, что на складе будет товаров на 50 млн тенге, то прогнозируемые потери составят:

$$\text{Прогнозируемые потери} = 50\,000\,000 \times 1,17\% = 58\,5000 \text{ тг.}$$

Применение различных инструментов для минимизации потерь, например, систем безопасности на складах или автоматизированных систем учета для предотвращения ошибок.

Внедрение современных информационных технологий значительно улучшает систему внутреннего контроля в торговых организациях. Программное обеспечение для автоматизации бухгалтерского учета, а также системы контроля товарных остатков позволяют значительно повысить точность и скорость обработки информации. Такие решения также помогают в мониторинге и управлении запасами в реальном времени.

В Республике Казахстан существует четко установленная правовая база, которая регулирует бухгалтерский учет и внутренний контроль в торговых организациях. Основные нормативно-правовые акты в данной области включают законы, подзаконные акты и стандарты бухгалтерского учета, которые определяют порядок ведения бухгалтерии, учета товарных операций и налогообложения [7].

Налоговый кодекс Республики Казахстан регулирует все вопросы, связанные с налогообложением товарных операций. Для торговых организаций это особенно важно, поскольку такие операции влекут за собой обязательства по уплате налогов на добавленную стоимость (НДС), акцизов и других налоговых сборов. Важно помнить, что торговые организации, осуществляющие операции с товарами, обязаны вести учет НДС, как при закупках, так и при продаже. Это требует точности при документировании всех товарных операций, чтобы избежать налоговых нарушений [8].

Акцизы: определенные виды товаров, такие как алкоголь, табак и топливо, облагаются акцизами. Учет таких товаров требует особого внимания к соблюдению требований налогового законодательства. Акцизы учитываются на счете 3140 «Акцизы».

Обязанности по налоговой отчетности: компании обязаны сдавать налоговую отчетность, которая должна включать информацию о всех товарных операциях, а также расчет налогов, которые должны быть уплачены в бюджет.

Этот закон регулирует правила ведения бухгалтерского учета в Казахстане. Он устанавливает требования к документированию товарных операций, а также к составлению финансовой отчетности, включая баланс, отчет о прибылях и убытках и другие обязательные документы. Важно, чтобы все товарные операции имели соответствующее документальное подтверждение, что позволяет избежать санкций со стороны налоговых органов.

Несоблюдение законодательства в области бухгалтерского учета и налогообложения может привести к серьезным последствиям. Это включает в себя штрафы, санкции и даже уголовное преследование в случае серьезных нарушений. Важно, чтобы торговые организации строго соблюдали требования законодательства для избежания налоговых и юридических рисков [8].

Таким образом, соблюдение законодательства и учет товарных операций в соответствии с законодательными требованиями Республики Казахстан является обязательным для всех торговых организаций.

Эффективный бухгалтерский учет и система внутреннего контроля товарных операций играют важную роль в деятельности торговых организаций Республики Казахстан. Эти процессы обеспечивают не только соответствие законодательным требованиям, но и высокую степень прозрачности и надежности бизнеса. В условиях быстро меняющихся экономических условий и высококонкурентной среды, внедрение эффективных методов учета и контроля становится важным фактором успешной деятельности компании.

Вместе с тем, для повышения эффективности учета и внутреннего контроля, торговые организации должны активно внедрять новейшие информационные технологии и стремиться к постоянному совершенствованию своих учетных систем и процедур.

### **СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:**

1. Закон Республики Казахстан «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности» № 234 – III от 28 февраля 2007 г. (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.09.2024 г.)//<https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1600000470>
2. Национальный стандарт финансовой отчетности: Приказ министра финансов Республики Казахстан № 50 от 31 января 2013 г. // <https://www.minfin.gov.kz/ru/pages/tset/ntf>
3. Кузнецова Т. В. Бухгалтерский учет в торговле. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2015. – 30-36 с.
4. Малков М. М. Бухгалтерский учет и налогообложение в торговле. - М.: Финансы и статистика, 2016. – 26, 41, 49 с.
5. Гринько А. В. Инвентаризация товарных запасов: теория и практика. - М.: Экономика, 2017. – 57 с.
6. Нурахметова Т.А. - **Роль внутреннего контроля в торговых организациях Казахстана, 2020. – 50 с.**
7. Закон Республики Казахстан «**Методические рекомендации по внутреннему контролю в торговых организациях**» 7 апреля 2023 года № 32251 // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300032251> .
8. Налоговый кодекс Республики Казахстан №120-VI от 25 декабря 2017 г. (с изменениями и дополнениями по состоянию на 09.09.2024 г.) //<https://adilet.zan.kz/rus/docs/K170000427> .

#### **Сведения об авторах:**

<sup>1</sup> Троянова Эльвина Сабировна – студентка 4 курса УиА-21-3р Каспийского общественного университета, e-mail: [troanovaelvina33@gmail.com](mailto:troanovaelvina33@gmail.com)

<sup>2</sup> Калиакпарова Гульнар Шаймардановна – научный руководитель, PhD, ассоциированный профессор, Каспийский общественный университет, email: [GK\\_2003@mail.ru](mailto:GK_2003@mail.ru)

#### **Авторлар туралы ақпарат:**

<sup>1</sup> Троянова Эльвина Сабировна – Каспий қоғамдық университетінің УИА-21-3р 4 курс студенті, e-mail: [troanovaelvina33@gmail.com](mailto:troanovaelvina33@gmail.com)

<sup>2</sup> Калиакпарова Гүлнәр Шаймарданқызы – ғылыми жетекші, PhD, доцент, Каспий қоғамдық университеті, email: [GK\\_2003@mail.ru](mailto:GK_2003@mail.ru)

#### **Information about the authors:**

<sup>1</sup> Troanova Elvina Sabirovna – 4th year student UiA-21-3r of the Caspian Public University, e-mail: [troanovaelvina33@gmail.com](mailto:troanovaelvina33@gmail.com)

<sup>1</sup> Kaliakparova Gulnar Shaimardanovna – scientific supervisor, Ph.D, Associate Professor, Caspian Public University, email: [GK\\_2003@mail.ru](mailto:GK_2003@mail.ru)

## КӘСІПОРЫННЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН БАСҚАРУ

Турегалиева А.Е.<sup>1</sup>, Бактиярова А.Ж.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Каспий Қоғамдық Университеті, Almaty, Republic of Kazakhstan

**Аңдатпа.** Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін басқару – қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында компанияның табысты жұмыс істеуі мен дамуы үшін маңызды бағыттардың бірі. Бұл тақырып кәсіпорынның бәсекелестер арасындағы позициясын нығайтуға бағытталған тиімді басқару стратегияларын әзірлеуді, енгізуді және бақылауды қарастырады. Мақалада кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін басқарудың негізгі құралдары ретінде стратегиялық жоспарлау, инновациялық шешімдерді енгізу, қызметкерлерді ынталандыру және тиімді маркетингтік стратегиялар талқыланады. Сонымен қатар, тұрақты даму принциптерін сақтау арқылы ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету мәселелері қозғалады.

**Кілт сөздер:** бәсеке, кәсіпорын, стратегия, инновация, нарықтық орта, бәсекеге қабілеттілік.

**Аннотация.** Управление конкурентоспособностью предприятия – одно из важнейших направлений для успешной деятельности и развития компании в условиях современной рыночной экономики. Эта тема рассматривает разработку, внедрение и контроль эффективных стратегий управления, направленных на укрепление позиций предприятия среди конкурентов. В статье обсуждаются основные инструменты управления конкурентоспособностью предприятия, такие как стратегическое планирование, внедрение инновационных решений, мотивация сотрудников и эффективные маркетинговые стратегии. Также затрагиваются вопросы обеспечения долгосрочной конкурентоспособности через соблюдение принципов устойчивого развития.

**Ключевые слова:** конкуренция, предприятие, стратегия, инновация, рыночная среда, конкурентоспособность.

**Summary.** Managing the Competitiveness of an Enterprise is one of the most important aspects for ensuring a company's successful operation and development in the modern market economy. This topic focuses on the development, implementation, and control of effective management strategies aimed at strengthening the enterprise's position among competitors. The article discusses the main tools for managing enterprise competitiveness, such as strategic planning, the implementation of innovative solutions, employee motivation, and effective marketing strategies. It also addresses the issue of ensuring long-term competitiveness through adherence to sustainable development principles.

**Keywords:** competition, enterprise, strategy, innovation, market environment, competitiveness

Қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі оның табысты жұмыс істеуінің негізгі факторы болып табылады. Бәсекеге қабілеттілік – кәсіпорынның нарықта бәсекелестермен салыстырғанда артықшылыққа ие болу және тұрақты даму мүмкіндігін қамтамасыз ету қабілеті. Бұл ұғым тек экономикалық көрсеткіштерді ғана емес, сонымен қатар сапа, инновация, баға, маркетинг, және тұтынушыларға бағдарланған тәсілдерді қамтитын кешенді түсінік болып табылады.

Бүгінгі таңда өз жұмысының тиімді нәтижелеріне қол жеткізу үшін кәсіпорындар үнемі өзгеріп отыратын жағдайларға бейімделуі қажет, бұл өз кезегінде кәсіпорынның



дамуы мен оның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың инновациялық тұжырымдамаларын әзірлеуді талап етеді. Бұл концепцияларды дамыту үшін бәсекеге қабілеттіліктің экономикалық категориясын, оның ерекшеліктері мен сипаттамаларын жан-жақты зерттеу қажет. Тауарлар мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің кешенді механизмі туралы қажетті теориялық және практикалық білімнің болмауы көбінесе бағаны белгілеуде елеулі қателіктерге әкеп соғады, бұл кейбір жағдайларда елеулі шығындарға, кейде кәсіпорындардың банкротқа ұшырауына әкеледі [1].

Қазақстандық кәсіпорындардың өнімдерінің ішкі нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі. Өте маңызды және дәл уақытында ел назарына ұсынылып отырған асқақ мақсат. Өйткені, әлемдегі барынша өрбіп, қанатын жайған жаһандану үрдісінен тыс ешбір мемлекет болмайды. Соның ішінде ашық әрі демократиялық қоғам құрып жатқан Қазақстан одан шеткері қалмайды. Демек, дүние жүзі мемлекеттерінің ішінде алатын орнымыз осы бәсекеге қабілеттілікке байланысты. Экономиканың даму қарқынын үдетіп, оны ұзақ уақыт ұстап тұру мүмкіндігі де осы бәсекеге қабілеттілікке байланысты.

Бәсекеге қабілеттілік осы нарықтағы ұқсас объектілермен салыстырғанда бәсекеге төтеп беру қабілетін айқындайды. «Басқару проблемалары жөніндегі Еуропалық форум» бәсекеге қабілеттілікке мынадай анықтама берді. Бәсекеге қабілеттілік дегеніміз – бұл фирмалардың өздеріне жасалып отырған жағдайларда олардың бәсекелестерінің тауарларымен салыстырғанда бағасы және бағадан тыс сипаттамалары бойынша тұтынушылар үшін тартымдырақ болатын тауарлар әзірлеу мен өткізудің нақты және әлеуетті мүмкіндігі. М. Эрлих және Дж. Хайн пікірлері бойынша бәсеке қабілеті – фирманың өз тауарын сату қабілеті.[2]

М.Портер кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігінің барлық факторларын бірнеше типтерге бөлуді ұсынады. Біріншіден, кәсіпорынның бәсеке қабілеттілік факторлары негізгі және дамыған болып бөлінеді. Негізгі факторлар – бұл табиғат ресурстары, елдің географиялық, климаттық жағдайы, біліксіз немесе жартылай білікті жұмыс күші. Дамыған факторлар – ақпарат алмасудың қазіргі заманғы инфрақұрылымы, жоғары білікті кадрлар, жоғары технологиялы өндірісті қолдану. Екіншіден, мамандану дәрежесіне байланысты жалпы және мамандандырылған болып бөлінеді. Жалпы факторлаға инфрақұрылым, жоғары білімді персонал жатқызылса, мамандандырылған факторларға тар мамандандырылған персонал, айрықша инфрақұрылым жатады. Үшіншіден, бәсеке қабілеттілік факторларын табиғи (табиғи ресурстар, географиялық жағдай) және жасанды құрылған (техника, технологиялық, экономикалық орта және т.б.) деп бөлуге болады. Төртіншіден, ішкі және сыртқы факторлар болып бөлінеді Соның ішінде ішкі факторларға: қызметкерлердің біліктілігі мен мотивациясы, өндіріс процесінің тиімділігі, қаржылық тұрақтылық және ресурстарды басқару жатады. Ал сыртқы факторларға келетін болсақ, оған: нарықтық орта, тұтынушылардың сұранысы, бәсекелестердің іс-әрекеті, экономикалық және заңнамалық жағдайларды жатқызуға болады.

Жалпы кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің негізгі элементтері қандай? Ол элементтер кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін дамытуға қандай үлес қоса алады?

1. Өнімнің сапасы. Сапа – тұтынушының қажеттілігін қанағаттандыратын негізгі көрсеткіш. Жоғары сапалы өнім тұтынушылар арасында сенімділік пен тұрақты сұраныс қалыптастырады. Сонымен қатар, тұтынушылар барынша сапалы өнімді таңдауға тырысады.

2. Баға. Тұтынушылар үшін баға мен сапаның арасындағы тепе-теңдік маңызды. Тиімді баға саясаты компанияның бәсекелестік артықшылықтарын нығайтуға көмектеседі. Баға тұтынушыларға қолайлы болған сайын, тұтынушылар тұрақты болады.

3. Инновация. Жаңа технологияларды енгізу және қызмет түрлерін жаңарту компанияның нарықтағы икемділігін арттырады және жаңа тұтынушыларды тартады. Себебі, жаңа нәрсе үнемі тұтынушылардың қызығушылығын арттырады.

4. Маркетингтік стратегиялар. Нарықты зерттеу, тиімді жарнама және тұтынушылармен белсенді байланыс – компанияның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. Жарнамалар, жеңілдіктер- тұтынушыларды тартатын магнит.

5. Тұтынушыларға бағдарлану. Клиенттердің қажеттіліктерін түсініп, олардың қанағаттануын қамтамасыз ету ұзақ мерзімді бәсекелік артықшылық береді.

Міне, осы элементтерді ескерген кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі одан ары арта түседі деп ойлаймын.

Осы орайда кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін бағалауға арналған бірнеше әдістерді айта кеткім келіп отыр. Олардың көшбасшысы-SWOT талдау әдісі. Кәсіпорынның күшті және әлсіз жақтарын, оның мүмкіндіктері мен қауіптерін бақылау арқылы бәсекеге қабілеттілікті бағалауға болады. Одан кейінгі тиімді әдіс ретінде - Бенчмаркинг әдісі. Бенчмаркинг – бұл ұйымның өз қызметін жақсарту мақсатында саланың немесе нарықтағы үздік компаниялардың тәжірибесін зерттеп, сол тәжірибені өз жұмысында қолдану әдісі. Бұл әдіс бәсекеге қабілеттілікті арттыруға, өнім сапасын жақсартуға және бизнес-процестерді тиімді етуге бағытталған. Кәсіпорын осы екі әдіспен тоқталып қана қоймай, финанстық көрсеткіштерді талдай білгені жөн. Соның ішінде: рентабельділік, өтімділік және қаржылық тұрақтылық деңгейлерін бағалау. Нарықтық позицияны таллау туралы да ұмытпаған дұрыс. Нарықтағы үлесті, клиенттердің қанағаттануын, және брендтің беделін зерттеу орасан зор көмек көрсетеді.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі мәселесін толығырақ бағалау үшін оның критерийлері (өлшемдері) мен көрсеткіштеріне баға беру керек. Критерийлердің келесі түрлерін бөліп көрсетуге болады:

Бірінші критерий - кәсіпорынның өндірістік қызметінің тиімділігі. Осы критерий бойынша кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін бағалау мынандай көрсеткіштер тобын қарастырады: өндірістік үрдістерді басқару тиімділігі; өндірістік шығындардың үнемділігі; негізгі еңбекті ұйымдастыру; өнімді өндіру; технологияның жетілгендігі.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің екінші критерийі – кәсіпорынның қаржылық жағдайы, яғни: мүлктік жағдайды бағалау; кәсіпорынның өтімділік және қабілеттілік көрсеткіштері; қаржы тұрақтылығы көрсеткіштері; іскерлік-белсенділік көрсеткіштері; кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтиже көрсеткіштері.

Үшінші критерийіне тауар қозғалысы мен өткізуді ұйымдастырудың тиімділігі жатады. Бұл критерий келесі көрсеткіштермен сипатталады: дайын өнімнің жиналып қалу коэффициенті; сату рентабельділігі; өндірістік қуаттарды жіктеу коэффициенті; жарамдылықтың тиімділігі [3].

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілік стратегиясы кәсіпорынның алдына қойған мақсаттарына байланысты: сатып алу, өткізу, зерттеу және т.б., олар әдетте кәсіпорын қызметінің негізгі бағыттарымен сәйкес келеді. Мақсаттарды тұжырымдау, ең алдымен, компания ішіндегі нақты жағдайға сәйкес болуы керек. Сондықтан кәсіпорынның күшті және әлсіз жақтарын талдау қажет. Күшті жақтарына мыналар жатады: кәсіпорынның қаржылық жағдайы, оның жылдық табысы, персоналдың біліктілігі, технологиялық құрамдас бөлігі, техникалық жабдықталуы, брендті тану және т.б. Әлсіз жақтары мыналарды қамтуы мүмкін: нашар еңбек жағдайлары, жоғары өндіріс шығындары, ескірген жабдық, тұрақсыз тарату арналары [4].

Бұл жағдайда SWOT талдау тұжырымдамасы пайда болады, ол қолдануға оңай және компанияның барлық мүмкіндіктерін анық көрсетеді.

Жоғарыда айтылғандарды бағалап, салыстыра отырып, компания әлемдік нарықтағы сыртқы ортаны зерттеуге кіріседі, атап айтқанда, ол өз мақсаттарына жету үшін қандай мүмкіндіктерді пайдаланады және бар проблемаларды жою үшін нені пайдалануға болады; компанияның өз мақсаттарына жетуіне кедергі болатын қауіптер қарастырылады. [5]

Бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етудің теориялық тәсілдерін зерделеу барысында белгілі бір нарықтық жағдайда стратегияларды пайдалану, артықшылықтар

мен стратегияларды есепке ала отырып, кейбір қолданыстағы стратегияларға талдау жасалды, тауарлар мен қызметтерді өткізудегі бәсекелестік дәрежесіне әсер ететін факторлар анықталды [6].

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін басқару – бұл компанияның нарықтағы тұрақтылығын қамтамасыз ету, тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру және ұзақ мерзімді табыстылықты қамтамасыз ететін стратегиялық үдеріс. Бұл басқару жүйесі тек қана өнім сапасын арттыру немесе шығындарды азайтумен шектелмейді, ол кәсіпорынның барлық деңгейіндегі кешенді және жүйелі өзгерістерді талап етеді.

Бәсекеге қабілеттілікті басқару үшін кәсіпорын келесі маңызды қадамдарды жүзеге асыруы керек: стратегиялық жоспарлау, инновациялар енгізу, маркетинг пен брендті дамыту, ресурстарды тиімді пайдалану, қызметкерлердің әлеуетін дамыту.

Кәсіпорын нарықтағы өз позициясын айқындап, қысқа және ұзақ мерзімді мақсаттарды, жоспарларды айқындауы керек. Осы сәтте инновация туралы ұмытпаған дұрыс. Әр түрлі жаңа технологиялар мен жаңа өнімдерді ұсыну арқылы нарықта ерекшеленіп, өз орынын таба алады. Клиенттермен сенімді байланыс орнатып, кәсіпорынның оң имиджін қалыптастырған абзал. Алайда, тәуекелдер мен шығындарды ескерген жөн. Шығындарды азайту және өндіріс процестерін оңтайландыру арқылы бәсекелестік артықшылықтар жасалуы, кәсіпорынның бәсекеге қабілетін арттырады. Кәсіпорынға ең қажетті ресурс- адам ресурсы. Кәсіпорынның кадрлық базасын нығайтып, оларға қажетті дағдылар мен білім беру, әр түрлі семинарлар мен тренингтер өткізу, персоналдарды ынталандыру жұмыстың өнімділігін арттырады.

Компанияның бәсекеге қабілеттілігін басқару оның тұрақты дамуын, нарықтағы үлесін көбейтуді және тұтынушылардың сенімін нығайтуды қамтамасыз етеді. Бұл процесс тиімділікке, икемділікке және инновацияларға негізделген ұзақ мерзімді стратегияны талап етеді. Қорытындылай келе, кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін басқару – бұл үздіксіз жақсарту, өзгерістерге бейімделу және нарық қажеттіліктеріне икемді әрекет ету процесі. Заманауи бизнес ортада бәсекеге қабілеттілікті сақтай алған кәсіпорын ғана өз саласында ұзақ мерзімді табысқа қол жеткізе алады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Шелудько Е.Б. Конкурентоспособность предприятия: сущность, факторы и принципы. -2017.-240 с.
2. Егорова Л.С., Макарычев А.А. Управление конкурентоспособностью предприятия. -2012.-320 с.
3. Шумилина В.Е, Кожемякина Ю.С., Тан Чжень Стратегия конкурентоспособности предприятия как основной фактор его развития на внешнем рынке и источники её построения. - М.: Издательство «КНОРУС»,2019.-192с
4. Макронос А.Г., Маврина И.Н. Конкуренция и конкурентоспособность. - М.: Издательство «ЮНИТИ-ДАНА», 2011. - 256 с.
5. Пенькова И.В., Рюмина П.А. Стратегии конкурентоспособности: теоретические подходы. - М.: Издательство «ИНФРА-М», 2016. - 224 с.

### Авторлар туралы мәліметтер

\*Турегалиева Айслу Ерлановна - Каспий Қоғамдық Университетінің 4 курс студенті, e-mail:turegalievaajslu@mail.ru

\*\*Бактиярова Альфия Жалеловна- э.ғ.м,аға оқытушы,Каспий Қоғамдық Университеті,e-mail:alasha\_80@mail.ru



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Утеулиева М.А.<sup>1</sup>, Тураров Д.Р.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Каспий қоғамдық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа.** Ұсынылған мақалада мемлекеттік институттар мен қоғамдық ұйымдардың өзара іс-қимылына баса назар аудара отырып, ҚР-да азаматтық қоғамды дамытудың негізгі мәселелері қарастырылады. Құқықтық қолдаудың жеткіліксіздігі және саяси кедергілер сияқты шектеуші факторлар талданады. Азаматтық қоғаммен тиімді өзара іс-қимыл жасау үшін жағдайларды қалыптастырудағы мемлекеттік қызметтің рөліне ерекше назар аударылды. Мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайту үшін мемлекеттік құрылымдар мен азаматтық ұйымдар арасындағы іс-қимылды жақсарту бойынша шаралар ұсынылады.

**Түйін сөздер:** азаматтық қоғам, саяси ұйымдар, мемлекеттік қызмет, басқару, қоғамдық ұйымдар, демократия, құқықтар мен бостандықтар.

## ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Утеулиева М.А.<sup>1</sup>, Тураров Д.Р.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Каспийский Общественный Университет, г. Алматы, Республика Казахстан

**Аннотация.** В представленной статье рассматриваются основные вопросы развития гражданского общества в РК с акцентом на взаимодействие государственных институтов и общественных организаций. Проанализированы факторы, ограничивающие активность гражданских объединений, такие как недостаточная правовая поддержка и политические барьеры. Особое внимание было уделено роли государственной службы в формировании условий для эффективного взаимодействия с гражданским обществом. Для укрепления доверия между государством и обществом будут предложены меры по улучшению взаимодействия между государственными структурами и гражданскими организациями.

**Ключевые слова:** гражданское общество, политические организации, государственная служба, управление, общественные организации, демократия, права и свободы.

## PROBLEMS OF CIVIL SOCIETY DEVELOPMENT IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Uteulieva M.A.<sup>1</sup>, Turarov D.R.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Caspian Public University, Almaty, Republic of Kazakhstan

**Summary.** This article considers the main issues of civil society development in the Republic of Kazakhstan with a focus on the interaction between state institutions and public organisations. Factors limiting the activity of civil associations, such as insufficient legal support and political barriers, have been analysed and substantiated. Special attention was paid to the role and methods of public service in forming conditions for effective interaction with civil society. Measures to improve interaction between state structures and civil organisations will be proposed to build trust between the state and society.

**Keywords:** civil society, political organisations, civil service, governance, public organisations, democracy, rights and freedoms.

Азаматтық қоғамның дамуы кез келген елдегі демократиялық процестердің ажырамас бөлігі болып табылады және Қазақстан Республикасы үшін де ерекшелік болып табылмайды. Жаһандану және әлеуметтік өзгерістер жағдайында мемлекеттің азаматтармен тиімді өзара іс-қимылы, сондай-ақ қоғамның саяси және әлеуметтік өмірге белсенді қатысуы үшін жағдай жасау мәселелері ерекше маңызға ие болады. Бұл процестер үшін мемлекеттік қызмет пен басқару органдарының рөлі ерекше маңызға ие. Демократия, ашықтық және биліктің есеп беру деңгейі мемлекеттік институттардың азаматтық бірлестіктермен өзара іс-қимыл сапасына байланысты. Мемлекеттік тетіктерді жетілдіру және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру билік пен халық арасындағы сенімді нығайту үшін мүмкіндіктер туғыза отырып, азаматтық қоғамның дамуына тікелей әсер етеді. Осыған байланысты мемлекеттік қызмет пен басқару контекстіндегі азаматтық қоғам мәселелерін зерттеу ағымдағы қиындықтарды түсінудің және оларды жеңу бойынша ұсыныстар әзірлеудің маңызды аспектісіне айналады.

*Азаматтық қоғам* – бұл қоғамның өзегі. Оның келесідей мақсат-міндеттері бар: халықтың барлық әлеуметтік таптарының әл-ауқатын қамтамасыз ету, азаматтардың өмір сүру деңгейін көтеруге ықпал етуші жағдайды жасау, жеке тұлғалардың шығармашылық, саяси қабілеттерін ашуға мүмкіндік беретін орта қалыптастыру, қажеттіліктерін қанағаттандыруға жағдай жасау.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабына сәйкес, «Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады», демек, кез келген демократиялық-құқықтық мемлекеттегі азаматтардың әлеуетін айқындайтын институт – азаматтық қоғам [1].

Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғам құқықтық қамтамасыз ету және әлеуметтік тұрақтылық саласындағы елеулі табыстарға қарамастан, әлі күнге дейін қалыптасу және даму сатысында тұр. Посткеңестік кезеңде, 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан бастап, елдің азаматтық қоғамы авторитарлық жүйенің мұрасына, демократиялық институттардың тапшылығына және әлсіз институционалдық инфрақұрылымға байланысты бірқатар тегеуріндерге тап болды.

Азаматтық қоғам – жалпы әлеуметтік, экономикалық, мәдени-рухани қоғамдық қатынастардың нәтижесінде мемлекеттік құрылымнан бөлек қалыптасатын институт. Яғни, біздің түсінігімізде, ол – мемлекеттен дербес, ашық, мемлекеттік басқару құрылымдарына тәуелді емес қоғам. Жоғарыда атап көрсеткендей, еліміздегі азаматтық қоғамды қалыптастырып, оның дамуына іргетас болатын алғышарт – Қазақстан Республикасының Конституциясы. Себебі, биліктің бірден-бір бастауын «халық» деп таниды (3-бап), ҚР аумағында идеологиялық және саяси әр-алуандылық танылады (5-бап), қоғамдық бірлестіктерді заң алдында бірдей деп таниды (5-бап), мемлекеттік және жеке меншік бірдей танылып, қорғалады (6-бап) және сол секілді азаматтық қоғамның іргетасын қалаушы өзге де нормативтер көзделген. Жалпылама, азаматтық қоғам – әлеуметтік, экономикалық, ақпараттық, саяси, мәдени-рухани жүйелердің бірізділігінің көрінісі дей аламыз.

Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңдерінде Қазақстандағы азаматтық қоғам саяси және құқықтық институттар жаңа жағдайларға бейімделе бастаған жағдайда дамыды. 1990 жылдары үкіметтік емес ұйымдар, адам құқықтары қорғайтын қоғамдық ұйымдар мен экологиялық топтар сияқты азаматтық институттарды құру процесі мемлекеттік реттеумен және биліктің қатаң бақылауымен шектелді. 2000 жылдардан бастап саяси тәуелсіздіктің нығаюымен және сыртқы экономикалық жағдайлардың жақсаруымен азаматтық қоғам жұмыс істеуге кең мүмкіндіктер ала бастады.

Ең алдымен, ел тарихындағы азаматтық қоғамның даму жолына көз жүгіртейік. 1995 жылы қолданыстағы Конституциямыз қабылданғаннан кейін бірқатар аталмыш қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілер қабылданған болатын.

Мысалы, 1996 жылдың 31 мамырында «Қоғамдық бірлестіктер туралы» ҚР Заңы қабылданып, азаматтардың Конституциямен белгілеген қоғам мүдделеріне сай болатын бірлесу бостандығына деген құқықты жүзеге асыруды заңдастырып берді [2]. Ал 2002 жылдың 15 шілдесінде «Саяси партиялар туралы» ҚР заңы қабылданған еді. Аталмыш заңға сәйкес, «Азаматтардың, әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін мемлекеттік биліктің өкілді және атқарушы, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында білдіру және оларды қалыптастыру ісіне қатысу мақсатында олардың саяси еркін білдіретін Қазақстан Республикасы азаматтарының ерікті бірлестігі саяси партия деп танылады» деп көрсетілген [3]. Міне, осылайша мемлекетіміздегі азаматтық қоғамның қалыптасу процесі жүзеге асып бастаған болатын.

1990 жылдардың аяғынан бастап Қазақстанда азаматтық қоғам институттарының неғұрлым белсенді дамуы басталады. Осы кезеңде үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер, мәдени және құқық қорғау топтары санының өсуі, сондай-ақ адам құқықтарының халықаралық стандарттарының кеңінен қабылдануы байқалады. 1997 жылы "Үкіметтік емес ұйымдар туралы" ҚР Бірінші Заңы қабылданды, ол азаматтық қоғам ұйымдарының жұмыс істеуі үшін құқықтық негізді ресми түрде мойындады және бекітті. Осы кезеңде Қазақстанда халықаралық үкіметтік емес ұйымдар белсенді жұмыс істей бастайды, Жергілікті Қоғамдық қозғалыстар мен қауымдастықтар құрылуда.

Жалпы «азаматтық қоғам» ұғымы деп нені, қандай қатынастарды қарастырамыз? Қазақстан Республикасының азаматтық қоғамы мемлекеттік бақылауға тәуелсіз жұмыс істейтін, алайда саяси, әлеуметтік және экономикалық тұрақтылықты қалыптастыру мақсатында онымен өзара іс-қимыл жасайтын түрлі институттардың, ұйымдардың және әлеуметтік өзара іс-қимылдардың жиынтығы болып табылады. Азаматтық қоғамның негізгі элементтері:

1) *Коммерциялық емес ұйымдар*. Азаматтық қоғамның маңызды құрамдас бөліктері коммерциялық емес ұйымдар, соның ішінде қоғамдық бірлестіктер, қорлар, қауымдастықтар және азаматтарды ұйымдастырудың басқа түрлері болып табылады. Қазақстандағы аталмыш ұйымдар азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауда, әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруда, сондай-ақ денсаулық сақтау, білім беру, экология және адам құқықтары саласындағы түрлі бастамаларды қолдауда шешуші рөл атқарады.

2) *Бұқаралық ақпарат құралдары*. БАҚ азаматтық қоғамның маңызды институты болып табылады, өйткені олар жұртшылықты хабардар етіп қана қоймай, қоғамдық пікірді қалыптастыруға, өзекті мәселелерді талқылауға, сондай-ақ мемлекеттік органдардың қызметін бақылауға ықпал етеді.

3) *Саяси партиялар мен қозғалыстар*. Саяси партиялар саяси өмірді ұйымдастыруда, бағдарламаларды ілгерілетуде және азаматтардың мүдделерін білдіруде маңызды рөл атқарады. Қазақстанда құқықтық өріс шеңберінде әрекет ететін және сайлауға қатысатын бірнеше саяси партиялар тіркелген, алайда саяси спектр шектеулі болып қала береді, бұл елдің саяси жүйесінің ерекшеліктеріне байланысты.

4) Азаматтық қоғамның маңызды құрамдас бөлігі *волонтерлік жобалар* мен әлеуметтік бастамаларға қатысуға дайын *жекелеген азаматтардың белсенділігі* болып табылады. Еріктілер ұйымдары мен бейресми топтар мұқтаж жандарға көмек көрсетуге, экологиялық мәселелерді шешуге, мәдени және білім беру іс-шараларын ұйымдастыруға белсенді қатысады.

5) Азаматтық қоғамның дамуында *білім және ғылым жүйесі* маңызды рөл атқарады. Университеттер, ғылыми мекемелер мен ғылыми орталықтар білікті мамандарды даярлауды қамтамасыз етіп қана қоймай, ғылыми зерттеулерге негізделген әлеуметтік және экономикалық бастамаларды әзірлеуге белсенді қатысады.

Елдің демократиялық институттарды нығайтуға, әлеуметтік әділеттілікті жақсартуға және адам құқықтарын қамтамасыз етуге ұмтылысын ескере отырып, Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту маңызды міндет болып

табылады. Азаматтық қоғам демократиялық жүйенің маңызды бөлігі бола отырып, қоғамдық пікірді қалыптастыруда, билік қызметін бақылауда және мемлекеттегі тұрақтылықты қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Азаматтық қоғамның толыққанды дамуы кешенді тәсілді және бірқатар проблемаларды жоюды талап ететінін атап өткен жөн.

Ендігі кезекте, азаматтық қоғамның жекелеген институттарына, олардың дамуына және дамуға кедергі болатын тегеуріндерді айқындайық.

Мемлекет басшысы *Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың* 2022 жылғы 16 наурыздағы *«Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы»* атты Қазақстан халқына Жолдауында «Бүкіл құзырет бір қолда болуына негізделген басқару жүйесі қазір өзінің тиімділігін жоғалтты. Бұл жүйе көзқарасы мен ұстанымы әрқилы азаматтық қоғамды ұйыстыра алмайды» деп атап өткен болатын. Бұл дегеніміз – орталықтандырылған биліктің күшеюі, жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдарының болмауы, саяси плюрализмнің болмауы, қоғамдық-коммерциялық емес ұйымдардың мемлекетпен байланысты болуы секілді әрекеттер дамыған «азаматтық қоғамды» құруға тікелей қарама-қайшылықтар [4].

Сонымен қатар, президентіміз Қ.Тоқаев аталмыш жолдауында саяси партиялардың рөлін айқындап, азаматтық қоғамның басты институттарының бірі ретінде таныды. Қазіргі таңда Қазақстанда 7 саяси партия ресми түрде тіркелген. Олар:

- 1) Amanat Партиясы;
- 2) «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы;
- 3) Қазақстан Халық партиясы;
- 4) «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы;
- 5) Адал саяси партиясы;
- 6) Жалпыұлттық социал-демократиялық партия;
- 7) Қазақстандық «Байтақ» Жасылдар партиясы.

Бірақ, бұл тұста ең басты проблема туындайды. Қазақстандағы азаматтық қоғам дамуының негізгі аспектілерінің бірі азаматтардың билік институттарына, оның ішінде *саяси партияларға* деген сенім деңгейі болып табылады. Елдегі саяси партияларға деген сенім жағдайы азаматтардың саяси процеске қатысу дәрежесіне және демократиялық институттардың дамуына айтарлықтай әсер етеді. 2022 жылғы ақпанда Қазақ стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ) жүргізген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелеріне сәйкес, Қазақстандағы саяси партиялар билік институттары арасында ең төмен сенім деңгейіне ие — небәрі 43,7%. Бұл көрсеткіш азаматтардың саяси партияларға қатысты терең проблемаларын көрсетеді, бұл елдегі азаматтық қоғам мен демократиялық процестердің жұмыс істеуі үшін өте маңызды [5].

Саяси партиялардың алуан түрлілігі мен көппартиялық жүйенің ресми қолдауына қарамастан, іс жүзінде Қазақстандағы саяси партиялар халық арасында олардың сенімін төмендететін бірқатар проблемаларға тап болады. Қазақстанда бір саяси күштің, билікті қолдайтын партияның үстемдігі нақты саяси бәсекелестікті дамыту үшін мүмкіндіктерді едәуір шектейтін жағдай тарихи түрде қалыптасты. Бұл елдегі көптеген саяси партиялардың, соның ішінде оппозициялық партиялардың сайлаушылардың дауыстары үшін еркін және тиімді бәсекеге түсе алмауынан көрінеді. Қазақстандағы көптеген саяси партиялар күнделікті саяси өмірде белсенді емес, азаматтарды тарту бойынша айтарлықтай жұмыс жүргізбейді, сондай-ақ партиялық процестерге мүшелер мен қолдаушыларды тарту жүйесін дамытпайды. Қазақстандағы көптеген саяси партиялар ірі бизнес-құрылымдармен және ықпал ету топтарымен байланысты, бұл клиентелизм жүйесін қалыптастырады, онда партиялық қызмет жалпы қоғамның мүдделерін іске асыруға емес, жекелеген топтардың немесе элиталардың сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған. Бұл азаматтардың партияларға деген сенімін әлсіретеді, өйткені олар оларды қоғамдық мәселелерді шешудің тетігі емес, жеке мақсаттарға жетудің саяси құралы ретінде қабылдай бастайды.



Азаматтық қоғамның келесі маңызды институттарының бірі – бұқаралық ақпарат құралдары. Жоғарыда атап көрсеткен Президент жолдауында бұл тақырып та тысқары қалмады. «Бұқаралық ақпарат құралдары бәсекеге қабілетті және еркін болуы керек. Бұл қағидат қазір кез-келген өркениетті ел үшін айрықша маңызды. Отандық ақпарат құралдарының Қазақстанда, өңірде және әлемде болып жатқан үдерістер туралы өз көзқарасы болуға тиіс. Журналистер өз еліне және азаматтарына шынайы жанашыр болуға тиіс. Бұқаралық ақпарат құралдары бекерден бекер "төртінші билік" атанбаса керек. Сол себепті сіздер жұрттың санасы мен сезіміне ықпал ету мәселесіне мұқият қарағандарыңыз жөн», - деп мемлекет басшысы халыққа жолдауында БАҚ мәселесін де көтерген болатын [4].

Жалпы бұқаралық ақпарат құралдары, масс-медиа саласындағы азаматтық қоғамдық қатынастарды 2024 жылғы 19 маусымда қабылданған «Масс-медиа туралы» ҚР заңы реттеуді жүзеге асырады [6].

Сонымен қатар, азаматтық қоғамның басты элементі – жергілікті өзін-өзі басқару органдары. Жергілікті өзін-өзі басқару Қазақстанның саяси жүйесінің маңызды бөлігі және азаматтардың өз өңірінің істерін басқаруға қатысуы үшін негіз болып табылады. Соңғы онжылдықтарда Қазақстанда жергілікті билік органдарының рөлін күшейтуге және азаматтармен өзара іс-қимылды жақсартуға бағытталған осы салада бірқатар өзгерістер байқалды. Жергілікті өзін-өзі басқару азаматтық белсенділікті арттыруға, қызмет көрсету сапасын жақсартуға және жергілікті жерлерде мәселелерді шешуге ықпал етеді және азаматтық қоғамды дамытудың маңызды элементі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің деректері бойынша елде ауылдық округтердің, аудандар мен қалалардың әкімдерін (басшыларын), сондай-ақ өкілді органдар –мәслихаттарды қоса алғанда, 2 400-ден аса жергілікті өзін-өзі басқару органдары жұмыс істейді. Мәслихаттар тікелей сайлау негізінде сайланатын сайланбалы депутаттардан тұрады. Жергілікті өзін-өзі басқару азаматтарға саяси өмірге қатысуға және олардың күнделікті өміріне қатысты шешімдерге тікелей әсер етуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда:

1) *Өмір сүру сапасын жақсарту*: жергілікті деңгейде қабылданған шешімдер аймақтың ерекшеліктерін және жергілікті халықтың қажеттіліктерін жақсы ескереді. Бұл денсаулық сақтау, білім беру, коммуналдық қызметтер және қалалық инфрақұрылым мәселелеріне қатысты.

2) *Ашықтықты арттыру*: жергілікті биліктің ашықтығы және азаматтардың шешім қабылдау процесіне қатысуы билікке деген сенім деңгейін арттыруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге ықпал етеді.

3) *Азаматтық жауапкершілікті дамыту*: жергілікті өзін-өзі басқару азаматтардың саяси процеске қатысуын күшейтеді, олардың сайлауда және басқару процесінде дауысының маңыздылығы туралы хабардарлығын арттырады.

Мемлекет басшысының 2022 жылғы **«Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы»** атты Қазақстан халқына Жолдауында жергілікті өзін-өзі басқару органдарын орталықсыздандыру мәселесі аталып өткен. Бұл тұста Қ.Тоқаев: «Билікті орталықсыздандыру үдерісін тереңдете түспесек, саяси жаңғыруды табысты жүргізу және азаматтық қоғамды дамыту мүмкін емес. Біз нақты өкілеттіктерді орталықтан өңірлерге беру ісін жалғастырамыз. Ең алдымен, мемлекет пен жергілікті өзін-өзі басқару институттарының міндеттерін тиімді ажырату қажет», - деп атап өткен еді [4].

2020 жылдың 27 тамызда ҚР Президенті «Қазақстан республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлық шығарған болатын. Ол Қ.Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауын іске асыру мақсатында, азаматтық қоғамды дамытуға жағдай жасау мәселелерін көтерген болатын. Аталмыш тұжырымдамада, әртүрлі әлеуметтік топтар мен индивидтердің қажеттіліктері мен мүдделері азаматтық қоғамның саяси партиялар мен қозғалыстар, жергілікті қоғамдастықтар, кәсіптік одақтар,

діни бірлестіктер, шығармашылық, қоғамдық және ғылыми одақтар мен бірлестіктер, бизнес ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары, сондай-ақ қоғам үшін көрсетілетін қызметтердің кең ауқымын іске асыратын қоғамдық бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдар сияқты институттары арқылы жүзеге асыратындығы пайымдалған [7].

Азаматтық белсенділік – қоғамның демократиялық құрылымының маңызды құрамдас бөлігі. Мемлекеттік органдар азаматтардың қоғамдық белсенділігін қолайлы құқықтық ортаны құру, өз қызметі туралы халықты тұрақты хабардар ету, азаматтар мен түрлі қоғамдық бірлестіктерді қабылданған шешімдерді жоспарлауға және орындауға тарту арқылы қолдайды.

«Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» және «100 нақты қадам» Ұлт жоспары да үкіметтік емес секторды «қайта іске қосудың» өзектілігін көрсетті, азаматтық қоғам институттарымен жұмыс істеу үшін жаңа тәсілдер мен платформаларды қалыптастыру қажеттілігін айқындады.

«Халықаралық тәжірибені талдау азаматтық қоғам ұғымының ортақ белгілерін көрсетеді және іс жүзінде жетекші халықаралық ұйымдардың анықтамаларынан айырмашылығы жоқ. Мысалы, Дүниежүзілік Банк қоғамдық өмірге қатысатын, өз мүшелерінің немесе өзге де адамдардың мүдделері мен құндылықтарын білдіретін үкіметтік емес және коммерциялық емес ұйымдардың немесе бұл ретте этикалық, мәдени, саяси, ғылыми, діни немесе филантропиялық пайымдауларды басшылыққа алатын өзге де адамдардың кең спектрін белгілеу үшін «азаматтық қоғам ұйымдары» терминін пайдаланады. Экономикалық Ынтымақтастық және Даму Ұйымы азаматтық қоғам ұйымдарына ұқсас анықтаманы береді: бұл «қоғам оның айналасында өз еркімен өзін-өзі ұйымдастыратын және мүдделер мен байланыстардың кең ауқымын білдіретін көптеген қауымдастықтар. Олар қоғамдық ұйымдарды, байырғы халықтардың ұйымдарын және үкіметтік емес ұйымдарды қамтуы мүмкін». Демократиялық процестер әлемдік практикада негізгі рөлі азаматтық қоғамға тиесілі мемлекеттік құрылыстың орнықты моделдерінің сипатына ие болады» деген ой-тұжырымдар жоғарыда атап көрсеткен Жарлық негізінде қабылданған болатын [7].

Мақаланы **қорытындылай отырып**, еліміздегі азаматтық қоғамның даму мәселелеріне, олардың дамуына кедергі болатын тегеуріндерге тоқталып, оларды шешу бойынша бірнеше ұсыныстар жасап өтсем. Азаматтық қоғамның толыққанды жұмыс істеу жолында мемлекеттік қызмет пен басқарумен тығыз байланысты түрлі проблемалар туындайды. Бұл проблемалар демократияландыру процесін қиындатып қана қоймай, мемлекеттік басқарудың тиімділігіне және биліктің қоғаммен өзара әрекеттесуіне әсер етеді.

